**Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, Ж.Е. Өтемісова**

# ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды дайындық тобы мен сыныбы педагогтеріне арналған**

## ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған*

Алматыкітап баспасы
2017

ӘОЖ 373.2
КБЖ 74.102
А 37

**Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Өтемісова Ж.Е.**

А 37 **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды дайындық тобы мен сыныбы педагогтеріне арналған әдістемелік нұсқау./ Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, Ж.Е. Өтемісова. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2017. – 167 бет.

ISBN 978-601-01-3061-6

ӘОЖ 373.2
КБЖ 74.102

ISBN 978-601-01-3061-6

©Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А., Ж.Е. Өтемісова, 2017
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2017

## Түсіндірме жазба

**«Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру»** оқу-әдістемелік кешені жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалған.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекіген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды.
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекіген*).
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекіген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

   ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

Бағдарламада қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰОҚ) мақсаттары мен міндеттері толық айқындалған.

Мақсаты:

-қарапайым логикалық-математикалық ұғымдарды қалыптастыру және зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

-ақиқатты танудың математикалық тәсілдерін таныстыру: санау, өлшеу, қарапайым есептеу;
-тапсырманы стандартты емес жолмен шешуге деген тапқырлығын, зеректігін, ұғымталдығын, ұмтылысын дамыту;
-ойлау әрекетінің тәсілдерімен таныстыру.

«Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» ҰОҚ-нің мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған.

Бөлімдер күтілетін нәтижелер: дағды, білім немесе ұғым түрінде берілген оқу мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әрбір бөлімше ішінде реттілікпен құрылған оқу мақсаттары педагогтерге жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларға оқудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

| Бөлім | Бөлімше |
|---|---|
| 1. Кеңістікте бағдарлау | 1.1.Заттардың кеңістікте орналасуы |
| 2. Сан және санау | 2.1. Заттарды санау |
| | 2.2. Жиын және логика элементтері |
| | 2.3. Тізбектер |
| | 2.4. Шамалар |
| 3. Геометриялық фигуралар | 3.1. Фигуралар мен денелер |
| | 3.2. Фигуралардың өзара орналасуы |
| 4. Математикалық модельдеу | 4.1. Математикалық тіл және математикалық модель |

Мектепке келетін сәтте балалар жиын және сандар, пішін және шама туралы өзара байланысты білімнің салыстырмалы түрде кең аясын меңгеруі, кеңістікті және уақытты бағдарлап үйренуі керек. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, дайындық тобының тәрбиеленушілерінің қиыншылығы әдетте абстрактілі білімді меңгеру, нақты заттармен, олардың бейнесімен жасалатын әрекеттерден сандармен және басқа да абстракт ұғымдармен жасалатын әрекеттерге өту қажеттілігімен байланысты. Мұндай деңгейге өту балада дамыған ақыл-ой өрісінің болуын талап етеді. Сондықтан мектепалды сыныпта балардың «тең», «көбірек», «азырақ», «бүтін және бөлік» сияқты кейбір маңызды математикалық байланыстарды, қатынастарды, тәуелділікті, шамалардың арасындағы тәуелділікті, өлшеу нәтижелерінің және т.б өлшем шамаларына тәуелділігін бағдарлай білу іскерлігін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Балалар түрлі математикалық байланыстар, қатынастар орнату тәсілдерін, мысалы, жиын элементтерінің арасында сәйкестік орнату, жиын элементтерін іс жүзінде бір-біріне келтіріп салыстыру, шамалардың қатынастарын анықтау үшін беттестіру, тұстастыру амалдарын пайдалану тәсілін игереді. Олар сандық қатынастарды анықтаудың ең дұрыс тәсілдері – заттарды санау және шамаларды өлшеу екенін түсіне бастайды. Оларда санау және өлшеу дағдылары берік әрі саналы түрде қалыптаса бастайды.

Маңызды математикалық байланыстар мен тәуелділіктерде бағдарлай білу және тиісті әрекеттерді меңгеру мектепке дейінгі балалардың көрнекі-бейнелі ойлау қабілетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді және олардың тұтастай ақыл-ой әрекетінің дамуына жағдай жасайды. Балалар ішінен санауға үйренеді, оларда көзбен өлшеу, пішінге, түске, мөлшерге, санға әрекет етудің шапшаңдығы дамиды.

Осы жаста ақыл-ой қабілетін, ойлау дербестігін, талдау, біріктіру, салыстыру сияқты ойлау операцияларын, ойын бөлу және жалпылау қабілетін, кеңістіктік қиялын дамытудың да маңызы аз емес.

Балалардың математикалық білімге тұрақты қызығушылығын, оны пайдалана білу және оны өз бетінше өмірде қолдана білуіне тәрбиелеу керек.

ОӘК кешеніне:

- №1, №2 әліппе-дәптер;
- үлестірмелі материалдар;
- интерактивті қосымша;
- әдістемелік нұсқау кіреді.

ОӘК-нің ерекшеліктері

Балалардың оқу әрекетіне қызығушылығын арттыру мақсатында авторлар өтпелі кейіпкерлер – ұл бала мен қыз баланы енгізді. Педагог оларға өзі есім бере алады. Біздің нұсқада бұл – Әлия және Сырым. Бұл тәсіл сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Педагог жағдай-тапсырмаларды ойнату тәсілін енгізеді, мұнда тапсырма кейіпкердің атынан беріледі немесе бала кейіпкерге түсіндірме береді. Әліппе-дәптердің сол жақ бетіндегі бірінші тапсырма жаңа тақырыпты суреттеуге көмектеседі. Біз ұсынып отырған №1 тапсырмалардың бүкіліне жуығын сыныпта/ топта балалардың қатысуымен модельдеуге болады. Сондықтан педагог балалардың іс-әрекетін тек әліппе-дәптерді қараумен шектемегені жөн. Екінші беттегі тапсырма жаңаны қолдануға, жиектеу дағдысын игеруге, қолды цифрларды жазуға дайындауға, логикалық, шығармашылық тапсырмаларды орындауға арналған. Барлық тапсырмалар әрекеттік сипатта екенін және баланың оны орындау процесіне белсенді қатысуын көздейтінін атап өткен жөн. Бұл – бояу, суретті толықтырып салу, біріктіру, жапсырмаларды жапсыру, жиектеу. Сондай-ақ «пішін, түс, көлем» деген белгілер көптеген тапсырмаларда жүреді. Шартты белгілердің бұл жүйесі балаларға тапсырманың мәнін оны оқымай-ақ анықтауға мүмкіндік береді, өйткені балалар әлі оқи алмайды.

Әрбір парақта өзінің іс-әрекетін рефлексиялау, өзіне баға беруге үйрету үшін сәттілік баспалдағы бар:

- Үлестірмелі материалдар кешенді толықтырады және педагогке тек қолда бар материалды ғана емес, қиып дайындаған құралдарды пайдалана отырып, ҰОҚ-не жылдам дайындалуға мүмкіндік жасайды.
- Интерактивті қосымша – интерактивті тақтаға арналған жиынтық полотнолар кешені. Сондай-ақ онда сан есімдерді есте сақтауға арналған өлеңдер және ҰОҚ-нің тұсаукесері бар. Тұсаукесерлер көп емес. Бұл ұғымдардың көрнекілігінің маңыздылығына қарамастан, осы жастағы балалардың материалды іс жүзінде әрекет жасаған кезде жақсы игеруіне байланысты.

Әдістемелік нұсқауда:

- ұзақмерзімді жоспарлау;
- қысқамерзімді жоспарлау;
- негізгі терминдер мен ұғымдар сөздігі берілген.

Көптілділік саясатын іске асыру – жаңартылған мазмұндағы күрделі мәселелердің бірі, сондықтан біз негізгі терминдер сөздігін келтіріп отырмыз, оны педагог мүмкіндігінше баланың лексикалық қорына енгізеді.

Жоспарлау ерекшеліктері

*Ұзақмерзімді жоспарлау* жаңартылған бағдарламаға сәйкес жасалған. Бөлімдер мен тақырыптардың бірізділігі сақталған. Әрбір ҰОҚ-де оқытудың бір-екі мақсаты таңдалған. Бұл педагогтің баланың жетістіктерін нормативтік бағалау үрдісін жеңілдетеді. Сондай-ақ жыл бойы өткен материалды үнемі қайталап отыру ұстанымы сақталған. Бұл мектепке дейінгі баланың қарапайым математикалық ұғымдарды берік меңгеруіне қажетті шарт болып табылады. Кейбір мақсаттарды жүзеге асыру үшін бір ҰОҚ-ті емес, ҰОҚ сериясы бөлінген. Материал жеңілден неғұрлым күрделіге көшу арқылы ашылады. Бағдарламаның соңғы бөлімін оқыған кезде «0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу» мақсаты тұтастай ҰОҚ сериясына қойылған. Бұл «4.1. Математикалық тіл және математикалық модель» бөлімінің нақты жағдайларды модельдеуге және оларды математикалық тілге аударуға арналған неғұрлым жоғарғы тәртіптегі тапсырмаларда алдыңғы бөлімдердің материалын жалпылауға мүмкіндік беруіне байланысты.

Ұзақмерзімді жоспарлауда *өтпелі тақырыптар* сақталған. Ұсынылған бірізділік бағдарламасында 8 лексикалық тақырып бар. Әр ҰОҚ-не 8 тақырыптың бірінің аясында тақырыпша берілген, ол математикалық тақырыпшамен бірге ҰОҚ-нің атауына шығарылған. Бұл педагогке балаларды тиісті лексиканы пайдалануға бағыттауға көмектеседі. Өтпелі тақырыптар біркелкі бөлінген, сондықтан математикалық және лексикалық бөлімдер синхронды түрде аяқталмайды. Бұл кейбір математикалық тақырыптарға неғұрлым көп уақыт бөлу керектігіне байланысты.

| **Мектепалды бағдарламасының 8 өтпелі тақырыбы:** |
|---|
| 1. Мен кіммін және қандаймын? |
| 2. Мектеп не үшін керек? |
| 3. Менің айналамда кімдер бар? |
| 4. Менің айналамды не қоршап тұр? |

| |
|---|
| 5. Жолдар бізді қайда бастайды? |
| 6. Салт-дәстүрді білу не үшін керек? |
| 7. Мен үшін не дәмді және пайдалы? |
| 8. Денсаулықты қалай күту керек? |

Осы нұсқаулықта келтірілген *қысқамерзімді жоспарлар* педагогті Әліппе-дәптерді және оның қосымшаларын (электронды және үлестірмелі материалдарды) пайдалануға бағыттайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰОҚ) ұсынылған түрі жеке тұлғаға бағдарланған, қызметтік тәсілдерді пайдалануды, оқытудың активті және интерактивті әдістерін қолдануды көздейді.

Қысқамерзімді жоспарлауда жұмыс түрлерін жүргізу ұсынылған: ұжымдық (Ұ), топтық (Т), жұптық (Ж), өзіндік (Ө).

Келтірілген жоспарларда *формативті бағалау* берілген. Бұл педагогтің әрбір нақты сыныпта (топта) бұл үрдісті балалардың жеке қасиеттерін ескере отырып құруына байланысты. Дегенмен, қысқамерзімді жоспарларда рефлексия және бағалау жөнінде кеңестер берілген.

## Ұзақмерзімді жоспарлау. І жартыжылдық

| Бөлім, бөлімше | ҰОҚ-нің тақырыбы, өтпелі тақырып | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| **1-бөлім. Кеңістікте бағдарлану** | **Мен кіммін және қандаймын?** | |
| 1.1.Заттардың кеңістікте орналасуы | 1. Танысу. Не қайда орналасқан? | 0.1.1.2. Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында. |
| | 2. Менің бөлмем. Қағаз бетінде бағдарлаймын. | 0.1.1.1.Қағаз бетінде бағдарлану, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттау. |
| | 3. Менің ойыншықтарым. Не қайда орналасқан? | 0.1.1.1.Қағаз бетінде бағдарлану, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттау.<br>0.1.1.2. Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында. |
| | 4. Менің аулам. Не қайда орналасқан? | 0.1.1.2.Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында. |
| | 5. Менің мерекем. Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырамын. | 0.1.1.3.Заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырып, көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табу, оларды өлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастыру. |
| | 6. Менің ойыншықтарым. Заттарды салыстырамын және ретімен қоямын. | 0.1.1.3. Заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырып, көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табу, оларды өлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастыру. |
| **2-бөлім. Сан және санау** | **Мектеп не үшін керек?** | |
| 2.1. Заттарды санау | 7. Анама көмектесемін. 5-ке дейін санаймын. | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| | 8. Айналамдағы заттарды санаймын.<br>1-ден 5-ке дейінгі сандар. | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |

| | | |
|---|---|---|
| | 9. Санап үйренемін.<br>1-ден 10-ға дейінгі сандар. | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| | 10. Айналамдағы заттарды санаймын. 10-ға дейінгі реттік санау. | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| | 11. Сурет салып үйренемін. «Нешеу?» және «Реті бойынша нешінші?» екенін анықтаймын. | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| | 12. Менің оқу құралдарым.<br>11-ден 20-ға дейінгі сандар. | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| | 13. Менің оқу құралдарым.<br>1-ден 20-ға дейінгі сандар. | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| | 14. Құрылысшы боламын. 20-ға дейін санап үйренемін. Алдыңғы. Кейінгі. | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| | 15. 20-ға дейін санап үйренемін.<br>Санау бойынша нешінші? Қанша? | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| | 16. Достарыммен бірге үйренемін. Артық. Кем. Сонша. | 0.2.1.3.Топтардағы заттарды алып тастап немесе қоса отырып, санын салыстыру /теңдік пен теңсіздікті анықтау, топтарды салыстыру және санау негізінде сандық мәнін жалпылау. |
| | **Менің айналамда кімдер бар?** | |
| | 17. Менің көршілерім. Артық. Кем. Сонша. | 0.2.1.3.Топтардағы заттарды алып тастап немесе қоса отырып, санын салыстыру /теңдік пен теңсіздікті анықтау, топтарды салыстыру және санау негізінде сандық мәнін жалпылау. |
| | 18. Қатарға тұрамыз. Алдыңғы. Кейінгі. | 0.2.1.4. Кез келген санды бір санға арттырса, одан кейінгі сан |

| | | |
|---|---|---|
| | | шығатынын түсіну.<br>0.2.1.5 Кез келген саннан бір санды кемітсе, одан бұрынғы (алдындағы) сан шығатынын түсіну. |
| | 19. Ынтымағы жарасқан отбасы. Алдыңғы. Кейінгі. | 0.2.1.4. Кез келген санды бір санға арттырса, одан кейінгі сан шығатынын түсіну.<br>0.2.1.5. Кез келген саннан бір санды кемітсе, одан бұрынғы (алдындағы) сан шығатынын түсіну. |
| 2.2 Жиын және логика элементтері | 20. Достарыммен ойнаймын. Заттардың қасиеттері. | 0.2.2.1.Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіру.<br>0.2.2.2.Жиын элементтерін атау. |
| | 21. Әжеме көмектесемін. Заттар жиыны. | 0.2.2.1.Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіру<br>0.2.2.2.Жиын элементтерін атау. |
| 2.3.Тізбектер | 22. Достарыммен ойнаймын. Заттарды жиынға біріктіру. | 0.2.2.1.Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіру.<br>0.2.2.2.Жиын элементтерін атау. |
| | 23. Анама көмектесемін. Фигуралар тізбегі. | 0.2.3.1.Түрлі жағдаяттардың/ фигуралардың /уақыттың (күн, апта, ай, жыл) тізбегін орнатып, жалғастыру. |
| | 24. Достарыммен жасаймын. Тізбек және заңдылық. | 0.2.3.2.1-ден 20-ға дейінгі сандардың реттік қатарында қалып қойған санды атау.<br>0.2.3.4.Заңдылықты талдап, қатені мұғалімнің көмегімен табу. |
| | **Менің айналамды не қоршап тұр?** | |
| | 25. Қай уақытта болады? Бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; таңертең, кешке, күндіз, түнде. | 0.2.3.1.Түрлі жағдаяттардың/ фигуралардың /уақыттың (күн, апта, ай, жыл) тізбегін орнатып, жалғастыру.<br>0.2.4.1.Уақыт туралы түсінікті білу: бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері. |
| | 26. Мен айналаны танып - білемін. Апта күндері. | 0.2.4.2.Аптадағы күндердің/жылдағы айлардың санын білу. |
| 2.4.Шамалар | 27. Маған ұнайтын жыл мезгілі. Оқиғаның ретін белгілеймін. | 0.2.3.1.Түрлі жағдаяттардың/ фигуралардың /уақыттың (күн, апта, ай, жыл) тізбегін орнатып, жалғастыру. |
| | 28. Ас атасы – нан. Ай атаулары, апта күндері, тәулік бөліктері. | 0.2.4.1.Уақыт туралы түсінікті білу: бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері.<br>0.2.4.2.Аптадағы күндердің/жылдағы айлардың санын білу. |

| | | |
|---|---|---|
| | 29. Біз өнім жинадық. Ұзындықты өлшеймін. | 0.2.4.3.Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойынша салыстыру. |
| | 30. Фермада.Заттарды ұзындығы бойынша салыстырамын. | 0.2.4.3.Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойынша салыстыру. |
| | 31. Фермада. Заттың салмағын анықтаймын. | 0.2.4.3.Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойынша салыстыру. |
| | 32. Табиғаттың сыйы. Заттарды салмағы бойынша салыстырамын. | 0.2.4.3.Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойынша салыстыру. |

## II жартыжылдық

| Бөлім, бөлімше | Сабақтың тақырыбы, өтпелі тақырып | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| **3-бөлім. Геометриялық фигуралар** | ***Жолдар бізді қайда бастайды?*** | |
| 3.1. Фигуралар мен денелер | 33. Мен жол саламын. Фигуралар мен заттардың пішінін атаймын. | 0.3.1.1. Геометриялық фигуралар (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратып, дұрыс атау. |
| | 34. Көліктер. Фигуралар мен заттардың пішінін атаймын. | 0.3.1.1. Геометриялық фигуралар (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратып, дұрыс атау. |
| | 35. Серуенге атпен шығамыз. Фигуралар мен заттардың пішінін білемін. | 0.3.1.1. Геометриялық фигуралар (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратып, дұрыс атау.<br>0.3.1.2. Фигураларды (шаршы, тік-төртбұрыш) екі қасиеті бойынша жіктеу. |
| | 36. Ұшақпен ұшамыз. Бүтінді және бөлікті салыстырамын. | 0.3.1.3. Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлу, бүтін мен бөлшектерді салыстыру. |
| | 37. Жол бойынан нені көруге болады? Бүтін және бөліктер | 0.3.1.3. Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлу, бүтін мен бөлшектерді салыстыру. |
| 3.2. Фигуралардың өзара орналасуы | 38. Астанаға саяхат. Бөліктерден фигура құрастырамын. | 0.3.2.1.Үлгі бойынша геометриялық фигураларды құрастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | 39. Атам мен әжемнің ауылына барамын. Бөліктерден фигура құрастырамын. | 0.3.2.1.Үлгі бойынша геометриялық фигураларды құрастыру. |
| | 40. Велосипед тебеміз. Фигураларды таңдаймын және құрастырамын. | 0.3.2.2.Объектілерді бірден бірнеше белгісіне сүйене отырып, үлгі бойынша таңдай алу.<br>0.3.1.2. Фигураларды (шаршы, тік-төртбұрыш) екі қасиеті бойынша жіктеу. |
| **4-бөлім. Математикалық модельдеу** | **Салт-дәстүрді білу не үшін керек?** | |

| | | |
|---|---|---|
| 1.1. Математикалық тіл және математикалық модельдеу | 41. Менің анам. Заттар тобын салыстырамын.<br>( =, >, <) белгілері | 0.4.1.2. Белгілерді тану ( =, >, <). |
| | 42. Менің достарым. Заттар тобын салыстырамын. | 0.4.1.2. Таңбаларды тану ( =, >, <). |
| | 43. Мен мектепке барамын. Қосамын және азайтамын. | 0.4.1.1. «+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан кеміту таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану. |
| | 44. Менің отбасым. Қосамын және азайтамын. | 0.4.1.1. «+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану. |
| | 45. Туған өлке табиғаты. Қосуды және азайтуды үйренемін. | 0.4.1.1. «+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану. |
| | 46. Менің елімнің мерекелері. Қосуды және азайтуды үйренемін. | 0.4.1.1. «+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану. |
| | 47. Жұмбақтар. Мысалдар шығарамын. Цифрларды бастырып жазамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 48. Туған өлкем. Мысалдар шығарамын. Цифрларды бастырып жазамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | **Мен үшін не дәмді және пайдалы?** | |
| | 49. Жемістер мен көгөністер. Мысалдар шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен |

| | | |
|---|---|---|
| | Цифрларды бастырып жазамын. | тапсырмаларды шешу. |
| | 50. Көгөністер жеймін. Мысалдар шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 51. Пайдалы азық-түлік. Цифрларды бастырып жазамын. Мысалдар шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 52. Ас атасы – нан. Цифрларды бастырып сызамын. Мысалдар шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 53. Сүт тағамдары. Мысалдар және есептер шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 54. Пайдалы азық-түлік. Мысалдар және есептер шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 55. Анаммен бірге тамақ әзірлеймін. Мысалдар шығарамын. Цифрларды бастырып сызамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 56. Мектептегі таңертеңгілік ас. Мысалдар және есептер шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | **Денсаулықты қалай күту керек?** | |
| | 57. Жаттығу жасаймыз. Есеп. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 58. Спорт. Есеп шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 59. Спорттық ойындар. Мысалдар мен есептерді шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 60. Таза ауадағы қимылды ойындар. Мысалдар және есептер шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 61. Дене шынықтыру сабағы. Мысалдар және есептер шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 62. Біз спортзалдамыз. Мысалдар және есептер шығарамын. | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| | 63. Серуен. Қорытындылау. | Материалды қорытындылау. |
| | 64. Гигиена. Менің қолымнан не келеді және нені білемін. | Баланың жетістіктерінің деңгейін анықтау. |

# Қысқамерзімді жоспарлау

<table>
<tr><td>№1 ҰОҚ. Тақырыбы: Танысу. Не қайда орналасқан?</td><td colspan="2">Мектеп/МҰ:</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td>Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td>0.1.1.2.Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында.</td></tr>
<tr><td rowspan="5">Күтілетін нәтижелер</td><td>Барлық тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td>-сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында деген сөздерді пайдалана отырып, кеңістікте фигуралар мен заттардың орналасуын сипаттайды.</td></tr>
<tr><td>Көптеген тәрбиеленушілер:<br>- орналасуы бойынша көрсетілген заттар мен фигураларды табады.</td></tr>
<tr><td></td></tr>
<tr><td>Кейбір тәрбиеленушілер:<br>-өз бетінше ойыншықтардың (мысалы мәшинелердің) қозғалыс бағдарларын түсіндіреді және педагогтің тапсырмасы бойынша оларды өзгертеді және сипаттайды.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсаттар</td><td>Дағдыларын дамыту:<br>-өзі сұрақ қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалана алады;<br>-заттардың кеңістікте орналасуы туралы өзі сөйлем құрастырады.<br>Пәндік лексика және терминология:<br>-сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында.<br>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:<br>... қайда орналасқанын айт?<br>Сурет бойынша ненің қайда орналасқанын түсіндіре аласыңдар ма?<br>Кеңістікте орналасуды сипаттауға саған қандай сөздер көмектескенін түсіндір.<br>Жазу: сол жақтағы, жоғарыдағы және т.с.с. заттарды боя, қорша.</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы білім</td><td>Заттардың кеңістікте орналасуы туралы білім және геометриялық фигуралар мен денелердің атауы.</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Жоспар</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td>Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Басталуы<br>0–5 минут</td><td>Ынталандыру.<br>ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша педагог «Қателеспе» ойынын ұсынады.<br>Педагог балаларға ойын өткізген кезде мұқият болып,</td><td>Ойынды сүйемелдеуге арналған көңілді әуендер.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | қателеспеуге және тапсырмаларды жылдам орындауға тырысу керек екенін хабарлайды.<br>Педагог балаларға оң қолын, содан кейін сол қолын жоғары көтеруді (қателескендерді түзетеді), содан кейін ретімен қолдарын төмен түсіруді ұсынады. Әрі қарай алға – артқа, оңға – солға бағыттарын меңгертеді. Содан соң балалар педагогтің нұсқауы бойынша музыкамен көрсетілген бағыттағы қозғалыстарды орындайды. Бұл «Буги-вуги» ойыны болуы мүмкін.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог:«Кім қателескен жоқ, неге?» – деп сұрайды. Ойын кезінде айтқан сөздерді қайталайық: оң жақ, сол жақ, алдыға, артқа.<br>Бүгін біз бір-бірімізбен танысамыз. Біздің кім екенімізді және қандай екенімізді көрсетеміз. | |
| Ортасы<br>6 –15 минут | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)**Педагог тәрбиеленушілердің бірінің көзін байлайды. Ойыншықты басқа балаларға көрсетіп, көзін байлаған бала оны табу үшін ойыншықтың қайда тұрғанын суреттеп айтуларын сұрайды. Балалар заттардың кеңістіктегі орналасуын сипаттау үшін дұрыс терминдерді таңдауда шатасады. Сол кезде педагог баланың көзіндегі орамалды шешіп, ҰОҚ-нің тақырыбын тұжырымдайды:<br>-Бүгінгі ҰОҚ-нде біз заттардың кеңістікте орналасуын білдіретін сөздерді қолданып үйренеміз: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында.<br>**Жаңалық ашу.**<br>**(Ұ)** Педагог әліппе-дәптерді карауды ұсынады.<br>Педагог балаларға 1- тапсырмаға қарауды ұсынады.<br>Сурет бойынша сұхбат жүргізіледі. Педагог:<br>–Суретте қыздың бөлмесі бейнеленген. Кереуәт, (үстел, орындық және т.б.) қайда тұрғанын айтыңдар.<br>– Сурет бойынша ненің қайда орналасқанын түсіндіре аласыңдар ма?<br>– Кеңістікте орналасуды сипаттауға саған қандай сөздер көмектескенін түсіндіре аласың ба?<br><br>Балалар әліппе-дәптердегі сурет бойынша белгілі бір затқа қатысты ненің қайда орналасқанын айтады. Өздері сұрақ қойған кезде және педагог пен балалардың сұрақтарына жауап берген кезде кеңістікте орналасуды сипаттайтын сөздерді пайдаланады.<br>Одан кейін балалар тапсырманы орындайды – заттарды орналасуына қарай көрсетілген түстерге бояйды.<br>Аспашам – жоғарыда, көк түсті, кроссовкалар – төменде, қызыл түсті және т.б.<br>**«Құтан». Сергіту сәті**<br>(Арқаларын түзу ұстап, қолдарын беліне қояды. | Орамал, №1 әліппе- дәптер, айна. |

| | | |
|---|---|---|
| | Балалардың тізесі бүгулі, біресе оң аяғын, біресе сол аяғын ақырындап көтереді және ақырындап түсіреді. Арқаларын түзу ұстауды қадағалайды.) | |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ж)** №2 тапсырманы өзара тексерумен жұптық жұмыс түрінде орындауға болады. Балалар олардың әрқайсысы қандай бағыттарды бояйтыны туралы келісіп (мысалы, жоғары, оңға қарай), тапсырманы орындайды. Одан кейін бір-бірін тексереді.<br>**(Т)** № 3 тапсырманы орындау үшін, ол бірінші рет кездесіп отыр. Практикалық жұмыс ұсынуға болады. Педагог тапсырмада бейнеленген фигураларға ұқсас фигуралар дайындайды. Балалар фигураларды бірінің үстіне бірін қойып, оларды бояйды.<br>Балалар тапсырмалаларды орындау туралы кеңесуге, өз іс-қимылдарын сәйкестендіруге, өзара түсіністікке үйренеді.<br>Сабақ соңында заттарды жасырып, ойынды қайталауға болады.<br>Ойынды ұйымдастыру үшін жүргізуші таңдаңыз немесе балаларды топтарға бөліңіз.<br>Тағы бір рет ойнаңыз. Кім дәлірек табады және дәлірек бағдарланады? Жеңімпаз командалар анықталады. | Әліппе-дәптер, Бір парақ қағаз. Фигуралар немесе ұсақ заттар, жиынтық полотно. |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликті салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

<table>
<tr><td colspan="2">№2 ҰОҚ. Тақырыбы: Менің бөлмем. Қағаз бетінде бағдарлаймын.</td><td colspan="2">Мектеп/:МҰ</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.1.1.1.Қағаз бетінде бағдарлау, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттау.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында деген сөздерді пайдалана отырып, кеңістікте фигуралар мен заттардың орналасуын сипаттайды.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">- орналасуы бойынша көрсетілген заттар мен фигураларды табады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:<br>-өз бетінше ойыншықтардың (мысалы мәшинелердің) қозғалыс бағдарларын түсіндіреді және педагогтің тапсырмасы бойынша</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | оларды өзгертеді және сипаттайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-заттардың кеңістікте орналасуы туралы сөйлемдер құрастыра алады;<br>-өзі сұрақ қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>-сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>Заттың қайда тұрғанын түсіндір?<br>Тағы қандай заттар қабырғада ілініп тұруы мүмкін деп ойлайсың?<br>Үстелде қандай заттар тұр?<br>Заттардың қайда тұрғанын айт?<br>Сурет бойынша ұлудың қай жаққа қарай қозғалатынын түсіндіріп бере аласыңдар ма?<br><br>***Жазу:***<br>Торкөздегі үлгі бойынша сурет салу. |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың кеңістікте орналасуы туралы алғашқы білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог бағыттар мен көрсеткіштердің түстерін атауды сұрайды. Балалардан бұл білімнің өмірде қалай пайдаға асуы мүмкін екенін сұрайды.<br><br>**Өзектендіру.**<br>**«Кім зейінді?» ойыны**<br>Педагог зейінге арналған ойынды ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді:<br>- Қазір мен құрсауды жерге қоямын. Оған Меруерт тұрады, оның оң жағына Нұрлан, сол жағына ..., алдына ... тұрады.<br>- Ал қазір балалардың әрқайсысы оң жақта (сол жақта, артта және т.с.с.) кім тұрғанын айтады.<br>- Одан кейін педагог топтағы балалардан бір-біріне және сөйлеушіге қатысты кімнің қайда тұрғанын айтуды сұрайды. | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** Ортада, сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде, сол | Әліппе-дәптер, жиынтық |

| | | |
|---|---|---|
| | жақ, оң жақ, сол жақ бұрыш, оң жақ бұрыш, сол (оң) жақ төменгі бұрыш сөздері мен тіркестерінің мағынасын меңгеру үшін №5-6 кестенің үлестірмелі материалдарын пайдалануға болады. Педагог заттарды көрсеткен орындарға орналастыруды тапсырады (жоғарғы оң жаққа, төменгі сол жаққа және т.б.), бірақ барлық балалар тапсырманы бірдей орындай алмайды.<br>**Жаңалық ашу.**<br>**(Ұ)** Туындаған проблемалық жағдайды шешу үшін қағаз парағымен таныстыруды жүргізуге болады. Ол әдетте кәдімгі ақ парақпен таныстырудан басталады. Педагог балалардан сұрайды:<br>– Бұл не? (Қағаздың парағы.)<br>– Оның пішіні қандай? (Тіктөртбұрышты.)<br>– Бұл қандай жағы?<br>Балалар жауап беруге қиналған жағдайда, педагог жалғастырады:<br>– Бұл жағы қайда орналасқан?<br>Сұрақтарды ретімен қоя отырып, балалар жоғарыда тұрған жағы – жоғарғы, төменде орналасқан жағы – төменгі, оң жақта орналасқан жағы – оң, сол жақта орналасқан жағы– сол жақ, жоғарыда сол жақта орналасқан бұрыш – сол жақ жоғарғы бұрыш, жоғарыда оң жақта орналасқан бұрыш – оң жақ жоғарғы бұрыш және т.б деп аталады деген қорытындыға келеді.<br>Парақ бойынша саяхат – «Сиқырлы парақ». Бір парақ пен бес қарындаш өмір сүріпті. Бір күні олар бірге ойнамақшы болыпты және қарындаштар парақ бойынша саяхатқа шығыпты. Бірінші болып сары қарындаш жөнеліпті, ол жоғарғы жағына барып, сары сызық сызыпты. Екінші болып қызыл қарындаш кетіпті, ол төменгі жағын тауып, қызыл сызық сызыпты. Оң жағын жасыл қарындаш, ал сол жағын көк қарындаш сызыпты. Парақтың ортасында қара қарындаш қалыпты, ол сол жерге үй салған екен. Бұрыштарды тең бөлуге шешім қабылдап, екі түспен сызыпты. Барлық қарындаштар үйге жиналып, тағы да қалай ойнасақ болады деп ойланыпты. Ойланып-толғанып, қуаласпақ ойнамақшы болып шешіпті. Жоғарғы жағында сары сызық сызылған және жоғары қарай сары қарындаш жүгіре жөнеліпті, төменге қарай қызыл қарындаш, оң жаққа жасыл қарындаш, ал сол жаққа көк қарындаш жүгіре жөнеліпті. Содан кейін іштері пыспауы үшін қарындаштар екі-екіден жүгіріпті: оң жақ жоғарғы бұрышқа сары және жасыл қарындаштар жүгірді; сол жақ жоғарғы бұрышқа – сары және көк; оң жақ төменгі бұрышқа – жасыл және қызыл; ал сол жақ төменгі бұрышқа – сары және қызыл қарындаштар жүгіріпті. Ал қара қарындаш оларды ұстай алмай қойыпты. Ойын барысында балалар парақта бағдарлар бар екенін түсінеді: жоғары, төмен, оң жағы, сол жағы, парақтың ортасы.<br>Педагог балаларға әліппе-дәптердегі 1-тапсырманы | полотно.<br>Үлестірмелі материалдар, №5-6 кесте. |

| | | |
|---|---|---|
| | орындауды ұсынады. Балалар суретке қарайды, заттарды бояйды, олардың қайда орналасқанын түсіндіреді.<br>Ал одан кейін кері операция орындайды – суретте бейнеленген затты тауып, осы зат орналасқан бағытқа сілтейтін көрсеткішті бояйды.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Ұшақ»<br>Балалар аяқтарын алшақ қойып, қолдарын екі жаққа созып, оңға-солға бұрылады. | |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ө)** Қағаз парағында бағдарлану білігін пысықтау үшін балаларға практикалық тапсырмалар беріледі: «қызыл дөңгелекті жоғарғы оң жаққа, көкті төменгі сол жақ бұрышқа орналастырыңдар». Балалардың тапсырманы орындағаннан кейін қандай да бір заттың орналасқан жері туралы айтуы маңызды.<br>**Ж)** Әліппе-дәптердегі 2-тапсырмада балаларға торкөздер бойынша қайталау, яғни үлгіге сәйкес торкөз парақтың ұсынылған фрагментіне нүктелерді қойып шығу ұсынылады.<br>Әліппе-дәптердегі 3-тапсырмада торкөздер бойынша мәшиненің жолын салу керек, ол шартты белгілермен ұсынылған бағыттарда торкөздерді ретімен санай отырып жасалады.<br>Мұндай жаттығулардың маңыздылығына: кеңістікте бағдарлай білуін бекіту, санау дағдыларын жетілдіру, өлшеу әрекетін енгізу – бір торкөз өлшем бірлігі ретінде қабылданатынын түсіндіру. Сонымен бірге балада мақсатқа талпынушылық, шыдамдылық, тапсырманы қатесіз орындауға құлшынысы (өйткені олай болмаған жағдайда нәтиже болмайды: сурет шықпайды) дамиды.<br>Егер бала ұзындығы әртүрлі және әртүрлі бағытта кесінділерді әжептәуір сенімді жүргізсе, жануарларды, ойыншықтарды, жиһаз заттарын және т.б. салуға «дыбыстық» диктантқа өтуге болады.<br>**(Ж)** Осындай диктанттың үлгісі: Менің айтқаным бойынша сурет сал: 4 торкөз жоғары, 3 – төмен және т.б. Неғұрлым күрделі суреттерге көшуге асықпаңыз. Баланың жұмыстан жағымды эмоция алуы өте маңызды, сол кезде осындай жаттығуларға қызығушылық арта түседі. Осы кезеңде балалар үлгі бойынша фигураны өз бетінше қайталап салады. Жұмыс нүктелерін ересектер белгілейді.<br>Электрондық жиынтық полотномен (№4) жұмысты ұсынуға болады. Педагог (немесе балалар) фигураларды орналастырып, ненің қайда орналасқанын айтады. | Әліппе-дәптер.<br><br><br><br><br><br><br>Электрондық жиынтық полотно (№4). |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия**. Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликті салуға болады. Қателіктер аз | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | |

<table>
<tr><td colspan="2">№3 ҰОҚ. Тақырыбы: Менің ойыншықтарым. Не қайда орналасқан?</td><td colspan="2">Мектеп/МҰ:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.1.1.1.Қағаз бетінде бағдарлау, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттау.<br>0.1.1.2.Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында деген сөздерді пайдалана отырып, кеңістікте фигуралар мен заттардың орналасуын сипаттайды.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">- орналасуы бойынша көрсетілген заттар мен фигураларды табады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-өз бетінше ойыншықтардың (мысалы мәшинелердің) қозғалыс бағдарларын түсіндіреді және педагогтің тапсырмасы бойынша оларды өзгертеді және сипаттайды.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">Дағдыларын дамыту:<br>-өзі сұрақ қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>Пәндік лексика және терминология:<br>-сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында.<br>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:<br>Үлгі бойынша фигураларды жапсырған кезде қалай қателеспеу керектігін түсіндір.<br>Ойыншықтар қайда тұруы мүмкін деп ойлайсың?<br>Қандай шылаулар мен көмекші сөздер заттың орналасқан жерін сипаттауға мүмкіндік береді?<br>Жазу:<br>Салынған үзік сызықтар бойынша бастырып сызу.</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы білім</td><td colspan="3">Заттардың кеңістікте орналасуы туралы алғашқы білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Жоспар** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| Басталуы | **Ынталандыру.** | |

| | | |
|---|---|---|
| 0–5 минут | Педагог математика санауға, есеп шығаруға, өлшеуге үйрететінін айтады. Математикалық таңбаларды, белгілерді, фигураларды түсіндіреді.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог:<br>– Өздеріңнің сүйікті ойыншықтарыңды атаңдар?– дейді. | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** Педагог балаларға әліппе-дәптердегі 1-тапсырмадағы суретке қарауды және ойыншықтардың қайда тұрғанын айтуды ұсынады.<br><br>**Жаңалық ашу.**<br>**(Ұ)** Проблемалық жағдайды шешу үшін балалар заттың кеңістікте орналасуын сипаттайтын ұғымдарды білуі керек.<br>Педагог балалардан:<br>–Қандай шылаулар мен көмекші сөздер заттың орналасқан жерін сипаттауға мүмкіндік береді?– деп сұрайды.<br>(Үстінде, астында, алдында, жанында, астында, бұрышта, ортасында және т.б.).<br>Беттің төменгі жағында ойыншықтар қойылған сөре бейнеленген. Педагог балаларға бейнеленген ойыншықтарды бөлмеден тауып, олардың қайда орналасқанын айтуды ұсынады. Тапсырманы күрделендіруге болады: педагог ойыншықтардың орналасуын сипаттайды, ал балалар педагог қандай ойыншық туралы айтқанын табады.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңғы бетінде сергіту сәтінің нұсқалары берілген.) | Әліппе-дәптер, Жиынтық полотно. |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Т)** Педагог үлестірмелі материалдағы №15-16 кестелерді қолданады. Балалар заттарды бөлмеде орналастырып, суреттегі заттардың, оның ішінде бір-біріне қатысты орналасуын (арасында, сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) түсіндіреді.<br>Торкөз қағаздың бетінде бағдарлай білуін бекіту үшін балалар әліппе-дәптердегі 2-тапсырманы орындайды.<br>Бұл үшін қай торкөзде қандай зат орналасқанын қарайды және үлгіге ұқсатып тиісті суреттері бар жапсырманы торкөздерге жапсырады. Балалар торкөздердің санын санайды және суреттегі заттардың орналасуына сәйкес олардың санау бағытын сақтайды.<br>**(Ө)** Төменде – өзіндік жұмыс үшін шаршыларды бояу ұсынылады.<br>Келесі 3-тапсырмада балалар саусақтың ұсақ моторикасын дамытуға арналған тапсырманы орындайды, үлгі бойынша торкөздерді бастырып сызады. | Әліппе-дәптер. Үлестірмелі материалдар, №15-16 кестелер. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликті салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№4 ҰОҚ. Тақырыбы:** Менің аулам. Не қайда орналасқан? | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысқандардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.1.1.2.Кеңістікте бағдарлау: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында деген сөздерді пайдалана отырып, кеңістікте фигуралар мен заттардың орналасуын сипаттайды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | - орналасуы бойынша көрсетілген заттар мен фигураларды табады. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** |
| | -өз бетінше ойыншықтардың (мысалы мәшинелердің) қозғалыс бағдарларын түсіндіреді, педагогтің тапсырмасы бойынша оларды өзгертеді және сипаттайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-өзі сұрақ қойғанда және педагогпен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>**-**сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>Араның жолын қалай көрсету керектігін түсіндір.<br>Аулада қандай заттар болуы мүмкін деп ойлайсың?<br>Қандай шылаулар мен көмекші сөздер заттың орналасқан жерін сипаттауға мүмкіндік береді?<br>***Жазу:***<br>*Үзік сызықтар бойынша бастырып жазу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың кеңістікте орналасу туралы алғашқы білімі, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

| Жоспар | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог тәрбиеленушілерден өздерінің аулалары туралы әңгімелеп берулерін сұрайды.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балаларға:<br>– Аула дегеніміз не?<br>– Өз аулаларыңды сипатта.<br>– Аулада уақытты қалай өткізесіңдер?– деген сұрақтар қояды. | |
| Ортасы<br>6–15 минут | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** Балаларға әліппе-дәптердегі 1-тапсырманы орындау ұсынылады.<br>Педагог балаларға:<br>– Суретте не бейнеленген?<br>– Алаңдағы заттардың орналасуын сипаттап беріңдер?– деген сұрақтар қояды.<br>**Жаңалық ашу.**<br>**(Ұ)** Мәселені шешу үшін балаларға сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында және т.б. шылаулар мен көмекші сөздерді пайдалану ұсынылады.<br>Педагог «Затты тап» ойынын ұйымдастыра алады. Алдымен педагог жасырылған заттың атауын атамай, орналасуы туралы өзі айтып береді. Мысалы, «мен бір затты жасырдым, ол суреттің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан, оның артында велосипед тұр». Ол – қолшатыр. Одан кейін балалар заттарды жасырып, өз тапсырмаларын қалғандарға жасырады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) | Әліппе-дәптер. Жиынтық полотно. |
| 16–25 минут | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ө)** Педагог балаларға әліппе-дәптердегі 2-тапсырманы орындауды ұсынады. Балалар суреттегі қыздардың оң қолы қайсысы екенін анықтайды, әр қыздың оң қолына шардың суретін салады.<br>**(Ө)** Қағаздың бетінде бағдарлай білуін бекіту үшін балалар әліппе-дәптердегі 3-тапсырманы орындайды, бағыттардың ұсынылған ауысу кезектілігін сақтай отырып, араның жолын салады.<br>**(Ұ)** Ұқсас жұмысты №4 электрондық жиынтық полотноны қолданып жүргізуге болады. Педагог (немесе балалар) ара мен гүлдерді алаңдарда орналастырып, ненің қайда орналасқаны, араның гүлге қалай жетуі керек екені туралы айтады.<br>**(Ө)** Келесі 4-тапсырма саусақтың ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған, балалар суретті нүктелер бойынша | Әліппе-дәптер. |

| | | |
|---|---|---|
| | жүргізіп шығады. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап,балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликті салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№5 ҰОҚ. Тақырыбы:**<br>Менің мерекем. Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырамын. | **Мектеп /МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.1.1.3.Заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырып, көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табу, оларды өлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастыру. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табады, оларды өлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастырады. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** |
| | -салыстыру үшін заттардың бірнеше нұсқасын ұсынады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагогпен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>-көбірек, азырақ, сонша, кеңірек, биігірек, жіңішкерек.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–Заттарды көлемінің артуына қарай қалай бөлу керек екенін түсіндір.<br>–Қалай ойлайсың, қандай жағдайда салыстырудың қандай тәсілдерін пайдаланған қолайлырақ?<br>–Заттардың көлемдерін салыстыру нәтижелерін сипаттау үшін қандай көмекші сөздер пайдаланылады?<br>***Жазу:***<br>*Торкөздер бойынша салынған үзік сызықтарды бастырып жазу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың көлемдерінің сипаты туралы алғашқы білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

| Жоспар | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог тәрбиеленушілерден қаншаға дейін санай білетіндерін сұрайды. Олар жауап береді.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог суреттегі заттарды санауды немесе ең үлкен, ең ұзын, ең қысқа затты таңдауды ұсынады. | |
| Ортасы<br>6–15минут | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** ҰОҚ-де балалар заттарды көлемі бойынша салыстырады. Педагог балалардан: «Үлкен затты кішкентай заттан ажырата аласыңдар ма?» – деп сұрайды. Егер балаларға «биік – аласа», «кішкентай – үлкен», «кең – тар», «ұзын – қысқа» деген ұғымдарды ғылыми тұрғыдан түсіндіруге тырыссаңыз, олар сізді тыңдамайды.<br>**Жаңалық ашу.**<br>**(Ж)** Балалардың қандай заттарды кішкентай, ал қандай заттарды үлкен деп атайтынын түсінуі үшін педагог оларға мысалдар келтіреді. Мысалы, текшелерден мұнара салуды сұрайды. Оның жанына көлемі кішірек тағы бір мұнара салуды ұсынады. Педагог балалардан қайсысы үлкен, ал қайсысы кішкентай екенін көрсетуді сұрайды. Әдетте, мектепке дейінгі жастағы балаларда жауап беруге қиындық тумайды.<br>Осы ұғымның қалыптасуын бекіту үшін педагог балалардан ермексаздан кішкентай және үлкен шар және т.б жасауды сұрайды.<br>Педагог балаларға салыстыру тәсілдерінің ішінен ең тиімді тәсілді таңдауды ұсынады: көзбен салыстыру, беттестіру, ауыстыру, өзара бірыңғай сәйкестік.<br>Электрондық жиынтық полотномен (№1-3) жұмыс ұйымдастыруға болады. Педагог (ал одан кейін балалар) геометриялық фигуралар мен заттарды өлшемі бойынша (ұлғаю, кему) орналастырады.<br>Балалар әліппе-дәптердегі 1-тапсырманы орындайды. Оларға ең үлкен және ең кішкентай саптаяқтарды таңдап, салыстыру ұсынылады. Орындықтардың, қораптардың көлемі бірдей ме? Ең үлкен сыйлықты көрсетіңдер?<br>Келесі 2-тапсырмада балалар торттың өлшемі бойынша бір тіліміне сәйкес ыдыстарды таңдайды. Балалар бірыңғай сәйкестік амалын пайдаланып, алдымен ең үлкен және ең кішкентай көлемдегі жұпты таңдайды, содан кейін аралық сәйкестіктерді іріктейді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) | Әліппе-дәптер.<br>Үлестірмелі материалдар.<br>№41-43 кесте<br><br>№1-3 электрондық жиынтық полотно. |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.** | Әліппе-дәптер. |

| | | |
|---|---|---|
| | (Ж) Әліппе-дәптердегі 3-тапсырма саусақтың ұсақ моторикасын дамытуға арналған.<br>(Ұ) Электрондық жиынтық полотномен (№1-3) жұмысты жалғастыруға болады. Балалар геометриялық фигуралар мен заттарды өлшемі бойынша (ұлғаю, кему, салыстыру) орналастырады.<br>Әліппе-дәптердегі 4-тапсырмада қораптарды үлкенінен бастап кішкентайына қарай қойып шығу керек. Балалар үлкенінен кішкентайына дейін қораптардың суреті бар жапсырмаларды жапсырады. Педагог оларға салыстыру-дың неғұрлым тиімді тәсілін таңдауды ұсынады. | Электрондық жиынтық полотно (№1-3). |
| Рефлексия<br>26–30 | Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликті салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

<table>
<tr><td colspan="2">№6 ҰОҚ. Тақырыбы: Менің ойыншықтарым.Заттарды салыстырамын және ретімен қоямын.</td><td colspan="2">Мектеп/МҰ:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.1.1.3.Заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырып, көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табу, оларды өлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастыру.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табады, оларды өлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастырады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-салыстыру үшін заттардың бірнеше нұсқасын ұсынады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">Дағдыларын дамыту:<br>Өзінің сұрақтарын қойғанда және мұғалім мен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>Пәндік лексика және терминология:көбірек, азырақ, кеңірек, тарлау, ұзынырақ, қысқарақ, биігірек, төменірек.<br>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:<br>–Заттарды көлемі бойынша қалай салыстыру керек екенін түсіндір.</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | Сенің қандай ойыншықтарың бар?<br>Заттардың көлемі бойынша салыстыруды және ретімен қоюды білесің бе?<br><br>**Жазу:**<br>*-түсті қарындаштармен бояу, торкөздер бойынша, салынған үзік сызықтар бойынша бастырып жазу, біріктіру сызықтарын жүргізу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың көлемдерінің сипаты туралы алғашқы білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–4 минут | **Ынталандыру.**<br>–Сәлеметсіңдер ме, балалар, терезеге қараңдаршы, бүгін далада қандай керемет шуақты күн.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балаларға өздерінің сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелеп беруді ұсынады. | |
| Ортасы<br>5–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** –Қандай ойыншықтарда қайталанатын элементтер кездеседі?<br>– Олардың көлемі әрқашан бірдей ме?<br>**Жаңалық ашу.**<br>**(Ұ)**Балаларға әліппе-дәптердегі 1-тапсырманы орындау ұсынылады.<br>Педагог проблемалық жағдаят ұсынады: Барлық сақиналар қатар жатпайды. Олардың өлшемі бойынша қалай салыстыруға болады?<br>**(Ұ)** Проблемалық жағдайды шешу үшін, балалар салыстырудың тиімді тәсілдерінің бірін таңдайды және пирамиданың барлық элементтерін ең кішкентай сақинадан ең үлкеніне қарай кезекпен біріктіре отырып, сызық жүргізеді. Содан кейін сақиналардың түстерін дәл сол кезектілігімен бояу ұсынылады.<br>Балалар қандай заттардың үлкен, ал қандай заттардың кішкентай екенін түсінгеннен кейін, келесі кезеңге кірісуге болады: биік – аласа, қысқа – ұзын және т.б. ұғымдар. Заттарды биіктігі және жалпақтығы бойынша салыстыру үшін балаларға үлестірмелі материалдар беріледі.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) | Үлестірмелі материалдар. |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ұ)** Педагог электрондық жиналмалы полотномен (№1-3) жұмыс ұйымдастырады. Педагог геометриялық фигуралар | Әліппе-дәптер.<br>Үлестірмелі материалдар, |

| | | |
|---|---|---|
| | мен заттарды ерікті тәртіпте орналастырады, ал балалар оларды өлшемінің артуы, кемуі, ұзындығы, биіктігі және т.б. бойынша орналастыруы тиіс.<br><br>Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін 2-тапсырма орындалады.<br>**(Ж)** Балалар үлестірмелі материалымен ( №41-42 кестелер) практикалық жұмыс орындайды. Педагог жолақтар жинақтарын таратады, балалар салыстыруға, белгілі бір тәртіпте орналастыруға тапсырмалар орындай алады.<br><br>**(Ж)** Әліппе-дәптердегі 3-тапсырмада балаларға салыстыру үшін тиімді әдісті пайдаланып, еніне және ұзындығына қарай бірдей ленталарды бояу ұсынылады. | (№1-3 кестелер).<br><br><br><br>Үлестірмелі материалдар. №41-42 кестелер. |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер балада қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайлдың суретін салуға болады. Қателіктер аз блса, ортаңғы сатыда ауызы түзу смайлды салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайлды салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№7 ҰОҚ. Тақырыбы:** Анама көмектесемін. 5-ке дейін санаймын. | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.1.1.20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2.Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -5 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атай алады. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, ара-арасынан олардың реттік нөмірін атайды. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | **Тәрбиеленушілер:**<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>бірінші, екінші, ..., бесінші.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Реттік санау кезінде сандардың атауы қалай туындайтынын түсіндір.<br>– 4 санынан кейін қандай сан тұрады деп ойлайсың?<br>– Сандық санау кезіндегі қандай сандар реттік санау кезіндегі қандай сандарға сәйкес келеді?<br><br>**Жазу:**<br>*-салынған үзік сызықтар бойынша бастырып жазу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың орналасу тәртібі туралы алғашқы білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог тәрбиеленушілерді шаттық шеңберін құруға шақырады.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балалардан:<br>–Үйдегі қандай жұмыс түрлерін білесіңдер?<br>–Аналарыңа қалай көмектесесіңдер?–деп сұрайды. | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ) Электрондық жиынтық полотномен (№5) жұмыс ұйымдастырады. Барлық балалар тапсырманы бірдей орындай алмайды.<br>**Жаңалық ашу.**<br>Туындаған мәселені шешу үшін, балаларға 1-ден 5-ке дейін санаған кезде сандардың арту тәртібімен әр затқа бір цифрды сәйкестендіріп қойып 5 көлемінде заттарды, дыбыстарды, қозғалыстарды санау ұсынылады.<br>Балалар 1-тапсырмадағы цифрларды заттардың санына сәйкестендіре отырып сызып қосады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) | №5. электрондық жиналмалы полотно<br><br>Үлестірмелі материалдар. №5 жиынтық полотно. |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ұ)** Педагог заттардың санын, сандар мен цифрларды сәйкестендіру білігін пысықтау үшін №5-8 электрондық жиынтық полотно материалын қолдана алады.<br>**(Ө)** 2-тапсырманы өз бетінше саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін орындайды. Педагог анаға көмек туралы лексикалық тақырыпты жалғастырады, яғни тәрелкелердегі жемістерді санауды ұсынады.<br>3-тапсырмада балалар тәрелкедегі заттардың санына | |

| | | |
|---|---|---|
| | сәйкес келетін цифрларды жапсырады.<br>Балаларға әліппе-дәптердегі 4-тапсырмада жазылған цифрларды саусақпен жүргізіп, олардың көру бейнесін тактильді түрде бекіту үшін оларды ермексаздан жасау ұсынылады. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликті салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

<table>
<tr><td>№8 ҰОҚ. Тақырыбы: Айналамдағы заттарды санаймын. 1-ден 5-ке дейінгі сандар.</td><td colspan="2">Мектеп/МҰ:</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td>Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td>0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау.</td></tr>
<tr><td rowspan="5">Күтілетін нәтижелер</td><td>Барлық тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td>-5 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды.</td></tr>
<tr><td>Көптеген тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td>-заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атайды.</td></tr>
<tr><td>Кейбір тәрбиеленушілер:<br>-заттарды саны бойынша салыстырып, ара-арасынан олардың реттік нөмірін атайды.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсаттар</td><td>Дағдыларын дамыту:<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>Пәндік лексика және терминология:<br>Санау,сан.<br>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:<br>– Заттарды қалай санау керек екенін түсіндір?<br>– Сен 5-ке дейін қалай санайсың?<br>– Карточкада қандай заттар бейнеленген?<br>Жазу:<br>-қарындашпен суреттерді 5-ке дейін толықтырып салу.</td></tr>
</table>

| Алдыңғы білім | Заттардың сандық ұғымы туралы түсінік, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |
|---|---|

**Жоспар**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог балалармен санай білудің өмірде өте қажет екені туралы әңгімелеседі.<br>**Өзектендіру.**<br>Жиынтық полотнода (немесе кесілген материалда) педагог 1-ден 5-ке дейінгі цифрлары бар карточкаларды көрсетеді. Балалар жиынтық полотноны немесе кесілген жиынтықты пайдалана отырып, өздерінің алдына заттардың тиісті санын қоюы керек.<br>Үлестірмелі материалды пайдаланып – «Карточкаларды сандармен біріктір» ойынын ұйымдастыруға болады. Балаларға қима материалынан жинақтар беріледі, оларкарточкаларды бейнеленген заттардың саны бойынша жалғайды. | Үлестірмелі материалдар, №17 кесте |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** Педагог сұхбат ұйымдастырады:<br>**(Ұ)** – Бүгін біз 5-ке дейін қаншалықты жақсы санап үйренгенімізді білеміз және «қанша?» деген сұраққа жауап беретін боламыз.<br>- Конструктордан бұйым жасау үшін ұл балалар түсі мен саны бойынша әртүрлі бөлшектерді жасауы тиіс. Біз оларға бөлшектерді санауға көмектесуіміз керек.<br>**Жаңаны ашу.**<br>1-тапсырманың екінші бөлігінде педагог балаларға көрсетілген заттарды өз бетінше санауды, нүктелер мен цифрлардың керекті санын жапсыруды ұсынады.<br>Балалар №1 тапсырмаға арналған суретті қарайды.<br>Педагог сұхбат ұйымдастырады:<br>- Балалар не істеп отыр?<br>- Олар қандай бөлшектерді пайдаланады?<br>Одан кейін бөлшектерді түстері бойынша санап, нүктелері бар карточкаларды жапсыруды ұсынады.<br>«Неше» сөзін қолданып сұрақ қойып, оған «бір», «екі» деген сөзбен жауап беруге болатынын айтады.<br>Бөлшектерді санап, цифрлар мен нүктелерді жапсыруды тапсырады.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) | Әліппе-дәптер.<br><br>Әліппе-дәптер. |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>(Ұ) Педагог заттардың санын, сандар мен цифрларды сәйкестендіру білігін пысықтау үшін №5-8 электрондық жиынтық полотно материалын қолдана алады. | Әліппе-дәптер. Электрондық жиынтық полотно. (№5-8) |

| | | |
|---|---|---|
| | (Ө) Әліппе-дәптердегі №2 тапсырманы орындаудан бұрын педагог қималы материалды пайдаланып, «Әрқашан 5!» ойынын өткізе алады.<br>Ол балаларға заттардың белгілі бір санын көрсетіп, бес санына дейін жетпейтін заттардың санын (1-ден 4-ке дейін атауды сұрайды.<br>**(Ө)** Әліппе-дәптердегі 2 - тапсырманы балалар өз бетінше орындайды.<br>**(Ө)** 3-тапсырманы тексере отырып, өз беттерінше орындайды.<br>**(Т)** 4-тапсырма педагогтің қалауы бойынша түсіндіре отырып немесе өз бетінше орындалады.<br>Балалар цифрдың бейнесін саусағымен жүргізіп көрсетеді, суреттің үстінен цифрды бұршақпен, ұсақ моншақтармен жазуға немесе кейбір дайын карточкаларда оларды ермексаздан жасап шығуларына болады. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликті салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№9 ҰОҚ. Тақырыбы:** Санап үйренемін. 1-ден 10-ға дейінгі сандар. | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -10 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атайды. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, ара-арасынан олардың реттік нөмірін атайды. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>бір, екі, …,он.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–Заттардың санын қалай санау керек екенін түсіндір.<br>–Сен заттарды қалай санайсың?<br>–Санды жазудың қандай тәсілдерін білесіңдер?<br>**Жазу:**<br>*Үзік сызықтарды бастырып жазу, біріктіру, сызықтар жүргізу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың сандық ұғымы туралы алғашқы білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

**Жоспар**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог балаларды санау жағдайына тартады.<br>– Сырымның досы көп пе?<br>Біз сендермен 5-ке дейін санап үйрендік.<br>– 6-дан 10-ға дейін санап үйренгілерің келе ме?<br>**Өзектендіру.**<br>Жиынтық полотнода педагог 1-ден 5-ке дейінгі заттар тобын қойып, санауды ұсынады. | Электрондық жиынтық полотно. |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>Ары қарай педагог 6-дан 10-ға дейінгі топтарды қояды.<br>– Мына заттар тобын кім санай алады?<br>**Жаңаны ашу.**<br>**(Т)** Педагог балаларға №1 тапсырманың суретін қарауды ұсынады.<br>- Қандай спорт жабдықтары бейнеленген?<br>- Балалар залда немен айналасып жатыр?<br>Одан кейін балаларға суреттегі зат түрлерінің әрқайсысын санап, олардың санына сәйкес келетін қажетті цифрды жапсыруды ұсынады.<br>**(Ө)** №2 тапсырма өздігінен орындалып, кейіннен тексеріледі.<br>**(Ж)** Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды, (№17).<br>Балалар карточкаларды біріктіріп, заттардың санын атайды. Содан кейін әліппе-дәптердегі 3-тапсырманы өздігінен орындайды. Тура және кері санайды<br>Педагог:<br>– Әрбір келесі фишкада нүктелер қаншаға көп, ал алдыңғысы қаншаға аз?–деп сұрайды(1 нүктеге).<br>Педагог «алдыңғы сан, кейінгі сан» деген сөздерді дауыстап қайталауды ұсынады.<br>6-дан 9-ға (және 10-ға) дейінгі цифрларды есте сақтау үшін педагог шеңберлердің көмегімен оларды қағазға қоюды | Үлестірмелі материалдар, №17 кесте |

| | | |
|---|---|---|
| | ұсынады.<br>Балаларға 10 көлемінде заттарды, дыбыстарды, қозғалыстарды санау ұсынылады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша орындалады. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) | |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ж)**Балалар әліппе-дәптердегі 4-тапсырманы өз беттерімен орындайды. Жазылған цифрларды саусақпен жүргізіп, олардың көру бейнесін тактильді түрде бекіту үшін сандарды ермексаздан жасау ұсынылады. 2-тапсырма ұсақ қол моторикасын дамыту үшін берілген.<br>**(Ұ)**Жиынтық полотнода педагог 1-ден 10-ға дейінгі сандар жазылған карточкаларды және 1-ден 10-ға дейінгі заттар тобын ретімен бірінен кейін бірін қойып шығады.<br>Содан кейін сандарды заттар тобымен сәйкестендіруді ұсынады. Балалар сандарды өсу ретімен орналастырады, бірнеше рет хормен қатарды тура, содан кейін кері тәртіппен оқиды. Содан соң педагог балаларға мұны көздерін жұмып қайталауды ұсынады. Топтарда талқылау жүргізеді. Әр топ өзінің достарына және отбасы мүшелеріне есімдер бере алады. | Жиынтық полотно.<br><br><br><br><br><br><br>Әліппе-дәптер. |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликті салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **№10 ҰОҚ. Тақырыбы:** Айналамдағы заттарды санаймын. 10-ға дейінгі реттік санау. | | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. | | |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** | | |
| | -10 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды. | | |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** | | |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атайды. | | |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** | | |

| | |
|---|---|
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, ара-арасынан олардың реттік нөмірін атайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>-бірінші, екінші, ..., оныншы.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–Кері тәртіппен қалай санау керек екенін түсіндір?<br>–Қалай ойлайсың, реттік санау кезінде сандарды тастап кетуге бола ма?<br>–Сандарды жазудың қандай түрлерін білесің?<br>**Жазу:**<br>*-түрлі түсті қарындаштармен бояу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың сандық ұғымы туралы алғашқы білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог балаларды «Мен велосипед тепкенді ұнатамын» деген сұхбатқа тартады.<br>- Сендерде велосипед бар ма?<br>- Оны қай жерде тебесіңдер?<br>- Кіммен бірге?<br><br>**Өзектендіру.**<br>**«Осыншама санды көрсет»**<br>Ойын үшін қималы материал - цифрлар, заттардың әртүрлі сандары бейнеленген карточкалар қолданылады.<br>Педагог балаларға цифрлар бейнеленген карточкаларды көрсетеді, ал балалар өздеріндегі осындай заттардың саны бейнеленген карточкаларды тауып, санды атап, өз таңдауын түсіндіреді. | Әліппе-дәптер.<br><br><br><br><br>Жиынтық полотно.<br>Үлестірмелі материалдар. |

| | | |
|---|---|---|
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>Әліппе-дәптердегі 1- тапсырманың суретіне қарауды ұсынады.<br>– Жарысқа қанша бала қатысқан?–деп сұрайды.<br>Әрі қарай жиынтық полотнода карточкаларды 1-ден 10-ға дейін қатар қойып шығуды ұсынады. Хормен тура және кері тәртіппен санайды. Сандарды сәйкестендіру бойынша ойындар ұйымдастырады. Мысалы, жиынтық полотнодағы немесе үлестірмелі материалдағы ойындар – сандық домино, мұнда сандары жазылған карточкаларды тиісті суретпен келтіреді.<br>**(Ұ)** Педагог 1- тапсырмадағы суретке қайтып оралуды және кім бірінші, екінші және т.с.с. келе жатқанын айтуды ұсынады.<br>Бірінші, екінші, үшінші деген сандық ұғымды білдіретін сөздерге балалардың назарын аударады. Мұндай сөздерді біз:<br>– Саны бойынша нешінші? деген сұраққа жауап беру үшін пайдаланамыз.<br>Бүгінгі ҰОҚ-де біз реттік сандар туралы үйренеміз.<br>**Жаңалық ашу.**<br>**(Ұ )** Педагог балалардан реттік сандары бар қандай өлең білетіндерін сұрайды. Педагог бейнежазбадағы әнге қосылуларына болатынын айтады. Әрі қарай балаларға сұрақтар құруды ұсынады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) | Әліппе-дәптер.<br><br>Әліппе-дәптер.<br><br>Компакт-дискідегі әндер қосымшасы. |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Т)** Балалар реттік санауды үйрену үшін оларды қатарға (10 адам) тұрғызып, санаудың қажетті бағытын көрсетіп, ретімен санауды сұраңыз.<br>Содан кейін жиынтық полотнода осыған ұқсас жағдайды орындайды. Заттарды немесе балаларды оңнан солға қарай және кері бағытта санауды ұсынады.<br>Содан соң педагог 1-ден 10-ға дейінгі сандар жазылған карточкаларды шығарып, тура және кері тәртіппен хормен сандық санау жүргізеді.<br>Педагог балаларды кейінгі және алдыңғы санды анықтауға жаттықтырады.<br>«Көрші сандар» ойыны әртүрлі ұйымдастырылуы мүмкін:<br>1-нұсқа: Бала көршілерін атайды, ал балалар санның өзін көрсетеді.<br>2-нұсқа: Бала санды атайды, ал балалар көршілерін көрсетеді.<br>**Алдыңғы білімді бекіту.**<br>Педагог бейнежазбадағы әнге қосылып айтуларын ұсынады.<br>**(Ө)** 3- тапсырманы орындауды ұсынады, онда фигурадағы торкөздердің санын санап, қажетті түспен бояу керек.<br>Балалар торкөздерді санайды. Санына қарай фигураны | Жиынтық полотно.<br><br>Әліппе-дәптер.<br><br>Компакт-дискідегі әндер қосымшасы. |

| | | |
|---|---|---|
| | белгілі бір түспен бояйды.<br>**(Ө)** 4-тапсырманы өз бетінше орындауды ұсынады. Осындай тапсырма үнемі кездеседі, балалар оны орындау ережелерімен таныс. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№11 ҰОҚ. Тақырыбы:** Сурет салып үйренемін. «Нешеу?» және «Реті бойынша нешінші?» екенін анықтаймын. | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2.Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -20 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атайды. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, ара-арасынан олардың реттік нөмірін атайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология**:<br>-неше?, реті бойынша нешінші?<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:.**<br>–Реттік санау кезінде санның атауы қалай пайда болатынын түсіндір.<br>–Мына санның алдындағы сан одан неше бірлікке аз деп ойлайсың?<br>–Қандай сандар бұл саннан бір бірлікке үлкен? |

| | |
|---|---|
| | **Жазу:**<br>*-түрлі түсті қарындаштармен бояу, үзік сызықтармен бастырып жазу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың сандық ұғымы туралы алғашқы білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог балалармен олардың сурет салғанда нені бейнелегенді ұнататындары туралы сұхбат жүргізеді. Жиынтық полотнода (немесе пәндік суреттер) құстар мен балықтардың әртүрлі түстері көрсетілген.<br>Педагог сұрақ қояды:<br>- Суреттерді қандай топтарға бөлуге болады? Ненің суретін салуға болады?<br><br>**Өзектендіру.**<br>Жиынтық полотнода ҰОҚ-нің тақырыбына келетін заттық суреттерден санауға арналған кесте құрайды. Педагог алдымен заттарды қойып шығады, ал балалар тақтаға шығып, сан жазылған керекті карточканы таңдайды. Сандар қатары түзілгеннен кейін жанында тұрған сандарды салыстыруға болады. | Жиынтық полотно. |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ө)** Әрі қарай педагог 1- тапсырманы орындауды ұсынады, онда бояулары бар құтыларға цифрларды ретімен жапсыру керек.<br>**(Ж)** Жұптасып жұмыс істеу.<br>Балаларға бір-біріне сұрақтар қоюды ұсынады:<br>– Реті бойынша қайсысы (ұл бала)?<br>– Реті бойынша қайсысы (қыз бала)?<br>– 5, 7, 2 сандарының көршілерін атаңдар?<br>– Келесі сан қаншаға артық?<br>– Алдыңғы сан қаншаға кем?<br>Бүгін біз 1-ді қоса отырып, келесі санды алуды,<br>1-ді кеміте отырып, алдыңғы санды алуды үйренеміз.<br>**Жаңалық ашу.**<br>Жиынтық полотнода педагог жазбалар дайындап, мысалдарда қанша жазылған болса, кенепке сонша текшені немесе суретті қоюды ұсынады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.)<br>Саусақтың ұсақ моторикасын дамыту үшін №2 тапсырма орындалады. | Жиынтық полотно. |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ө**) Әліппе-дәптердегі 3-тапсырмада балалар бояулары бар | Әліппе-дәптер. |

| | | |
|---|---|---|
| | құтыларды алдыңғы тапсырмадағы сияқты дәл сол реттілігімен бояйды.<br>«Тізбекпен санау» жүргізіледі (кез келген берілген саннан бастап тура және кері бағытта).<br>Педагог 4-тапсырмадағы жазылған цифрлардың үстінен саусақпен жүргізіп, көрсетілген сандар қанша болса, шаршыға сонша нүкте салу керектігін айтады. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **№12 ҰОҚ. Тақырыбы:** Менің оқу құралдарым. 11-ден 20-ға дейінгі сандар. | | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2.Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. | | |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** | | |
| | -20 көлеміндегі сандарды тура және кері санай алады. | | |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** | | |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атайды. | | |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** | | |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, ара-арасынан олардың реттік нөмірін атайды. | | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагогпен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>Бір..., жиырма.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–11-ден 20-ға дейінгі сандардың атауы қалай пайда болатынын түсіндір. | | |

| | |
|---|---|
| | –Адамға санай білу не үшін қажет деп ойлайсың?<br>–Қандай сандар екі таңбалы сандар деп аталады?<br>**Жазу:**<br>*-түрлі түсті қарындаштармен бояу, біріктіру сызықтарын жүргізу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың сандық ұғымы туралы түсінік, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог тәрбиеленушілермен мектеп құралдары не үшін керек екені туралы әңгіме жүргізеді.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балалардан:<br>– Қандай мектеп құралдарын білесіңдер?–деп сұрайды.<br>– Сабақта қандай жабдықты пайдаланасыңдар? | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** Педагог №13 электрондық жиынтық полотноны пайдалана алады (онда заттар ретінде оқу құралдары жиналған). Балалармен бірге 10 қарындашты жинап, дорбаға салады. 1 қарындашты шығарады. Неше зат қалды? Сендер оларды санай аласыңдар ма?<br>**Жаңалық ашу.**<br>**(Ұ)** Балалар 10 затты санай алады. Педагог онға неше зат қосылғанын сұрайды. Педагог осындай жағдайда санды атау үшін алдымен «он» сөзі айтылатынын және оған бірліктің атауы (біздің мысалда «бір» саны) қосылатынын түсіндіреді. «Он бір» саны пайда болды, ол онға бір қосылғанын білдіреді, екі цифрмен жазылады –11.<br>Жиынтық полотнода санның үлгісі мен жазбасы көрсетіледі.<br>Педагог сұрақ қояды:<br>Педагог бұл санды жазу үшін біз қанша цифр пайдаландық деп сұрайды. Балалар «2» деп жауап береді. Педагог сол үшін мұндай сандар екі таңбалы сандар деп аталатынын айтады.<br>**(Ұ)** Балаларға түсіндіре отырып, № 1 тапсырманы орындау ұсынылады. Балалар заттарды санап, санды атайды және сандардың жазбасын бояйды.<br>Жұмыстың мұндай түрін барлық қалған цифрлармен және оларға сәйкес келетін суретте бейнеленген мектеп құралдарының санымен жүргізу ұсынылады. Жұмыс барысында балалар сандардың атауын өздері ұсынып, оларды цифрмен жазуды түсіндіреді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңына қараңыз.) | Әліппе-дәптер. |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Т)** Педагог балаларға №2 тапсырманы «Жылдам, бірақ | Әліппе-дәптер. |

| | | |
|---|---|---|
| | қателеспе» жарыс ойынын орындауды ұсынады. Балалар ұсынылған сурет бойынша 1-ден 20-ға дейін санайды.<br>Топтардың әрқайсысында сандарды тура және кері бағытта бірізді атайды. Қатысушылары қателеспеген топ жеңімпаз болады.<br>Осыдан кейін балалар санаудың дұрыс бірізділігін сақтай отырып, қалдырылған цифрларды жапсырады.<br>Одан кейін балаларға 20-ға дейін санамақ-әнді орындауды ұсынуға болады (СД-дискіде).<br>Педагог балаларға 3-тапсырманы орындауды ұсынады<br>Балалар 1-ден 20-ға дейін санау тәртібімен цифрларды сызықпен біріктіреді. | Компакт-диск. |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады.<br>Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№13 ҰОҚ. Тақырыбы:** Менің оқу құралдарым. 1-ден 20-ға дейінгі сандар. | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -20 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атайды. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, ара-арасынан олардың реттік нөмірін атайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | - бір.., жиырма.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– 11-ден 20-ға дейінгі сандардың атауы қалай пайда болатынын түсіндір.<br>– Қалай ойлайсың, не үшін санай білу керек?<br>– Қандай сандар екітаңбалы сандар деп аталады?<br>**Жазу:**<br>*-түрлі түсті қарындаштармен бояу, біріктіру сызықтарын жүргізу.* | | |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың сандық ұғымы туралы білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. | | |
| **Жоспар** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** | |
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог мектеп құралдарының әрқайсысы қандай жұмыс атқаратыны туралы баяндап береді.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балаларға 20-ға дейін санамақ-әнді орындауды ұсынады. | Компакт-диск, 20-ға дейін санамақ-ән | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>Педагог электрондық жиынтық полотномен жұмыс ұйымдастырады. Балалар бір стаканға 10 зат жинайды, 10 санының үлгісін шығарып қояды, екінші стканға 2 зат жинап, үлгісін шығарады. Санды атап, санның жазбасын шығарады.<br>**(Ө)** Педагог балаларға әліппе-дәптердегі 1- тапсырманы орындауды ұсынады. Балалар қалып қойған санды 1-ден 20-ға дейінгі сандар тізбегінде дұрыс тәртіппен жапсырады. Әрбір екінші қарындашты сары түске бояйды.<br>**Жаңалық ашу.**<br>(**Ө**) Педагог балаларға әліппе-дәптердегі №2 тапсырманы орындауды ұсынады. Педагог бірінші стақанда қанша қарындаш бар деп сұрайды. Балалар санау арқылы санын анықтайды. Балаларға тағы бір қарындаштың суретін салып, қарындаштардың санын санау ұсынылады. Педагог стақанда қарындаштар қанша болды деп сұрайды. Осы тапсырманың арқасында балаларды «келесі сан» және «бір санға үлкен сан» деген ұғымдарды қалыптастыруға дайындайды. Осындай әрекеттер мен талқылауларды балалар қалған екі жағдайда өз бетінше жүргізеді. Балалар егер тағы 1 қарындаш қосса, стақандағы қарындаштардың саны қалай өзгеретінін, әрбір нақты жағдайда сол саннан кейін қандай сан келетінін түсіндіреді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) | Әліппе-дәптер.<br><br>Әліппе-дәптер | |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ж)** Балалар саусақтың ұсақ моторикасын дамытуға арналған 3-тапсырманы орындайды, торкөздер бойынша | Әліппе-дәптер. | |

| | | |
|---|---|---|
| | бастырып сызады.<br>4-тапсырмада балалар цифрды оған тиісті нүктелер санымен біріктіреді. Түсті жолақтағы қайталанатын 10 нүктенің және ақ жолақтағы көбейіп отыратын нүктелер санының мұндай бейнесі балаларды сандарды разрядты қосылғыштарға бөлу ұғымының қалыптасуына дайындайды. Ақ жолақтағы көбейіп отыратын нүктелер саны балаларды «келесі және алдыңғы сан» ұғымының қалыптасуына дайындайды. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№14 ҰОҚ. Тақырыбы:** Құрылысшы боламын. 20-ға дейін санап үйренемін. Алдыңғы. Кейінгі. | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2.Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -20 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атайды. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды саны бойынша салыстырып, ара-арасынан олардың реттік нөмірін атайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>- өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>**-** алдыңғы, кейінгі.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Осы санға қатысты кейінгі және алдыңғы сандар қалай туындайтынын түсіндір. |

| | |
|---|---|
| | – Қалай ойлайсың, алдыңғы және кейінгі сандар орындарын ауыстыра ала ма?<br>– Қандай сандар екі таңбалы сандар деп аталады?<br>**Жазу:**<br>*- түрлі түсті қарындаштармен бояу, біріктіру сызықтарын жүргізу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың сандық ұғымы туралы түсінік, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

**Жоспар**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог әңгімесін балаларға санай алу, санау әрекетін меңгеру өмірде өте қажет болатыны туралы айтып береді.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балалардан:<br>– Сендер нешеге дейін санап үйрендіңдер?<br>– Сендерде көп затты санап үйрену қажеттігі туындай ма?<br>– «Алдыңғы» және «кейінгі» деген ұғымдар нені білдіретінін білесіңдер ме?– деп сұрайды. | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** Педагог балаларға 1-тапсырмадағы боялған он текшеден жасалған жолақшада орналасқан текшелерді бояуды ұсынады. Педагог балаларға:<br>– Текшелердің осы санына бір текшені қосса, қанша текше шығады?<br>–Осы санға қатысты бұл санды қалай атауға болады? деген сұрақтар қояды.<br>**Жаңалық ашу.**<br>**(К)** Жұмысты электрондық жиынтық полотномен (№14) немесе қималы материалмен (№48) жүргізген қолайлы. Проблемалық жағдайды шешу нәтижесінде балалар әрбір келесі сан бір текшені қосқан кезде туындайды, әрбір алдыңғы сан бұл саннан 1-ге аз деген қорытындыға келеді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңына қараңыз.) | Әліппе-дәптер. |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ж)** Қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін 2-тапсырманы орындайды.<br>Әліппе-дәптердегі 3-тапсырмада балалар алдымен алдыңғы цифрларға, содан кейін келесі цифрларға сәйкес келетін цифрларды жапсырады. | Әліппе-дәптер. |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | |

<table>
<tr><td colspan="2">№15 ҰОҚ. Тақырыбы: 20-ға дейін санап үйренемін.  Санау бойынша нешінші? Қанша?</td><td colspan="2">Мектеп/МҰ:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.2.1.1. 20 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.<br>0.2.1.2.Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-20 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атайды.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-заттарды саны бойынша салыстырып, ара-арасынан олардың реттік нөмірін атайды.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">Дағдыларын дамыту:<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>Пәндік лексика және терминология:<br>-санау бойынша нешінші? Қанша?<br>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:<br>– Реттік сандардың атауы қалай туындайтынын түсіндір.<br>– Реттік санау қандай жағдайларда керек деп ойлайсың?<br>– Заттың саны бойынша нешінші болып орналасқанын қалай анықтау керек?<br>Жазу:<br>-түрлі түсті қарындаштармен бояу, біріктіру сызықтарын жүргізу.</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы білім</td><td colspan="3">Заттардың сандық ұғымы туралы түсінік, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы.</td></tr>
</table>

| **Жоспар** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог балалардан адамдарға санап білудің не үшін қажет екенін сұрайды. Үйде, топта нені және кімді санауға | |

| | | |
|---|---|---|
| | болатынын айтады. Балалардан өмірден мысалдар келтірулерін сұрайды.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балалардан:<br>– Сендер нешеге дейін санап үйрендіңдер?<br>– Сендерде көп затты санап үйрену қажеттігі туындай ма?<br>– «Қанша» деген сұраққа жауап берген кезде санау ережесінің «реті бойынша нешінші?» деген сұраққа жауап берген кездегі санау ережесінен немен ерекшеленетінін білесіңдер ме? | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(**Т**) Балалар 10 көлеміндегі реттік сандардың атауының пайда болу ережесімен танысады.<br>Педагог оныншы заттан кейін тұрған заттың нөмірін қалай атау керек деп сұрайды.<br>**Жаңалық ашу.**<br>(**Ұ**) Педагог балаларға 1-тапсырмадағы оныншы, он бірінші және т.б заттан кейін тұрған заттың нөмірін өз бетінше атауды ұсынады. Балалар заттардың санын, әрқайсысының реттік нөмірін атайды және әр затты оның реттік нөміріне сәйкес келетін цифрмен қосады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) | |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>2-тапсырманы өз беттерінше ұсақ қол моторикасын дамыту үшін орындайды.<br>(**Ө**) Әліппе-дәптердің 3-тапсырмасында балалар цифрды осы цифрға сәйкес келетін таяқшамен сандық өрнектің әртүрлі тәсілімен сызықпен қосады (таяқшалар мен нүктелер). Таяқшаларды ондыққа біріктіру және 10 нүктенің бекітілген бейнесі балаларды сандарды разрядтық қосылғыштарға бөлу ұғымының қалыптасуына дайындайды. Көбейіп отыратын нүктелер мен таяқшалар саны балаларда «кейінгі» және «алдыңғы» ұғымдарының қалыптасуын, сәйкесінше осы ұғымдардың сандық расталуын бекітеді. | Әліппе-дәптер. |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | |
|---|---|
| **№16 ҰОҚ. Тақырыбы:** Достарыммен бірге үйренемін. Артық. Кем. Сонша. | **Мектеп/МҰ:** |

<table>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="3">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td colspan="2">Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.2.1.3.Топтардағы заттарды алып тастап немесе қоса отырып, санын салыстыру /теңдік пен теңсіздікті анықтау, топтарды салыстыру және санау негізінде сандық мәнін жалпылау.</td></tr>
<tr><td colspan="2" rowspan="6">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-сандарды салыстырады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-заттарды арттыра отырып немесе кемітіп, топтардағы заттардың теңдігі мен теңсіздігін анықтайды.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәнді жалпылайды.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">Дағдыларын дамыту:<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>Пәндік лексика және терминология:<br>-артық, кем, сонша.<br>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:<br>– Саны бойынша заттарды қалай салыстыру керек екенін түсіндір.<br>– Заттарды салыстыру не үшін керек деп ойлайсың?<br>– Салыстырудың қандай тәсілдерін білесің?<br>Жазу:<br>-түрлі түсті қарындаштармен бояу, біріктіру сызықтарын жүргізу.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Алдыңғы білім</td><td colspan="3">Заттардың сандық ұғымы туралы түсінік, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Жоспар</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="3">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Басталуы<br>0–5 минут</td><td colspan="3">Ынталандыру.<br>Педагог өткен ҰОҚ-де балаларға санау ұнағаны туралы, «Нешінші?» деген сұраққа топта жауап беріп, қайта санай алатындары туралы айтады.<br>Өзектендіру.<br>Педагог балалардан сұрайды:<br>– Біздің топта қанша ұл бала оқиды?<br>– Қанша қыз бала бар?<br>– Қайсысы көп екенін қалай білуге болады?</td><td></td></tr>
<tr><td>Ортасы<br>6–15</td><td colspan="3">Мақсат қою (проблемалық жағдай).<br>(К) Балаларға №6 электрондық жиынтық полотномен жұмыс ұсынылады немесе қималы үлестірмелі материалдарды (№49-50 кестелер) пайдалануға болады.<br>Педагог кімнің–ұл балалардың немесе қыздардың көбірек</td><td>Электрондық жиынтық полотно (№6).</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | екенін білуді ұсынады.<br>- Суретте кімнің көбірек (азырақ) екенін қалай білуге болады?<br><br>Балалар өз нұсқаларын ұсынады. Педагог осы сабақта олар салыстыруды үйренетінін хабарлайды.<br>(Ұ) Педагог суреттегі ұл балалардын саны мен қыз балалардың санын есептеуді ұсынады. Балаларсанап, әліппе-дәптердегі №1 тапсырмадағы тиісті орынға тиісті цифрлары бар жапсырмаларды жапсырады.<br>Педагог балалардан сұрайды:<br>– Суретте қайсысы көбірек бейнеленген?<br>– Қыздар ма, әлде ұлдар ма?<br><br>**Жаңалық ашу.**<br>**(Ұ)** Педагог балаларға суреттегі ұл балалар мен қыздарды санауды ұсынады. Балалар санайды және тиісті цифрлар бейнеленген жапсырманы әліпби-дәптердегі №1 тапсырмадағы тиісті жерге жапсырады.<br>Педагог сұрақтар қояды:<br>– Суретте кімдер көбірек бейнеленген?<br>– Қыздар ма немесе ұл балалар ма?<br><br>(**Ұ**) Проблемалық жағдайды шешу үшін педагог балаларға ұлдар мен қыздарды санаған кезде шыққан сандарды қалай салыстыру керек екенін ойлануды ұсынады.<br>Егер бұл сұрақ балаларда қиындық тудырса, мұғалім былай деп сұрайды:<br>– Суретте қанша ұл бала бейнеленген?<br>– Суретте қанша қыз бала бейнеленген?<br>– Қандай қорытынды жасауға болады?<br>Балалар бірдей сандық мәнге санау объектілерінің тең саны сәйкес келеді деген қорытындыға келеді.<br>– «Артық», «кем» деген ұғымдар нені білдіреді? (Бірінші жағдайда санау объектілерінің бірінің саны көп санмен, екінші жағдайда – аз санмен анықталады).<br>– «Сонша» деген ұғым нені білдіреді?<br>Педагог топта оқитын ұл балалардың саны мен қыз балалардың санын салыстыруды ұсынады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) | |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>Тәрбиеленушілерге 2-тапсырмадағы цифрларды саусақтарымен жүргізіп, көрсетілген сандар қанша болса, шаршыға сонша нүкте салу ұсынылады.<br>(**Ж**) Әліппе-дәптердегі 3-тапсырмада балаларға текшелердің санын санап, текшелерден олардың санына сәйкес келетін цифр жазылған карточкаларға дейін сызық жүргізу ұсынылады. Балалар суретте саны бірдей текшелер | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | тобы бар ма деген сұраққа жауап береді. Балаларға карточкадағы текшелерді бояп, оларды осы санға сәйкес келетін цифр жазылған карточкамен сызық арқылы біріктіру ұсынылады. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№17 ҰОҚ. Тақырыбы:** Менің көршілерім. Артық . Кем. Сонша. | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.1.3.Топтардағы заттарды алып тастап немесе қоса отырып, санын салыстыру /теңдік пен теңсіздікті анықтау, топтарды салыстыру және санау негізінде сандық мәнін жалпылау. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -сандарды салыстырады. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -заттарды қоса отырып немесе алып тастап, топтардағы заттардың теңдігі мен теңсіздігін анықтайды. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** |
| | -санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәнді жалпылайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>**-**артық, кем, сонша.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–Саны бойынша заттарды қалай салыстыру керек екенін түсіндір.<br>–Қай заттар көп деп ойлайсың?<br>–Неге?<br>–Салыстырудың қандай тәсілдерін білесің?<br>**Жазу:**<br>*-түрлі түсті қарындаштармен бояу, біріктіру сызықтарын жүргізу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың сандық ұғымы туралы алғашқы білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

| Жоспар | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог ҰОҚ-нің алдында балалардың көңіл күйін көтеру мақсатында шаттық шеңберін құруды ұсынады.<br>**Өзектендіру.**<br>Балалар 20-ға дейін санамақ-әнін айтады.<br>Педагог балалардан сұрайды:<br>- Қандай сандар осы санға қатысты көрші сандар деп аталады? (сандық қатарда бірлікке тең аралықпен осы санның екі жағында тұрған сандар). | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(**Ұ**)Педагог балаларға әліппе-дәптердегі 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Балалар үйлерді олардың  нөмір тізбегінің тәртібімен біріктіріп, содан кейін нөмірлері тапсырмада айтылған жарық қосылған үйлердің терезелерін бояйды.<br>Педагог:<br>– Қай үйлер көбірек?<br>– Қай үйлер азырақ?<br>– Неге? – деп сұрайды.<br>**Жаңалық ашу.**<br>(**Ұ**)Проблемалық жағдайды шешу үшін, педагог балалардан:<br>– Мұны қалай анықтауға болады? – деп сұрайды.<br>Қиындық туындаған жағдайда, педагог балаларға заттардың санын салыстыру тәсілдерінің бірін ұсынады. Балалар жарық жағылған әрбір үйді жарықсыз үймен сызықпен біріктіре отырып, бірыңғай сәйкестік тәсілін таңдайды.  Балалар өз бетінше қорытынды жасайды: өйткені қалған жарықсыз үйлерді біріктіретін ештеңе жоқ, яғни олардың саны жарығы бар үйлердің санынан көбірек. Әрі қарай балалар жарығы бар үйлердің саны жарықсыз үйлердің санынан аз деген кері сәйкестікке келеді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңына қараңыз.) | Әліппе-дәптер.<br><br>Әліппе-дәптер |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>(**Ж**) Торкөз қағаз бетінде бағдарлау іскерлігін бекіту үшін балалар 2-тапсырмадағы нүктені белгілеуден бастап торкөздер бойынша суретті көшіріп салады. Балалар торкөздердің санын санайды және ұсынылған суретке сәйкес оларды санау бағытын сақтайды. Мұндай жаттығулардың маңыздылығы мынада: жазықтықта бағдарлай білуін бекіту, санау дағдыларын жетілдіру, өлшеу әрекетін енгізу – бір торкөз өлшем бірлігі ретінде қабылданады.<br>**(Т)** Әліппе-дәптердің 3-тапсырмасында балаларға үйлер көп пе, әлде шатырлар көп пе екенін анықтау ұсынылады. | Әліппе-дәптер.<br><br>Әліппе-дәптер. |

| | | |
|---|---|---|
| | Балалар үйді шатырмен жұптастырып сызық арқылы біріктіреді. Педагог:<br>– Олар тең болу үшін не істеу керек? – деп сұрайды. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№18 ҰОҚ. Тақырыбы:** Қатарға тұрамыз. Алдыңғы. Кейінгі | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.1.4. Кез келген санды бір санға арттырса, одан кейінгі сан шығатынын түсіну.<br>0.2.1.5. Кез келген саннан бір санды кемітсе, одан бұрынғы (алдыңғы) сан шығатынын түсіну. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -кез келген санды бір санға арттырса, одан кейінгі сан шығатынын, кез келген саннан бір санды кемітсе, одан бұрынғы (алдыңғы) сан шығатынын түсінеді. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -кез келген сан үшін алдыңғы және кейінгі санды атайды. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** |
| | -оның алдындағы және одан кейінгі санды біле отырып, санды анықтайды. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>**Пәндік лексика және терминология**:<br>-кейінгі, алдыңғы.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Осы санға қатысты кейінгі сан қалай туындайтынын және осыған қатысты алдыңғы сан қалай туындайтынын түсіндір.<br>– Қалай ойлайсың, алдыңғы және келесі сандар орындарын ауыстыра ала ма?<br>– Санаудың қандай түрлерін білесің?<br>**Жазу:**<br>*-түрлі түсті қарындаштармен бояу, біріктіру сызықтарын жүргізу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың сандық ұғымы туралы тұрмыстық білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог тәрбиеленушілерді бойларына қарай қатарға тұрғызып, мұның не үшін керек екенін түсіндіреді.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балалардан сұрайды:<br>- Қандай қағида бойынша қатарға тұруға болады? (Бойына қарай немесе футболкасындағы нөмірлерінің реті бойынша).<br>- Бұл не үшін қажет? (Жаттығуларды орындаудың қолайлылығы және адамдардың қатарда ретімен тұру тәртібінің дұрыстығын бақылау үшін).<br>- Қатардағы келесі және алдыңғы элементтерді қалай анықтау керек?<br>- Олардың кезектілігі неге байланысты? (Санаудың басына және бағытына қарай.) | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** Әртүрлі заттардың кезектілігін көрсету үшін педагог №6-8 электрондық жиынтық полотноны немесе үлестірмелі материалды қолдана алады.<br>Ол балаларға бірінші не, екінші не бейнеленгенін айтуларын сұрайды. Реттік санауды дұрыс айтқан балаларды мадақтайды. Бүгінгі сабақта реті бойынша тұрған заттарды дұрыс атауды үйренетіндерін айтады.<br>**Жаңаны ашу.**<br>**(Ұ)** Педагог балаларға әліппе-дәптердегі № 1 тапсырманың суретін қарап, балалардың футболкаларындағы нөмірлері бойынша алдыңғы және кейінгі баланы атауды сұрайды.<br>Одан кейін балалар педагогпен бірге 20-ға дейін санамақәнді орындайды. | Әліппе-дәптер.<br>№6-8 электрондық жиынтық полотно |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңына қараңыз.) | |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ж)** Келесі тапсырмада балаларға 11-ден 20-ға дейінгі сандардың реттік қатарында қалып қойған цифрлары бар жапсырмаларды жапсыру ұсынылады.<br>Әліппе-дәптердегі 2-тапсырмада балаларға шырғалаң суретте цифрларды тауып, оларды қоршау және бояу ұсынылады.<br>**(Ө)** Әліппе-дәптердегі 3-тапсырмада балалар реттік тәртіппен цифрларды сызып біріктіреді. | Әліппе-дәптер |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№19 ҰОҚ. Тақырыбы:** Ынтымағы жарасқан отбасым. Алдыңғы. Кейінгі. | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.1.4. Кез келген санды бір санға арттырса одан кейінгі сан шығатынын түсіну.<br>0.2.1.5.Кез келген саннан бір санды кемітсе одан бұрынғы (алдындағы) сан шығатынын түсіну. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -кез келген санды бір санға арттырса, одан кейінгі сан шығатынын түсінеді. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -кез келген сан үшін алдыңғы және кейінгі санды атайды. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:** |
| | -оның алдындағы және одан кейінгі санды біле отырып, санды анықтайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагогпен тәрбиеленушілердің сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады. |

| | |
|---|---|
| | **Пәндік лексика және терминология:**<br>-алдыңғы, кейінгі.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Осы санға қатысты кейінгі сан қалай туындайтынын және осыған қатысты алдыңғы сан қалай туындайтынын түсіндір.<br>– Қалай ойлайсың, алдыңғы және келесі сандар орындарын ауыстыра ала ма?<br>– Санаудың қандай түрлерін білесің?<br>**Жазу:**<br>*-түрлі түсті қарындаштармен бояу.* |
| **Алдыңғы білім** | Заттардың сандық ұғымы туралы алғашқы білім, геометриялық фигуралар мен денелердің атауы. |

**Жоспар**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог балаларды өздерінің отбасы туралы әңгімелеулерін сұрайды. «Отбасы» сөзінің мағынасын түсіндіреді.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балалардан отбасы деген не, оның бала өміріндегі маңызы қандай деп сұрайды. Әрбір адам үшін отбасы – бұл бала кезімізден бері бізбен бірге болған туған адамдар. Отбасында адамның жеке басы, оның тәрбиесі қалыптасады. Сондықтан әдетте адамның кім болатыны отбасының қандай болуына байланысты. | |
| Ортасы<br>6–15 | **Үйренгенді бекіту**<br>Балалар педагогпен бірге 20-ға дейін санамақ-әнді орындайды.<br>(**Т**) Педагог балаларға әліппе-дәптердегі 1-суретке қарауды ұсынады.<br>Балалар отбасы мүшелерін, содан кейін олардың вагондарға орналасу тәртібін атайды.<br>Педагог балаларға сызықпен вагонды оның реттік нөміріне сәйкес келетін цифрмен біріктіруді ұсынады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагогтің қалауы бойынша. (Әдістемелік нұсқаудың соңын қараңыз.) | Әліппе-дәптер.<br>Компакт-диск, 20-ға дейін санамақ-ән. |
| 16–25 | **Бұрын үйренгенді бекіту**<br>**(Ө)** Әліппе-дәптердегі 2-тапсырманы орындау ұсынылады. Балалар қалдырылған цифрды тауып, оны төмендегі карточкалармен сызып қосып, бояйды. Осы тапсырманы орындау реттік санау және цифрлық бейнені санның сандық сәйкестігімен беттестіру білімін бекітуге ықпал жасайды. | Әліппе-дәптер |
| Рефлексия<br>25-30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | |

<table>
<tr><td colspan="2">№20 ҰОҚ. Тақырыбы: Достарыммен ойнаймын. Заттардың қасиеттері.</td><td colspan="2">Мектеп/МҰ:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.2.2.1.Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіру.<br>0.2.2.2.Жиын элементтерін атау.</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:<br>-заттарды көрсетілген қасиеті бойынша топқа (жиынға) біріктіреді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:<br>-жиын элементтерін атайды және заттар қандай белгі бойынша топтастырылғанын көрсетеді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:<br>-берілген және/немесе өз бетінше таңдалған белгілер бойынша өз бетінше жиындарды жасайды.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">Дағдыларын дамыту:<br>-заттардың пішіні мен түсі туралы сөйлемдерді құрастыра алады.<br>Пәндік лексика және терминология:<br>-заттың қасиеті,пішімі, өлшемі, түсі.<br>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:<br>– Осы топтағы заттар несімен ортақ екенін түсіндір.<br>– Қандай зат (фигура) артық деп ойлайсың?<br>– Осы топқа қандай заттарды (фигураларды) қосуға болады?<br>Жазу:суретті бастырып салу, жалғастыру.</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы білім</td><td colspan="3">Шеңбер, үшбұрыш, шаршы.<br>Негізгі түстер.</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3" align="center">Жоспар</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td>Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Басталуы<br>0–5 минут</td><td>Ынталандыру.<br>Педагог балалармен ойнауды жақсы көресіңдер ме, достарыңмен қандай ойындар ойнайсыңдар деп әңгімелеседі. Олардың ҰОҚ- де пайдалы және қызықты ойындар ойнай алатыны туралы хабарлайды.</td><td>Үлестірмелі материал.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Өзектендіру.**<br>«Затты тап» ойыны. Топпен ойнаймыз. Әр команда (топ) бір затты жасырады. Ал басқа командалардың (топтардың) мүшелері оларға «иә» немесе «жоқ» деген жауаптар беруге болатын сұрақтар қояды. Мысалы, бұл заттың пішіні дөңгелек пе? Ол қызыл түсті ме? Бұл киімнің бөлшегі ме? Бұл ыдыс па? | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(**Ұ**)Жиынтық полотномен (немесе кесілген материалға ұқсас) жұмыс. Жиынтық полотнода фигуралардың екі тобы қойылған. Бірінде түстері бойынша, екіншісінде пішіні бойынша фигуралар жиналған. Бірінші топтардың бірі қаралады. Педагог мынадай сұрақтар қояды: Мына топтағы заттар несімен ортақ? (Барлық фигуралар жасыл түсті.) Екінші топтағы заттар несімен ортақ? (Олардың пішіні бірдей.)<br>**Жаңалық ашу.**<br>(**Ұ**) Қандай фигураларды бірінші (екінші) топқа қосуға болады? (Балалар фигураларды кенепке немесе жұмыс үстелдеріне – кесілген фигураларды қояды).<br>Әрі қарай топтағы артық затты іздеуге арналған тапсырма беріледі және зат қандай белгісі бойынша алынып тасталатыны негізделеді. Алдымен белгілі бір белгісі бойынша «артық» затты таңдау ұсынылады – шешімдер нұсқаларынсыз (түсі, пішіні, көлемі бойынша). Ал содан соң әртүрлі «артық» зат  болуы мүмкін тапсырма ұсынуға болады.<br>Мысалы, бір зат түсі бойынша «артық», екіншісі – пішіні бойынша.<br>Мына топта қандай зат артық және не үшін екенін айта аласыңдар ма? (текше – пішіні бойынша, қызыл шар – түсі бойынша). | Электронды қосымша. Үлестірмелі материалдар.Кесілген геометриялық фигуралар. |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>(**Ж**) Әліппе-дәптердегі 1-тапсырма. Балалар заттарды қарап, олардың белгілерін (пішінін, түсін, көлемін) айтады. Содан соң педагог заттарды түстері бойынша қорапшаларға жинап, оларды санауды ұсынады. Мұғалім әрбір қорапшаға айналасындағы тағы қандай заттарды (ойыншықтарды) салуға болатынын ойланып көруді ұсынады.<br>(**Ж**) №2 тапсырманы мысалы, тек қатарларды ғана жалғастырып қоймай, бірінші қатардағы пішіні бірдей фигураларды бір түспен боятып, күрделендіруге болады. №3 тапсырманы орындамас бұрын түс – пішін – көлем деген шартты белгілер нені білдіретіні нақтыланады. Әрі қарай тапсырма кейіннен тексеру арқылы өз бетінше орындалады. | Әліппе-дәптер |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | |

<table>
<tr><td colspan="3">№21 ҰОҚ. Тақырыбы: Әжеме көмектесемін. Заттардың жиыны.</td><td colspan="2">Мектеп/МҰ:</td></tr>
<tr><td colspan="3">Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="3">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.2.2.1.Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіру.<br>0.2.2.2.Жиын элементтерін атау.</td></tr>
<tr><td colspan="2" rowspan="3">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:<br>-заттарды көрсетілген қасиеті бойынша топқа (жиынға) біріктіреді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:<br>-жиын элементтерін атайды және заттар қандай белгі бойынша топтастырылғанын көрсетеді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:<br>-берілген және/немесе өз бетінше таңдалған белгілер бойынша өз бетінше жиындарды жасайды.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">Дағдыларын дамыту:<br>-заттардың пішіні мен түсі туралы сөйлемдерді құрастыра алады.<br>Пәндік лексика және терминология:<br>-заттардың қасиеті, пішіні, өлшемі, түсі.<br>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:<br>– Мына топтағы заттар несімен ортақ екенін түсіндір?<br>– Қандай зат (фигура) артық деп ойлайсың?<br>– Бұл топқа қандай заттарды (фигураларды) қосуға болады?<br>Жазу: суретті жиекте, сал, жалғастыр.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Алдыңғы білім</td><td colspan="3">Шеңбер, үшбұрыш, шаршы.<br>Негізгі түстер. Заттардың қасиеттері (пішін, көлем, түс, мақсат).</td></tr>
<tr><td colspan="5" align="center">Жоспар</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="3">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Лексикалық тақырыпқа кірісу үшін педагог әжелер туралы, көбінесе олар үйде қандай жұмыстарды орындайтыны және балалар оларға қалай көмектесе алатыны туралы әңгіме жүргізеді.<br>Көбінесе пәтерді жинағанда заттарды орын-орнына қояды.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог сұрақтар қояды:<br>– Заттар қандай белгісі бойынша жиналған? Түсіндіріңдер.<br>–Топтардың әрқайсысына тағы не қосуға болады? | Үлестірмелі материалдар<br><br>Электронды жиынтық полотно, №34 кесте |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** Жиынтық полотнода педагог заттар жиынын құрастырады. Мысалы, музыкалық аспаптар жиыны, киімнің жиыны.<br>(**Ұ**) – Заттарды қарап шығыңдар.<br>– Оларды қандай ортақ сөзбен атауға болады? (Музыкалық аспаптар).<br>–Мұқият қараңдар, екінші топтағы заттарды қалай атауға болады? (Киім) Барлығы дұрыс па ?<br>Балалар ойыншықты – асықты байқауы керек, ол киімге жатпайды.<br>– Бүгін біз заттарды белгілері бойынша іріктеп, артығын алып тастауды үйренеміз және оны бекітеміз.<br>**Өздік жұмыс.**<br>**(Ұ)** Әліпби-дәптердегі № 1 тапсырманы орындауды ұсынады. Карточкалардың әрқайсысындағы заттар жиынын атаңдар (дөңгелек заттар, текшелер, ойыншықтар). Топтардың әрқайсысына тағы не қосуға болады? Балалар сызықтармен жалғап, өз нұсқаларын ұсынады. | Жиынтық полотно. №12<br><br>Әліппе-дәптер |
| 16–25 | **Өткен материалмен жұмыс.**<br>(Ж) Әліппе-дәптердегі 2-тапсырманы жұптасып жұмыс жасау ұсынылады.<br>Балалар топтағы заттарды бір сөзбен атап, осы топқа не жататынын түсіндірулері керек.<br>(**Т**) Әліппе-дәптердегі 3-тапсырманы балалар топқа бөлініп жұмыс жасай алады, әрбір топ бағандардың біреуін таңдайды және не салынуы керек екенін талқылап, тапсырманы орындайды. Жиынтық полотнода жұмыс жасауды ұсынуға болады. Мысалы:<br>– Фигуралардың қайсысы артық?<br>Балалардың бір бөлігі – қызыл шарды, қалғаны – жасыл текшені атайды. Балаларға өздерінің таңдауын түсіндіруді ұсынады. Әрі қарай қорытынды жасайды: дұрыс жауап таңдалған белгіге – фигураның түсіне және пішініне байланысты. | Әліппе-дәптер. Жиынтық полотно |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | |

<table>
<tr><td colspan="3">№22 ҰОҚ. Тақырыбы: Достарыммен ойнаймын. Заттарды жиынға біріктіру.</td><td colspan="2">Мектеп/МҰ:</td></tr>
<tr><td colspan="3">Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="3">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.2.2.1.Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіру.<br>0.2.2.2.Жиын элементтерін атау.</td></tr>
<tr><td colspan="2" rowspan="3">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:<br>-заттарды көрсетілген қасиеті бойынша топқа (жиынға) біріктіреді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:<br>-жиын элементтерін атайды және заттар қандай белгі бойынша топтастырылғанын көрсетеді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:<br>-берілген немесе өз бетінше таңдалған белгілері бойынша өздері жиындар құрайды.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">Дағдыларын дамыту:<br>-заттардың пішіні мен түсі туралы сөйлемдерді құрастыра алады.<br>Пәндік лексика және терминология:<br>-заттардың қасиеті, пішіні, өлшемі, түсі.<br>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:<br>– Мына топтағы заттар несімен ортақ екенін түсіндір.<br>– Қандай зат (фигура) артық деп ойлайсың?<br>– Бұл топқа қандай заттарды (фигураларды) қосуға болады?<br>Жазу: суретті бастырып сал, жалғастыр.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Алдыңғы білім</td><td colspan="3">Шеңбер, үшбұрыш, шаршы.<br>Негізгі түстер. Заттардың қасиеттері (форма, пішін, түс, мақсат, дәм, материал… )</td></tr>
<tr><td colspan="5" align="center">Жоспар</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="3">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Мұғалім балалармен олардың сүйікті ойындары туралы әңгімелеседі. Осы ҰОҚ-де олар достарымен тағы да қызықты ойындар ойнайтындары туралы хабарлайды.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог бір (немесе бірнеше) кестені қарауды ұсынады. Бұл заттардың қандай ортақ белгілері бар? (Дәмі, иісі). Әр топқа не қосуға болады? | Үлестірмелі материалдар, №28-32 кесте. |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** Педагог сипаттама бойынша жасырылған затты табуды ұсынады. Мысалы:<br>• Жабайы жануар, орманды мекендейді, үлкен, жүні жалбыраған, балды ұнатады.<br>• Жабайы жануар, айлакер, қызғылт –сары түсті, әдемі құйрығы бар.<br>• Жәндік, түрлі түсті қанаттары бар, гүлге ұқсайды.<br>• Қызыл түсті көгөніс, дөңгелек, адамдар оны салат пен борщқа салады.<br>• Тәтті, кішкентай, әдемі қағазға салынған.<br>**(Ұ)** Педагог №1 тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Біз заттарды белгілері бойынша іріктеп, артығын алып тастауды үйренеміз және оны бекітеміз.<br>(**Т**) «Затты тап» ойыны. Ойын топпен жүргізіледі. Әр команда (топ) бір затты жасырады. Ал басқа командалар-дың (топтардың) мүшелері «иә» немесе «жоқ» деген жауаптар беруге болатын сұрақтар қояды.<br>**Өткен материалмен жұмыс.**<br>**(Ө)** Жұмысты бастаудан бұрын педагог жұптарда № 2 тапсырмадағы фигуралардың реттілігін талқылауды сұрайды. Одан кейін балалар өздігінен фигуралар тізбектерін аяқтайды. | Үлестірмелі материалдар. |
| 16–25 | **Өздік жұмыс.**<br>(Ө) Педагог 3-тапсырмадағы заттардың анықтамаларын оқиды, балалар суреттерді жапсырады. Содан кейін балалар жұппен жұмыс істеуді жалғастырады. Балалардың бірі затты жасырып, оның белгілерін атайды, ал екіншісі оны табады. | Әліппе-дәптер |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№23 ҰОҚ. Тақырыбы:** Анама көмектесемін. Фигуралар тізбегі. | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.3.1.Түрлі жағдаяттардың/ фигуралардың /уақыттың (күн, апта, ай, жыл) тізбегін орнатып, жалғастыру. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:**<br>-түрлі фигуралардың, заттардың орналасу бірізділігін анықтайды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:**<br>-түрлі фигуралардың, заттардың орналасу бірізділігін анықтайды және оны жалғастырады. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>-фигуралардың, заттардың бірізділігін өз бетінше құрастырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-бірізділік жасалған белгілерді құрастыра алады, заңдылықтың бұзылғанын түсіндіре алады.<br>**Пәндік лексика және терминология***:*<br>-реттілік, бірізділік, алдымен, кейін.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–Мына заттардың қасиеттерін ата.<br>–Заттардың қатарын қалай жалғастыру керек екенін түсіндір.<br>–Қалай ойлайсың, бірізділік дұрыс құрылған ба?<br>–Заңдылықты жалғастыру үшін қандай заттарды (фигураларды) пайдалану керек?<br>**Жазу:***фигураларды жалғастырып салу, бояу.* |
| **Алдыңғы білім** | Фигуралар мен заттардың түсі, пішіні, көлемі, мақсаты, бірізділігі. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагогтің сұрауы бойынша балалар өздерінің аналарына қалай көмектесетінін әңгімелейді.<br>**Өзектендіру.**<br>Анасы печенье пісірмекші болып, пішіндер дайындап қойды.<br>– Печеньенің пішіні мен көлемі қандай болады? | Жиынтық полотно. |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** Анасы печенье пісірді, бізге оны тәрелкелерге бөліп салу керек.<br>– Печеньені қандай белгілері бойынша бөліп саламыз? (Балалар белгілерді атайды).<br>**Өздік жұмыс**<br>**(Ж)** Әрі қарай 1-тапсырманы жұптасып орындайды. Балалар бір белгіні таңдап, тәрелкелерді толтырады.<br>(Ө) 2-тапсырма – заңдылықты жалғастырып тексеру | Әліппе дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | арқылы өз бетінше орындалады. | |
| 16–25 | **Өткен материалмен жұмыс.**<br>(**Т**) 3- тапсырма. Балалар «артық» заттың белгісін таңдап, оны түсіндіреді. Егер топта келіспеушіліктер туындаса, балалардың әрқайсысы өзінің шешімін қорғайды, педагог затты алып тастау үшін белгі әртүрлі болуы мүмкін деген қорытынды жасауға көмектеседі.<br>**(Ұ)** Педагог электрондық жиынтық полотномен немесе қималы материалмен жұмыс ұйымдастырады. Балалар топтарда өздерінің реттілігін құрып, бір-біріне оларды түсіндіреді, қателіктерді тауып, оларды түзетеді. | Әліппе дәптер<br><br>Электрондық жиынтық полотно, қималы материал. |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№24 ҰОҚ. Тақырыбы:** Достарыммен жасаймын. тізбек және заңдылық. | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.3.2. 1-ден 20-ға дейінгі сандардың реттік қатарында қалып қойған санды атау.<br>0.2.3.4.Заңдылықты талдап, бұзылысты мұғалімнің көмегімен табу. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:**<br>-түрлі фигуралардың, заттардың орналасу бірізділігін анықтайды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:**<br>-түрлі фигуралардың, заттардың орналасу бірізділігін анықтайды және оны жалғастырады. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>-фигуралардың, заттардың бірізділігін өз бетінше құрастырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-бірізділік жасалған белгілерді құрастыра алады, заңдылықтың бұзылғанын түсіндіре алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>**-**бірізділік, алдымен, кейін.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Фигуралардың орналасу заңдылығын түсіндіре аласыңдар ма? |

| | | |
|---|---|---|
| | – Көрсетілгеннен кейін қандай фигура келуі керек?<br>–Ұсынылған фигуралардан өздеріңнің заңдылықтарыңды құрастыра аласыңдар ма?<br>**Жазу**: *фигураларды салу, бояу, фигуралардың бірізділігін жалғастыру.* | |
| **Алдыңғы білім** | Фигуралардың, сандардың немесе заттардың түсі, пішіні, көлемі, мақсаты, бірізділігі. | |

| **Жоспар** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог достық туралы тақпақ оқиды.<br>Әрі қарай балалар достарымен бірге қандай қызықты істермен айналысуға болатыны туралы әңгімелеседі.<br>**Өзектендіру.**<br>Достарымыз бізге тапсырмалар дайындап қойыпты. Қатарлар қалай түзілгенін тауып, оларды жалғастыру керек.<br>Достарымыз бізге тапсырма әзірлеп қойыпты. Қатарлардың қалай құрылғанын анықтап, оларды жалғастыру қажет. | Жиынтық полотно |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)**Педагог №1 тапсырмадағы суретке қарауды ұсынады. –<br>–Қыз балалар моншақты қалай тізіп жатыр?Моншақты тізудің реттілігін атайды және санап бояйды.<br>**Өздік жұмыс.**<br>(Ө) 2-тапсырма. Жұптасып жұмыс істеу. Балалар бас киімдердің тәртібіне – үшбұрыш, шаршы; қолдарының орналасуына – екеуі төмен, біреуі жоғары, дененің пішіні мен түсіне – көк шаршы–көк шеңбер, екі қызыл шаршы, көк шаршы–көк шеңбер назар аудара отырып, кішкентай адамдардың орналасу бірізділігін талқылайды. Содан кейін қажетті фигураны жиектейді. | Әліппе-дәптер. |
| 16–25 | **Өткен материалмен жұмыс.**<br>(**Т**) Өткенді бекіту үшін «*Геометриялық мозаика*» ойынын өткізуге болады. Ол балалардың геометриялық фигуралар туралы білімін бекітуге арналған, оларды түрлендіру іскерлігін қалыптастырады, қиялын және шығармашылық ойлауын дамытады, фигуралардың орналасу тәртібін талдауға, фигура құруға, үлгіні негізге алуға үйретеді. Педагог балаларға алдымен үлгі бойынша, содан кейін өзінің ойлағаны бойынша өрнек (қайталанып отыратын нақышпен) жасауды ұсынады.<br>(Ө) №3 тапсырманы түсіндіре отырып орындау ұсынылады.<br>Педагог фигуралардың заңдылығын атауды ұсынады. Талқылаудан кейін балалар өз бетінше фигураларды толықтырып салады және бояйды. Тапсырманы жиынтық полотноның көмегімен тексеруге болады. Балаларға кесілген материалдан өздерінің заңдылығын құрастырып, | Кесілген геометриялық фигуралар.<br><br>Жиынтық полотно.<br>Кесілген геометриялық фигуралар. |

| | | |
|---|---|---|
| | оны жолдастарына жалғастыруды ұсынуды тапсыруға болады. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№25 ҰОҚ. Тақырыбы:** Қай уақытта болады? Бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; таңертең, кешке, күндіз, түнде. | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.3.1.Түрлі жағдаяттардың/ фигуралардың /уақыттың (күн, апта, ай, жыл) тізбегін орнатып, жалғастыру.<br>0.2.4.1.Уақыт туралы түсінікті білу: бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:**<br>-уақыт бөлігіне (күн, апта, ай, жыл) байланысты түрлі оқиғалардың бірізділігін түсіндіреді;<br>-түрлі фигуралардың бірізділігін жалғастырады. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:**<br>-фигуралардың, заттардың, оқиғалардың бірізділігін құрастырады. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>-өз бетінше заттардың, фигуралардың, оқиғалардың бірізділігін құрастырады, бірізділіктегі қателерді атайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-уақыт бөлігіне (күн, апта, ай, жыл) байланысты түрлі оқиғалардың бірізділігін түсіндіре алады;<br>-түрлі фигуралардың бірізділігін жалғастыра алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>-жыл мезгілдері, тәулік уақыты, апта күндері, алдымен, содан кейін, дейін, кейін, алдында...<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Оқиғалардың бірізділігін түсіндіре аласыңдар ма?<br>– Алдымен не болды, содан кейін не болды?<br>– Өз бірізділіктеріңді құрастыра аласыңдар ма?<br>**Жазу:**<br>*-бастырып жазу, бояу.* |
| **Алдыңғы білім** | Жыл мезгілдері, тәулік уақыты, апта күндері. |

| **Жоспар** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог балалардан сұрайды:<br>– Қазір қай жыл мезгілі?<br>– Қазір қандай тәулік уақыты? (содан кейін қандай, бұған дейін қандай тәулік уақыты болды және т.б.).<br>**Өзектендіру.**<br>(**Ұ**)Педагог балаларға күн тәртібі туралы айтуды ұсынады.<br>– Күн тәртібі деген не?<br>– Күн тәртібі не үшін қажет?<br>Педагог түн, уақыт, апта күндері туралы жұмбақтар жасырады. | «Күн тәртібі» плакат. |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(**Ұ**)<br>– Біз бүгін күн тәртібі, тәулік уақыты, жыл мезгілдері туралы білімімізді нақтылаймыз.<br>(**Ұ**) Балалар1-тапсырманың суретін – күн тәртібін қарайды.<br>– Суретте бейнеленген оқиғалар тәуліктің қай уақытында болып жатыр?<br>Педагог балалардан «таңертең», «күндіз», «кеш», «түн», «алдымен», «содан кейін» деген сөздерді пайдаланып, жауап беруді сұрайды.<br>Педагог балаларға «Бұл қашан болады?» деген ойын түрінде жұмбақтар шешуді ұсынады. Жиынтық полотномен жұмыс жасайды.<br>**Жаңалық ашу.**<br>(**Ұ**) Педагог балаларға «Бұл қашан болады?» ойынын ойнауды ұсынады (жыл мезгілдері туралы тақпақтарды, жұмбақтарды оқиды).<br>Педагог жиынтық полотномен жұмыс істеуді жалғастырады.<br>– Суреттерді қарап шығыңдар.<br>– Олар өз арасында қалай байланысқан? (Жыл мезгілдері, ауа райы, киім).<br>– Карточкаларды қалай біріктіру керек?<br>Талқылаудан кейін балалар өз бетінше карточкаларды біріктіреді, тексеру кезінде өздерінің жауаптарын дәлелдейді (Қыста ауа райы суық және қарлы, адамдар жылы киім киеді.) | Әліппе-дәптер.<br><br>Кеспе материал.<br><br>Жиынтық полотно,<br>№11 кесте |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ж)** Жыл мезгілдерін бекіту үшін балаларға №21-22 кестелердің қималы суреттерін өздігінен жалғауды ұсынады.<br>Жұптық жұмыс ұсынуға болады. Бір бала жыл мезгілдерін реттілігі бойынша атайды, екінші бала орналастырады, одан кейін балалар рөльдерімен алмасады.<br>2-тапсырманы орындау ұсынылады. | Электрондық жиынтық полотно.<br>№21-22 үлестірмелі материалдар. |

| | | |
|---|---|---|
| | (**Т**) 3-тапсырма – «реттілік» ұғымын бекітуге арналған.<br>Педагог алдымен не болатынын, содан кейін не болатынын айтып беруді сұрайды.<br>Талқылаудан кейін балалар тапсырманы өз бетінше орындайды. | Кеспе материалдар. |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер. |

| | | |
|---|---|---|
| **№26 ҰОҚ.**<br>**Тақырыбы:** Мен айналаны танып-білемін. Апта күндері | **Мектеп/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |
| **Оқыту мақсаттары** | 0.2.4.2.Аптадағы күндердің/жылдағы айлардың санын білу. | |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:**<br>-апта күндерін, жыл мезгілдерін атайды. | |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:**<br>-апта күндері мен жыл мезгілдерінің бірізділігін анықтайды. | |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>-апта күндері мен жыл мезгілдерін білдіретін сөздерді пайдалана отырып, өз бетінше әңгіме құрастырады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-жыл мезгілдері мен маусымдары туралы сөйлемдер құрастыра алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>-бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері, күн, апта, ай, жыл.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Қыста (көктемде, жазда, күзде) қандай мерекелер атап өтіледі?<br>– Алдымен не болды, содан кейін не болды?<br>**Жазу:**<br>-жалғастыру, бояу. | |
| **Алдыңғы білім** | Уақыт түсініктері: бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері, күн, апта, ай, жыл. | |
| **Жоспар** | | |

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог балаларды апта күндері туралы әңгімеге тартады.<br>– Балабақшаға, үйірмелерге қай күндері барасыңдар?<br>– Сендер қай күндері демаласыңдар?<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балаларға апта күндері туралы тақпақтар, жұмбақтар оқып береді. Балаларға осы тақырыпқа байланысты қандай тақпақтар білетінін және оны жалғастыруды ұсынады. | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(**Ө**) Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма.<br>– Кейіпкерлеріміз әр күні не істейтініне қара?<br>– Аптада неше күн бар? (Жеті.)<br>**Жаңалық ашу.**<br>(**Ұ**) Кемпірқосақта қанша түс бар болса, аптада сонша күн бар.<br>Балалар түстермен сәйкестендіріп апта күндерін атайды.<br>– Бір апта бойы не болғанын айтыңдар?<br>– Сендер апта күндерінің атауын білесіңдер ме?<br>– Сурет бойынша аптаның әр күні балалардың не істегенін айтыңдар. | Әліппе-дәптер. |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Ж)** 2-тапсырманы орналасу заңдылығын сақтай отырып жалғастырады және бояйды.<br>**«Апта, сапқа тұр» дидактикалық ойыны.**<br>(**Т**) Үстелдің үстінде цифрлары бар теріс аударылған карточкалар жатыр. Балалар белгі бойынша үстелден карточкаларды алады. Өздерінің серіктестерін іздейді, яғни қатарға тұрып, өзіндегі апта күнін атайды («Бірінші – дүйсенбі, екінші – сейсенбі»...).<br>Педагог дүйсенбіні; ..., сәрсенбіні және т.б. білдіретін күннен шығуын сұрайды.<br>Педагог дүйсенбіден кейін, сенбінің алдында, сейсенбі мен бейсенбінің ортасында тұрған және т.б. апта күнінен шығуын сұрайды.<br>Педагог бейсенбіден кейін (бес, алты, жеті деген цифрлары бар балалар); сәрсенбінің алдында (бір, екі деген цифрлары бар балалар) тұрған апта күндерінің шығып, өздерінің қай апта күндері екенін атауды сұрайды.<br>**(Ө)** Өткен тапсырманы бекіту үшін 3-тапсырманы орындау ұсынады. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. | Әліппе-дәптер. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | |

<table>
<tr><td colspan="2">№27 ҰОҚ. Тақырыбы: Маған ұнайтын жыл мезгілі. Оқиғаның ретін белгілеймін.</td><td colspan="2">Мектеп/МҰ:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.2.4.1.Уақыт туралы түсінікті білу: бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері.<br>0.2.3.1.Түрлі жағдаяттардың/ фигуралардың /уақыттың (күн, апта, ай, жыл) тізбегін орнатып, жалғастыру.</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:<br>-уақыт туралы түсінікті біледі: бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:<br>-бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері деген сөздерді өмірдегі және оқудағы жағдайларда қолданады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:<br>-тәулік уақытына, жыл мезгілдеріне, апта күндеріне арналған сөздерді пайдалана отырып, өз бетінше әңгіме құрастырады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">Дағдыларын дамыту:<br>-тәулік уақыты мен жыл мезгілдері туралы сөйлемдер құрастыра алады.<br>Пәндік лексика және терминология:<br>-бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері, күн, апта, ай, жыл.<br>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:<br>– Қыста (көктемде, жазда, күзде) қандай мерекелер атап өтіледі?<br>–Тәулік ішінде (таңертең, күндіз, кешке, түнде) не істейсің?<br>–Алдымен не болды, содан кейін не болды?<br>Жазу:<br>-бастырып салу, бояу.</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы білім</td><td colspan="3">Жыл мезгілдері, тәулік уақыты, апта күндері .</td></tr>
</table>

<table>
<tr><th colspan="3">Жоспар</th></tr>
<tr><th>Жоспарланған уақыт</th><th>Жоспарланған іс-әрекет</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Басталуы<br>0–5 минут</td><td>Ынталандыру.<br>Педагог балаларды жыл мезгілдері туралы әңгімеге тартады.</td><td>«Жыл мезгілдері»,</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Жұмбақ шешуді ұсынады.<br>**Өзектендіру.**<br>**«Бұл қашан болады?» дидактикалық ойыны**<br>Ойын барысы:Барлық ойыншыларға педагог әртүрлі түсті 4 шаршыдан үлестіріп береді.<br>Әр түс белгілі бір жыл мезгілін білдіреді, мысалы: сары – күз, көк – қыс, жасыл – көктем, қызыл – жаз.<br>Педагог (немесе бала) қандай да бір мезгілдегі құбылыстың (мысалы, жапырақтардың түсуі). Балалар шапшаң сәйкес түсті (сары) шаршыны көтеруі керек. | плакат<br><br>Кеспе материал |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ)Табиғатты бақылай отырып, халық жыл мезгіліне байланысты көптеген жұмбақтар шығарды. Бір-бірлеріне жұмбақ жасыру ұсынылады.<br>**Жаңалық ашу.**<br>**(Ұ)** Педагог 1-тапсырмадағы «Жыл маусымдары» деген суретке карауды ұсынады. Балалар маусымдарды және олардың белгісін атайды.<br>Әрі қарай балалар өзінің таңдауын түсіндіре отырып, маусымдар мен сюжеттік суреттерді өз бетінше біріктіреді. | Әліппе-дәптер<br><br>Жиынтық полотно |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>(Ұ) **«Болады, болмайды» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог белгілі бір жыл мезгілінің белгісін атап, допты лақтырады. Егер бұл белгі сәйкес келсе, бала допты тосып алады, егер сәйкес келмесе, допты тосып алмайды.<br>(Ө) 2-тапсырманы өз беттерінше орындайды.<br>(Ж) 3-тапсырма жұппен орындалады. Балалар маусым бойынша сәйкес келетін заттарды таңдап, суреттерді біріктіреді. | Әліппе-дәптер |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады.<br>Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | |
|---|---|
| **№28 ҰОҚ .Тақырыбы:** Ас атасы – нан. Ай атаулары, апта күндері, тәулік бөліктері. | **Мектеп/МҰ:** |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** |

<table>
<tr><td colspan="2">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.2.4.1.Уақыт туралы түсінікті білу: бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері.<br>0.2.4.2.Аптадағы күндердің/жылдағы айлардың санын білу.</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:<br>-әңгімесінде бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері деген сөздерді пайдаланады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:<br>-әңгімелер мен сөйлемдер құрастырған кезде бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері деген сөздерді қолданады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:<br>-әңгімені қайтадан айтып берген кезде, суреттер топтамасын қалпына келтірген кезде және т.б. оқиғалардың бірізділігін өз бетінше құрастырады.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">Дағдыларын дамыту:<br>-өзінің сұрақтарын қойғанда және педагог пен тәрбиеленушілер сұрақтарына жауап берген кезде сөйлемде лексика мен терминологияны пайдалана алады.<br>Пәндік лексика және терминология:<br>-бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері.<br>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:<br>–Бір аптада неше күн бар?<br>–Қазір қандай уақыт (тәулік уақыты) екенін қалай анықтау керек?<br>(Терезеге қарап,таңертең, күндіз, кеш немесе түн.)<br>Жазу:біріктіру, бастырып салу.</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы білім</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td colspan="4">Жоспар</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Басталуы<br>0–5 минут</td><td colspan="2">Ынталандыру.<br>Педагог нан туралы мақал-мәтелдерді еске түсіруді ұсынады.<br>Түрлі нанның салынған суреттерін көрсетеді.<br>Өзектендіру.<br>«Болады, болмайды» доппен дидактикалық ойыны.<br>Педагог белгілі бір жыл мезгілінің белгісін атап, допты лақтырады. Егер бұл белгі сәйкес келсе, бала допты тосып алады, егер сәйкес келмесе, допты тосып алмайды.</td><td>Нанның түрлі суреттері.</td></tr>
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№40 ҰОҚ. Тақырыбы:** Велосипед тебеміз. Фигураларды таңдаймын және құрастырамын. | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.3.2.2.Объектілерді бірден бірнеше белгісіне сүйене отырып, үлгі бойынша таңдай алу.<br>0.3.1.2.Фигураларды (шаршы, тік төртбұрыш) екі қасиеті бойынша жіктеу. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:**<br>-фигураларды топтастырады, нысандарды үлгі бойынша таңдай алады. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:**<br>-нысандарды бірден бірнеше белгісіне сүйене отырып, үлгі бойынша таңдайды. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>-фигураларды бірнеше қасиеті бойынша топтастырады, нысандарды үлгі бойынша таңдай алады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>- фигуралардың қандай белгісі бойынша топтастырылғанын түсіндіреді.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>- фигуралар, бірізділік, пішімі, түсі, мөлшері.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Фигуралар несімен ұқсас және несімен ерекшеленеді?<br>– Фигуралар қалай орналасқан?<br>– Келесі фигура қайсысы?<br>**Жазу:**<br>-жиектеу, бояу. |
| **Алдыңғы білім** | Фигуралар, бірізділік, пішімі, түсі, мөлшері. |

**Жоспар**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог велосипедпен серуендеудің пайдасы туралы әңгімеге тартады.<br>**Өзектендіру**<br>Жиынтық полотнода фигуралардан құрылған жолды қарау ұсынылады:<br><br>Сонымен қатар тоғызыншы фигураны іздеуді ұсынуға | Үлестірмелі материал.<br>Жиынтық полотно |

| | | |
|---|---|---|
| | болады.<br><br>– Қандай фигура қалдырылған? | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(**Ұ**) Бүгін біз қалып қойған фигураларды тауып, қатарларды жалғастырып, фигураларды салыстырып және таңдап жаттығамыз.<br>**Жаңалық ашу.**<br>(**Ө**) 1-тапсырманы орындауды ұсынады, онда жолдағы заңдылықты жалғастыру қажет.<br>№1 тапсырмадағы жолды талдап, заңдылық бойынша оны аяқтайды.<br>(**Ж**) Екінші жолды балалар жұппен талдайды және өз бетінше бояйды.<br>Үстел үстінде фигуралардан өз нұсқаларын құрып, ұсынады. | Әліппе-дәптер |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>**(Т)** Заңдылықты құрастыру және жалғастыру бойынша тәжірибелік жұмыс ұйымдастырады.<br>Заттар мен фигуралар беріледі.<br>(**Ө**) 2- тапсырманы өз бетінше орындайды.<br>Оны орындау үшін алдын ала түрлі түсті қағаздан пойыздың бөлшектерін жасау қажет. Шаршылар мен дөңгелектерді бөліктерге бөлмеуге болады. Мұны балалар жасасын. Бұл тапсырманы топтарда орындауға болады. Онда бөлшектер ірілеу болуы тиіс. Топқа бір ортақ қағаз парағы беріледі.<br>(**Т**) 3-тапсырманы балалар топпен талқылайды және фигуралар мен үйлерді өз бетінше біріктіреді.<br>Педагог «Фигура қайда тығылды?» ойынын ұсынады. Үйлерді текшелерден жасауға болады. Олардың ішіне фигуралардың бірін – дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, сопақша немесе тікбұрышты жасыруға болады. Балалар бір-біріне сұрақтар қояды:<br>- Бұл фигура үшбұрышты шатыры бар үйде ме?<br>- Бұл фигура сол жақтағы үйде ме?<br>- Бұл фигура үлкен терезесі бар үйде ме? Және т.б. | Әліппе-дәптер |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | салуға болады. | |

| | | |
|---|---|---|
| **№41 ҰОҚ. Тақырыбы:** Менің анам. Заттар тобын салыстырамын. « =», «>», «<» белгілері. | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.4.1.2. Белгілерді тану ( =, >, <). |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -заттар топтарын салыстыру жазбаларынан (=, >, <) белгілерін таниды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:**<br>-заттар топтарын өзара бірмәнді сәйкестік, сандарды салыстыру арқылы салыстырады,( =, >, <) белгілері бар суреттер бойынша жазбалар құрастырады. |
| | |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>( =, >, <) белгілері бар жазбаларды өз бетінше құрастырады және оларға сурет таңдайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту**:<br>- екі санды салыстыру жазбаларын оқиды, ( =, >, <) белгілері бар салыстыру жазбасын түсіндіреді.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>**-**үлкен, кіші, тең, ( =, >, <) белгілері.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар.**<br>–Заттар тобын қалай салыстыруға болатынын айт.<br>–Заттардың екі тобын салыстыру жазбасына қандай белгі қоюға болатынын түсіндіре аласыңдар ма?<br>–Заттар тобын қалай салыстыруға болатынын айтуға саған қандай сөздер көмектескенін және мұны математика тілінде жазуға қандай белгілер көмектескенін түсіндір.<br>**Жазу:**<br>*-бояу, белгілерді қорша және т.с.с.* |
| **Алдыңғы білім** | Есеп, «көп», «аз», «сонша» ұғымдары. |

| **Жоспар** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>ҰОҚ тақырыбына кіріспе ретінде педагог «Мен анама көмектесемін» ойынын ұсынады.<br>Педагог балаларға ойыншық ыдыс пен азық-түлікті | Еліктеу ойынына арналған ойыншық ыдыс, |

| | | |
|---|---|---|
| | пайдалана отырып, дастарқан жаюды ұсынады.<br>**Өзектендіру.**<br>Анасы мен қызы, ұлы рөлдері бөлінеді. Балалар дастарқан жаяды, ал топ үстелдегі заттарды дауыстап санайды. Педагог сандар, санау нәтижесі жазылған карточкаларды іледі. Педагог ненің үлкен, ненің кіші немесе тең екенін қалай салыстыруға болатынын сұрайды. (Балалар екі тәсіл – қасына орналастыруды немесе бірінің үстіне бірін қоюды ұсынады. Мысалы, тостағанды тәрелкеге қойып, қайсысы үлкен екенін білуді ұсынады.Екінші тәсіл – санды жазып, сандарды салыстыру. Егер санаған кезде қандай да бір сан бірінші айтылса, онда ол аз болады.<br>Бүгін біз математика тілінде қандай да бір заттардың үлкен, кіші немесе тең екенін қалай жазуға болатынын білеміз. | азық-түлік, «анасына» және «ұлына», «қызына» арналған алжапқыштар. |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)**Тостағандардың көп (аз) екенін, тәрелке қанша болса, сонша екенін қалай жазуға болатынын кім біледі? Математикада қандай белгілер барын біліп алайық.<br>**Жаңалық ашу.**<br>(Ұ) Педагог таңбалары бар карточкаларды көрсетіп, оларды ауада қарындашпен немесе саусақпен сызып көрсетуді сұрайды. Белгілерді түтікшелердің немесе ермексаздың көмегімен бейнелуге болады.<br>Математикада көбінесе сандарды шамасы бойынша салыстыруға тура келеді, ол үшін графикалық символдар ойлап табылған. «Көп» сөзінің орнына «>» белгісі**,** ал «аз» сөзінің орнына «<» белгісі қолданылады.<br>Педагог «Мен анама көмектесемін» ойынының карточкаларының арасына белгілер қоюды ұсынады.<br>Балалар басқа балалармен бірге жаңа жазбаларды дауыстап оқиды.<br>Әліппе-дәптердегі 1-сурет бойынша әңгіме жүргізіледі. Ол бойынша үлкен, кіші, тең деп айтуға болады.<br>Сурет бойынша 4 < 6, 6 > 4, 5=5 деген үш жазба құрастыруға болады. | Әліппе-дәптер, санайтын материал |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>(Ж) 2- тапсырмада педагог заттарды санауды сұрайды. Белгіні оқуды, мұндай жазбаны кеспелі цифрлардың және белгілердің көмегімен жазуды сұрайды.<br>(Ұ) Ұқсас жұмыс жиынтық полотнода жүргізіледі. Жағдаят жасайды. Сырым мен Әлия ыдыстарды орналастырады (немесе шариктерді санайды), оларға заттарды санауға көмектесу қажет.<br>(Ж) Балаларға жұппен «сиқырлы қапшықтан» жорамалдап алу ұсынылады (іші көрінбейтін қапшық, одан балалар жорамалды түрде заттар алады). Сосын заттар үстелдің үстіне қойылады, заттар тобы санмен белгіленеді. Бұдан әрі балалар өздеріне ыңғайлы тәсілмен салыстырады. Содан кейін педагог сандардың арасына қандай белгі | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно. Үлестірмелі материал, «Сиқырлы қапшық» |

| | | |
|---|---|---|
| | қоюға болатынын көрсетуді ұсынады. Белгіні есте сақтауы үшін ертегі айтып беруге болады.<br>Математиканы оқытқан кезде балаларға әдетте үлкен және кіші белгілерін «құстың аузы» деп атайды, оларға бейнелі ұғымды есте сақтау осылай оңай болады. Ал кішісі қай жаққа, үлкені қай жаққа қарай жазылатынын есте сақтау үшін басқа мысал келтіреді: жабық ауыз әрқашан кіші санға қарай, ашылған ауыз үлкен санға қаратып жазылады. Енді егер сол жақта үлкен сан тұрса, ауыз оған қарай ашық тұрады да, бұл «үлкен» белгісі болады, ал егер сол жақта кіші сан тұрса, ауыз солға қарай жабық тұрады, онда бұл «кіші» белгісі болады.<br>Сосын балалар белгілерді бастырып жазып 3-тапсырмада жаттығады.<br>Сонымен қатар белгілерді ермексаздан жасауға болады.<br>Содан кейін педагог ҰОҚ-нің бірінші кезеңіне ұқсас электрондық жиынтық полотномен жұмысты ұйымдастыра алады. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **№42 ҰОҚ. Тақырыбы:** Менің достарым. Заттар тобын салыстырамын. | | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |
| **Оқыту мақсаттары** | 0.4.1.2.Белгілерді тану ( =, >, <). | | |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** | | |
| | -суреттерге ( =, >, <) салыстыру белгілері бар жазбаларды таңдайды. | | |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** | | |
| | -5 затқа дейін суреттерге ( =, >, <) салыстыру белгілері бар жазбаларды құрастырады, оқиды. | | |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>-заттар топтары мен сандарды қалай салыстыруға болатынын, суреттер бойынша сандарды 5-еуден көп заты бар топтармен | | |

| | |
|---|---|
| | салыстыру жазбаларын қалай құрастыруға болатынын түсіндіреді. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту**:<br>-екі санды салыстыру жазбаларын оқиды, ( =, >, <) белгілері бар салыстыру жазбасын түсіндіреді.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>**-**үлкен, кіші, тең, ( =, >, <) белгілері.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Заттар тобын қалай салыстыруға болатынын айт.<br>– Заттардың екі тобын салыстыру жазбасына қандай белгі қоюға болатынын түсіндіре аласыңдар ма?<br>– Заттар тобын қалай салыстыруға болатынын айтуға саған қандай сөздер көмектескенін және мұны математика тілінде жазуға қандай белгілер көмектескенін түсіндір.<br>**Жазу:**<br>**-**боя, белгілерді қорша және т.с.с. |
| **Алдыңғы білім** | Есеп, «көп», «аз», «сонша» ұғымдары . |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>ҰОҚ-нің тақырыбына кіріспе ретінде педагог ойын ойнауды ұсынады.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балалардан өткен сабақта қандай белгілермен танысқанын сұрайды.<br>- Заттар тобын қалай салыстыруға болатынын айт.<br>- Заттардың екі тобын салыстыру жазбасына қандай белгі қоюға болатынын түсіндіре аласыңдар ма?<br>- Заттар тобын қалай салыстыруға болатынын айтуға саған қандай сөздер көмектескенін және мұны математика тілінде жазуға қандай белгілер көмектескенін түсіндір.<br>Балалар бөлменің ортасына шығып, педагог атаған белгі бойынша (ұлдар, қыздар) топпен сапқа тұрады және кімнің көп немесе аз екенін салыстырады. Үлестірмелі материалдан саны бар карточканы тауып, топта қанша адам бар екенін көрсетеді. Бұдан әрі педагог екі топтағы балалардың «көп», «аз», «тең» екенін көрсететін таңбаны табуды сұрайды.<br>Бүгін біз белгілерді (=, >, <) пайдалануды жақсы үйрендік пе, соны білеміз. | Ойынды сүйемелдеуге арналған көңілді әуендер.<br><br>Үлестірмелі материалдар. |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>**(Ұ)** Жиынтық полотномен жұмыс.<br>Жағдайдың үлгісін келтіреді. Сырым мен Әлия ыдыс-аяқты қойып шығады (немесе шарларды санайды), оларға заттардың санын салыстыруға көмектесу керек.<br>**Өздік жұмыс.**<br>(Ж) Педагог жұппен 1-тапсырманы талқылап, орындауды ұсынады. Балалар бір-біріне суреттерге қандай жазбалар келетінін түсіндіреді. | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно, санайтын материал |

| | | |
|---|---|---|
| | Сонымен, балалардың бұл белгілерді түсінетін-түсінбей-тінін анықтауға болады.<br>(Ж) Сосын әрқайсысы доптарды жеке салыстырады. Бұл барлық балалардың белгілерді танитын-танымайтынын, оларды дұрыс қолданатын-қолданбайтынын анықтау үшін қажет.<br>(Т) Дәптермен жұмыс жүргізгеннен кейін балаларды топтарға бөліп тұрғызып, заттар – доптар, ойыншықтар және т.б. тарату қажет. Ненің көбірек екенін анықтау ұсынылады – заттар ма, немесе балалар ма? Заттардың саны балалармен тең болуы үшін неше зат алу қажет? | |
| 16–25 | **Меңгерген нәрсені қолдану.**<br>2-тапсырманы орындау ұсынылады.<br>(Ө) Балаларды бір уақытта белгілердің атауларын дауыстап айту арқылы оларды қоршап жаттықтырыңыз. Алдыңғы ҰОҚ-дегі белгілер туралы ертегіні қайталап айтып беріңіз. Жақсырақ есте сақтау үшін белгілерді шынтағынан бүгілген қолмен көрсетуді ұсыныңыз. Әдетте адамдардың көпшілігі оң қолмен жазады, демек оң қолды бүксек, артық белгісін көреміз.<br>**Өздік жұмыс**<br>(Ө)3-тапсырма жеке жұмыс істеуге арналған, кейіннен жұппен тексеріледі.<br>Тапсырмаларды тексерген кезде әрбір бала міндетті түрде жазбаға дауыстап түсінік береді және оның таңдау себебін айтады. Мысалы: 1-нұсқа: Мен сол жақтағы гүлдер санын санадым және санын жаздым. Сосын оң жақтағыларын санадым да, санын жаздым. Мен сандардың қатарына қарап, сол жақтағылардың саны оң жақтағылардың санынан көп (аз, тең) екенін анықтадым. Мен үлкен таңбаны таңдадым.<br>2-нұсқа. Мен оң жақтағы және сол жақтағы суреттердің арасына сызық жүргіздім, кейбір суреттер жұпсыз қалды. Демек, заттардың бұл тобында олар көп. Мен сол жақтағы және оң жақтағы суреттердің санын санап, таңба қойдым.<br>(Т) Топтық жұмыс. Қорапшаларға немесе дорбаларға фигуралар салынған. Балалар таңдамай бірнешеуін шығарады және заттардың топтарын салыстырады. Белгілерді шығарып, топтардың арасына қояды. Цифрлар бейнеленген карточкаларды шығарып, теңсіздік құрады.<br>Жұмыстың басқа нұсқасы. «Жаңбыр» қимылды ойыны. Музыка естіледі. Балалар бөлмеде секіріп жүреді. Педагог музыканы тоқтатқан кезде балалар еденде жатқан «үйшіктерге» жасырынады. Ол үшін шеңбер сызуға немесе кеңістікті қоршауға болады. Енді үйшіктердің әрқайсысындағы балалар саналады.<br>- Қайда артық, қайда кем? Қалай салыстыруға болады? Қандай белгі қою қажет? Қалай жазуға болады? | Әліппе-дәптер, Үлестірмелі материал |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | |

| | | |
|---|---|---|
| **№43 ҰОҚ. Тақырыбы:** Мен мектепке барамын. Қосамын және азайтамын. | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.4.1.1. «+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу (азайту) таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | - «+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу (азайту) таңбасы ретінде түсінеді. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу (азайту) таңбасы ретінде түсінеді және оларды пайдаланады. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>**-**сурет немесе жағдай бойынша қосу мен алуды белгілеу үшін «+» және «–» таңбалары бар жазбалар құрастырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-сурет немесе жағдай бойынша қосу мен алуды белгілеу үшін «+» және «–» таңбалары бар жазбаларды түсіндіре алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>**-**қосу, азайту (алу).<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–Заттарды қосқанда не болатынын айт.<br>–Бұл топтағы заттарды қандай белгісі бойынша алып тастағанын түсіндіре аласыңдар ма?<br>–Суретте, бұл жағдайда не болғанын айтуға саған қандай сөздер көмектескенін түсіндір (заттарды біріктірді, қосты, алып тастады, азайтты)?<br>**Жазу:**<br>-бояу, «+» және «–» таңбаларын қорша және т.с.с. |
| **Алдыңғы білім** | Заттарды қосу, алу, санау. |
| **Жоспар** | |

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Педагог балалардан олардың мектепке барғысы келетін-келмейтінін сұрайды. Оларға елімізде барлық адам білім ала алатынын айтады. Бірақ мектепке бару үшін көп нәрсе үйрену керек. Сосын педагог 1-сыныпқа сәтті көшу үшін балаларға не керек екенін сұрайды.<br>**Өзектендіру.**<br>– Бүгін біз көптеген нәрсе үйренеміз.<br>ҰОҚ-нің тақырыбына кіріспе ретінде педагог заттардың топтарын есептеу ойынын ұсынады. Балалардың қозғалу белсенділігін пайдалануға болады. Оқу бөлмесі кеңістігінің бір бөлігін орындықтармен қоршаңыз.<br>Педагог бабаларға орындықтардың артында «үй» бар деп елестетуді ұсынады. Бірнеше адам «үйге» кіріп, қалған балалар оларды санап, саны бар карточканы көрсетеді. Сосын «үйге» тағы да бірнеше адамды кіргізеді де, қанша адам кіргенін санайды. Сосын қанша болғанын санайды. Осыған ұқсас ойынды азайтуға дайындалғанда да өткізеді. «Үйден» бірнеше бала шығады. Мұның барлығы керекті саны бар карточканы іздеумен және оны тақтаға немесе үстелге қоюмен қатар болады. | 1-10 сандары бар карточкалар |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ) Осы ойыннан кейін педагог балалардың бұл жағдайды математика тілінде қалай жазуға болатынын білетін-білмейтінін сұрайды.<br>– Бүгін біз адамдарға сандардың бір бөлігін қосқан және алған кезде сандар қалай болатынын жазуға көмектесетін жаңа таңбаларды білеміз. | |
| 16–25 | **Жаңалық ашу.**<br>(Ұ) Әліппе-дәптердегі 1-тапсырма бойынша жұмыс істеуге болады, не «үй» ойынымен ұжымдық жұмысты жалғастыруға болады. Педагог «+» және «–» таңбаларын алып, балаларға көрсетеді. Оларды суреттегі немесе ойындағы белгілі бір жағдайда сандардың арасына қоюды ұсынады.<br>Сосын жиынтық полотнода заттар санайтын материалмен (бұл жағдайда екі түстегі шаршылармен) ауыстырылады: Жазбалар шығады. Педагог мұндай жазбаларды дұрыс оқуға үйренуді ұсынады. Хормен оқу тәсілі қолданылады. Бұл жазбаларды түрліше оқуға болатынына балалардың назарын аударыңыз.<br>(Ж) Жұппен бұл жерге қандай сандарды және неге қою керектігін талқылауды ұсыныңыз.<br>Қолданылатын сөздер: қосу, жиынтықтау, плюс, ... арттыру, азайту, шегеру, минус.<br>Педагог оқу үлгісін ұсынады, балалар оның артынан қайталайды. Одан кейін балалар мысалдарды түрліше оқиды. | Әліппе-дәптер, санайтын материал, сандары мен таңбалары бар карточкалар |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | (Ө) № 2 тапсырмада белгілерді айналдыра бастырып сызу берілген.<br>**(П)** Жұп болып № 3 тапсырмада қандай сандарды және неге қою керектігі талқыланады.<br>(Т) Топтарда ұқсас жағдаят жасаңыз. Балалар пойызбен жүріп бара жатқандарын бейнелейді. Олар бір-бірінен ұстайды. «Аялдамада» бір бала «шығады», ал қалғандары: «бесті бірге азайтқанда төрт қалады» дейді. Одан кейін қозғалыс жалғасады. Аялдамада тағы бір бала шығады. Ойын осылай жалғасады. Сонымен қатар сабақтарда алу мен қосу мысалдары үшін №7-9 полотно қолданылады.<br>Одан кейін балалар орындаған жұмыс түрлерін естеріне түсіреді.<br>Нені жеңіл және сәтті орындағанын, неден қателескендерін немесе қиналғандарын талдайды.<br>Смайликтердің немесе басқа шартты белгілердің көмегімен өз жұмысының нәтижесін көрсетеді. | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно, үлестірмелі материал–сандары бар карточкалар |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№44 ҰОҚ. Тақырыбы:** Менің отбасым. Қосамын және азайтамын. | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.4.1.1.«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсінеді. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсінеді және оларды пайдаланады. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>**-**сурет немесе жағдай бойынша қосу мен алуды белгілеу үшін «+» және «–» таңбалары бар жазбалар құрастырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>**-**сурет немесе жағдай бойынша қосу мен алуды белгілеу үшін «+» және «–» таңбалары бар жазбаларды түсіндіре алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>**-**қосу, алу (азайту).<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Заттарды қосқанда не болатынын айт.<br>– Заттарды бұл топтан қандай белгісі бойынша алып тастағанын түсіндіре аласыңдар ма?<br>– Суретте, бұл жағдайда не болғанын айтуға саған қандай сөздер көмектескенін түсіндір (заттарды біріктірді, қосты, алып тастады, азайтты).<br>**Жазу:**<br>**-**боя, «+» және «–» таңбаларын қорша және т.с.с. |
| **Алдыңғы білім** | Қосу, алу, заттардың саны. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>ҰОҚ-нің тақырыбына кіріспе ретінде педагог жоспар бойынша өз отбасы туралы әңгімелеуді ұсынады:<br>– Сенімен қанша адам тұрады?<br>– Олар неге отбасы деп аталады?<br>Балалардан алдағы уақытта отбасылық суреттерін әкелуін сұраңыз.<br>Педагог отбасы мүшелерін санауды тапсырады.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балалар өткен ҰОҚ-де қандай таңбалармен танысқанын, олардың нені білдіретінін сұрайды.<br>Суреттердің астындағы немесе жиынтық полотнода құрастырылған жазбаларды оқуын сұрайды.<br>Осы сабақтарда азайту мен қосу мысалдары үшін № 7-9 полотнолар қолданылады. | Отбасының фотосуреттері<br><br>Жиынтық полотно. |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ) Бүгін біз осы таңбалары бар жазбаларды құрастыруды және оқуды қалай үйренгендеріңді білеміз.<br>(Т)  Кез келген заттар немесе фигуралар таратылады.<br>Азайту мен қосу мысалдары көрсетіледі.<br>- Суреттегі жағдаятта не болғанын айтуға қандай сөздер көмектесті (заттарды біріктірді, қосты, алды, азайтты).<br>Өлеңмен жазылған есептерді ұсыну қажет.<br>**Өздік жұмыс.**<br>(Ө) Әліппе-дәптердегі 1-тапсырманың алдында суреттер бойынша әңгіме өткізіледі. Сандарды жапсырғанға дейін балаларға үлестірмелі материалдан карточкалары бар осындай жазба құрастыруды тапсыруды ұсынуға болады.<br>Содан кейін педагог тапсырманы барлық балалар орындай алып жатыр ма, қосу және азайту әрекеттерін дұрыс құрастырып, оқи ала ма – соны көреді.<br>(Ө) 2-тапсырманы әркім өз бетінше орындайды. Бұл педагог балалардың тақырыпты қалай меңгергенін көруге көмектеседі.<br>Балалар өздігінен шарларды бір-бірлеп санап, жауапты жапсырады. | Әліппе-дәптер, Үлестірмелі материал–сандар мен таңбалар |
| 16–25 | **Өткен материалмен жұмыс.**<br>(Ө) 3-тапсырма өз беттерінше орындалады. Таңбаларды бастырып жазу қол моторикасын дамытуға, таңбаларды пысықтауға көмектеседі.<br>**(Ө)** Жеке қималы материалдан ұсынылған жағдаят бойынша азайту мен қосуға арналған мысал жасауды ұсыныңыз. Бұл педагогқа балалардың тақырыпты қалай меңгергенін көруге мүмкіндік береді. Мысалы, мынадай үлгідегі есепті оқыңыз: 5 гүл өсіп тұрды, оның екеуі қурап қалды. Нешеуі қалды?<br>- Қалай жазуға болады? Карточкаларда көрсетіңдер.<br>Қосуға мынадай есеп түрін ұсыныңыз:  Құмыраға 3 түйме-дақ пен екі кекірегүл салынды. Құмырада неше гүл бар?<br>(Ж) Дәл осындай жұмысты жиынтық полотнода жұппен кез келген объектімен үйлестіруге де болады. Полотнода | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно.<br>Үлестірмелі материал |

| | | |
|---|---|---|
| | немесе сандары мен таңбалары бар карточкаларда жұппен жұмыс істей отырып, азайтуға арналған тиісті жазбаларды құрастырыңыз.<br>Егер балалар тапсырманы жылдам орындаса, онда осыған ұқсас жаттығуды үстелдерде санайтын материалмен өткізіңіз. Қосу әрекетін қосыңыз.<br>Әрбір жұптың қасына барып, олардың жазбаларды қалай оқып отырғанын тыңдап, оларды түзетіп, мынадай сұрақтар қойыңыз:<br>– Заттарды қосқанда не болатынын айтшы?<br>– Заттарды бұл топтан қандай белгісі бойынша алып тастағанын түсіндіре аласыңдар ма?<br>– Суретте, бұл жағдайда не болғанын айтуға саған қандай сөздер көмектескенін түсіндірші (заттарды біріктірді, қосты, алып тастады, азайтты) ?<br>Одан кейін педагог жазбаларды түрліше оқуды ұсынады.<br>Қолданылатын сөздер: қосу, жиынтықтау, плюс, ... арттыру, азайту, шегеру, минус, ... азайту.<br>Педагог оқу үлгісін ұсынады, балалар оның артынан қайталайды. Одан кейін балалар мысалдарды өздігінен түрліше оқиды. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады.<br>Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№45 ҰОҚ. Тақырыбы:** Туған өлке табиғаты. Қосуды және азайтуды үйренемін. | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.4.1.1.«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсінеді және оларды пайдаланады. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -сурет немесе жағдай бойынша қосу мен алуды белгілеу үшін «+» |

| | |
|---|---|
| | және «–» таңбалары бар жазбалар құрастырады. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>-«+» және «–» таңбалары бар жазбаларды түрліше оқиды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-сурет немесе жағдай бойынша қосу мен алуды белгілеу үшін «+» және «–» таңбалары бар жазбаларды түсіндіре алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>-қосу, алу(азайту).<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–Заттарды қосқанда не болатынын айтшы?<br>–«+» және «–» таңбалары бар жазбаларды әртүрлі оқи аласыңдар ма?<br>–Суретте, бұл жағдайда не болғанын жазуға саған қандай таңбалар көмектесетінін түсіндірші (заттарды біріктірді, қосты, алып тастады, азайтты)?<br>**Жазу:**<br>-боя, «+» және «–» таңбаларын қорша және т.с.с. |
| **Алдыңғы білім** | Жиынға (жиыннан) заттарды біріктіру және алу, санау, салыстыру. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>ҰОҚ-нің тақырыбына кіріспе ретінде педагог туған өлкенің табиғаты салынған суретке қарауды ұсынып мынадай сұрақтар қояды.<br>–Туған өлке не үшін қымбат?<br>– Адам өзі туған жерін не үшін сағынады?<br>Педагог балаларға туған өлкеге «серуен» жасауларын ұсынады.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балалардан:<br>–Жақсы санай аласыңдар ма? – деп сұрайды.<br>– «Менің өлкемнің табиғаты» суретінен не құрастыруға болады?–деп сұрайды. | Сүйемелдеуге арналған әуендер және «Менің өлкемнің табиғаты» фотосуреті |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ)Бүгін біз сендердің қаншалықты ұқыпты екендеріңді, қалай қосуды және азайтуды үйренгендеріңді білеміз.<br>**Өздік жұмыс.**<br>(Ө)1-тапсырма қосу жазбаларын құрастыруға арналған. Бірақ онда бірнеше тапсырмалар біріктірілген.<br>Алдымен ағаштардың жалпы санын санау керек.<br>Ағаштарды отырғызу заңдылығын анықтау үшін реттік санауға арналған жаттығу жүргізіңіз (Саны бойынша қайсысы?)<br>Мысалы: қанша шырша? Солдан оңға қарай саны бойынша қандай ағаш?<br><br>Содан кейін өз бетінше мысалдарды жапсыру үшін уақыт | Әліппе-дәптер, санайтын материал |

| | | |
|---|---|---|
| | беріңіз. | |
| 16–25 | **Үйренгенді қолдану және түзету.**<br>(Ж) жиынтық полотномен және үстелде үлестірмелі материалдармен жұптасып жұмыс жүргізіңіз. Қосу және азайту әрекеттерін бейнелеп көрсету үшін заттарды немесе ойыншықтарды пайдаланыңыздар. Оларды «Менің өлкемнің табиғаты» деген ҰОҚ-нің тақырыбымен байланыстырыңыз. Мысалы, жануарларды, пүліш ойыншықтарды санаңыз. Қосуға және азайтуға арналған жазбаларды құрастырып, әртүрлі оқыңыз.<br>(Ж) Зейінді және ұсақ моториканы дамыту үшін 2-тапсырма орындалады.<br>Осындай жұмыс балалар үшін едәуір күрделі болғандықтан, қарындаштың қимылын дауыстап түсіндіруге болады.<br>Осындай тапсырманы жұптарда мөлдір файлдарда және шаршыларға бөлінген А4 парақта орындаған жақсы.<br> <br>Бұл балаларға суреттерді шаршы бойынша қайталауға үйренуге көмектеседі. Парақты шаршыларға бөлінген мөлдір тығыз файлға салуға болады. Оның ішіне сурет салынады, балалар оның кескінін құруы тиіс.<br><br>Басқа осындай парақта балалар оны шаршылар бойынша қайталайды.<br>Одан кейін сурет балалар шаршылар бойынша сурет салған файлға салынады.Орындау дәлдігін осылайша тексеруге болады.<br>3- тапсырманы орындау ұсынылады. | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно, Үлестірме материал, санауға арналған заттар |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады.<br>Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | |

| | | |
|---|---|---|
| **№46 ҰОҚ. Тақырыбы:**Менің елімнің мерекелері. Қосуды және азайтуды үйренемін. | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.4.1.1.«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «–» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсінеді және оларды пайдаланады. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -сурет немесе жағдай бойынша қосу мен алуды белгілеу үшін «+» және «–» таңбалары бар жазбалар құрастырады. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>«+» және «–» таңбалары бар жазбаларды әртүрлі оқиды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>**-**сурет немесе жағдай бойынша қосу мен алуды белгілеу үшін «+» және «–» таңбалары бар жазбаларды түсіндіре алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>**-**қосу, алу (азайту).<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Заттарды қосқанда не болатынын айт.<br>– «+» және «–» таңбалары бар жазбаларды әртүрлі оқи аласыңдар ма?<br>– Суретте, бұл жағдайда не болғанын жазуға саған қандай таңбалар көмектесетінін түсіндір (заттарды біріктірді, қосты, алып тастады, азайтты)<br>**Жазу:**<br>**-**боя, «+» және «–» таңбаларын қорша және т.с.с. |
| **Алдыңғы білім** | Жиынға (жиыннан) заттарды біріктіру және алу, санау, салыстыру. |

**Жоспар**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>ҰОҚ-нің тақырыбына кіріспе ретінде педагог «Наурыз», «1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» фотосуреттерін қарауды ұсынады.<br>Балаларға мынадай сұрақтар қояды:<br>– Мына мерекелерді білесіңдер ме?<br>– Олар қашан болады?<br>– Бұл мерекелер не үшін атап өтіледі? | Мереке күндерінің фотосуреттері, Санамақ өлеңдер |

| | | |
|---|---|---|
| | – Ата-аналар мереке күндері сендерді қайда апарады?<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балаларға жиынтық полотнода қосу мен алуға жазбалар құрастыруды ұсынады.<br>Педагог сұрайды:<br>– Заттарды қосқанда не болатынын айт.<br>– «+» және «–» таңбалары бар жазбаларды әртүрлі оқи аласыңдар ма?<br>– Суретте, бұл жағдайда не болғанын жазуға саған қандай таңбалар көмектесетінін түсіндір (заттарды біріктірді, қосты, алып тастады, азайтты).<br>– Санаған кезде сандардың тәртібін бекіту үшін орысша (қазақша және мүмкіндігінше ағылшынша) өлең айтыңыз. | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ) Бүгін біз кейіпкерлеріміз Әлия мен Сырымға олардың мерекеде не көргенін санап, жазуына көмектесеміз. Алдыңғы ҰОҚ-де үйренген таңбалардың көмегімен санайық және жазайық.<br>Мысалдардың үлгілерін жасау үшін жиынтық полотноларды пайдаланыңыз. Одан кейін оларды түрліше оқыңыз.<br>**Өздік жұмыс.**<br>(Ө) 1-тапсырманы балалар жеке өздері орындайды. Әрі қарай тексеру жүргізу керек. Балалардың қайсысы қателескенін анықтаңыз. Оларға қателесудің себебін талдауға көмектесіңіз.<br>№1 тапсырма алдыңғы тапсырмаға ұқсас, балалар оны өздігінен орындап, педагогке нәтижелерді ұсынады.<br>Мысалдарды жапсырудан бұрын қарындашпен сандарды жазуды ұсыныңыз. Одан кейін жапсырмалар жапсырылады. | Әліппе-дәптер, санайтын материал |
| 16–25 | **Үйренгенді қолдану.**<br>2- тапсырма қолдың моторикасын дамытуға арналған – өрнектерді бастырып жазу.<br>(Ж) Педагог балаларға жиынтық полотнода және әліппе-дәптерде 3- тапсырмаға ұқсас тапсырманы орындауды ұсынады. Балалар бір-бірін бақылап, көмектеседі.<br>(Ж) Алдын ала жұппен жұмыс жүргізгеннен кейін балалар (Ө) 3- тапсырманы өздері орындауы керек.<br>**(Ж)** Шаршылар бойынша суреттерді қайталау үшін педагог алдыңғы сабақтағы құралды пайдаланады. Жұптарда балалар бір біріне маркерді файл үстімен қалай жүргізу керек екенін айтады. Одан кейін суреттің кескінін қайталаған файлға салады. | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно немесе үлестірмелі материал |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | |

| | | |
|---|---|---|
| **№47 ҰОҚ. Тақырыбы:** Жұмбақтар. Мысалдар шығарамын. Цифрларды бастырып жазамын. | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.4.1.3.Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -көрнекіліктің негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді оқиды және заттар тобын қайта санау арқылы шешеді. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешеді. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>**-**қарапайым мысалдар мен есептерді өз бетінше құрастырады және содан кейін көрнекіліктің негізінде оларды шешеді. |
| **Тілдік мақсаттары** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-қарапайым есептер мен мысалдарды көрнекілік негізінде қалай шығаруға болатынын және заттар тобын қайта санау арқылы қалай есептейтінін түсіндіреді.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>**-**есеп,мысал, қосу, алу.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– 5+2, 5–2 деген жазбалардың нені білдіретінін айт.<br>– Заттарды біріктіргенде немесе заттар тобынан бөліп алғанда суреттегі жағдайды жазу үшін қандай таңба қою керек екенін түсіндіре аласыңдар ма?<br>– Мысалдарды жазуға саған қандай таңбалар көмектескенін түсіндір.<br>**Жазу:**<br>**-**сандарды толықтырып жапсыр, сандарды жаз, қорша және т.б. |
| **Алдыңғы білім** | Қосу және алу, «+» және «–», «=» таңбалары, сан және цифр. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>ҰОҚ тақырыбына кіріспе ретінде педагог балаларға жұмбақтар жасыруды ұсынады.Оның жауаптарын тақтаға орналастырады.<br>Педагог балаларға олар қандай да бір жұмбақтарды біле ме, естеріне түсіруді ұсынады. Жұмбақтар халық шығарған туындыларға жатады.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог 1- тапсырманы – жұмбақтарды шешіп, мысалдарды шығаруды ұсынады. | Жұмбақтардың жауаптары бейнеленген суреттер. |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ) Бүгін біз тек жұмбақтарды ғана шешіп қоймай, өзіміз математикалық мысалдарды құрастырамыз.<br>**Жаңалық ашу.**<br>(Т) Жиынтық полотномен жұмыс істей отырып, педагог санау үшін қажетті нысандарды таңдай алады. Әр сурет үшін жұмбақ келтіруге немесе балалардан оны өздері құрастыруын сұрауға болады.<br>Содан кейін педагог жағдайлар келтіреді, онда сандарды қосу немесе азайту керек. Балалар өздерінің үстелдерінде карточкалармен мысалдар құрастырады.<br>**Педагог жұмбақ оқиды**<br>Ақ тиін он жаңғақ тапты.<br>Бесеуін қоймаға апарды.<br>Нешеуі қалды? Қалай санаймыз?<br>Тиінге жауапты кім береді? (10–5=5)<br>Балалар жаңғақтардың орнына фигураларды немесе кез келген қосалқы материалды қолданып, үстелде санай алады. Одан кейін карточкалардан есеп құрастырады. | Әліппе-дәптер, санайтын материал |
| 16–25 | **Жаңаны қолдану.**<br>(Ж) 2 -тапсырма  цифрды бастырып жазуға және қолды цифрларды жазуға дайындау жұмыстарына арналған. Сондықтан әліппе-дәптерде жазбаша цифрды бастырып жазуға арналған тапсырмалар болады. Балаларды цифрларды  нүктеден бастап жазуға үйрету керек екеніне назар аударыңыз. Цифрды дұрыс жазу үшін дайындық жұмысын жүргізіңіз. Баланы математика пәніне арналған дәптерінде бейнеленген торшалардың орналасуында жақсы бағдарлануға үйрету қажет.  Бұл жаттығулар үшін дәптер парағына тән өлшемдерді сақтай отырып, үлкейтілген торшаны немесе жалпылама айтқанда шаршыны параққа басып шығару қажет. Бастапқы оқу кезеңінде баланы торша бөліктерінде жақсы бағдарлануға үйрету үшін осы парақты пайдаланған орынды. Көп таралған тәсілдер: ауада жазу, ірі торда маркермен жазу, саусақпен айналдыра бастырып сызу, ермексаздан жасау, цифр элементтерін сипаттау. | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно.<br>Үлестірмелі материал |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>1 цифры<br>1-қадам. Торшаның визуальды орталығынан сәл жоғары, ортасына өте жақын нүкте саламыз. Осы нүктеден жоғарғы оң бұрышқа дейін түзу сызық сызамыз.<br>2-қадам. Торшаның жоғарғы оң бұрышы мен төменгі сызықтың ортасындағы нүктені түзу сызықпен жалғаймыз.<br>(Ө) 3-тапсырма мысалдарды құрастырып, оларды оқуға арналған. Әртүрлі оқылуды пайдаланыңыз және балаларды әртүрлі тәсілдермен оқуға ынталандырыңыз.<br><br>Қағазда былай жазылған:<br>3 + 2 = 5.<br>–Мұны қалай оқуға болады?<br>Осы уақытқа дейін біз әдетте былай айтатынбыз:<br>«Үш қосу екі – тең болады бес».<br>–Бірақ басқаша айтуға да болады.<br>Мысалы:<br>–Үш және екі – бұл бес.<br>–Үшке екіні қосса, бес болады.<br>–Үш пен екіні қосамыз, нәтижесінде бесті аламыз.<br>–Үшті екіге арттырса, бес болады.<br><br>Сол сияқты:<br>5 − 2 = 3<br>бұл тек «бес алу екі үшке тең» ғана емес, сондай-ақ:<br>–Екісіз бес–бұл үш.<br>–Бестен екіні алса, үш болады.<br>–Бестен екіні азайтса, үш болады.<br>–Бесті екіге азайту үшті құрайды. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | |
|---|---|
| **№48 ҰОҚ. Тақырыбы:** Туған өлкем. Мысалдар шығарамын. Цифрларды бастырып жазамын. | **МЕКТЕП/МҰ:** |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** |

| | | |
|---|---|---|
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.4.1.3.Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -көрнекіліктің негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді оқиды және заттар тобын қайта санау арқылы шешеді. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешеді. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>**-**қарапайым мысалдар мен есептерді өз бетінше құрастырады және содан кейін көрнекіліктің негізінде оларды шешеді. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>- көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді және заттар тобын қайта санау арқылы шешуді түсіндіреді.<br><br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>**-**есеп, мысал, қосу, алу.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–5+2, 5–2 жазбалары нені білдіретінін айт?<br>–Заттарды біріктірген, заттар тобынан бөлігін алып тастаған суреттерге жағдайды жазу үшін қандай таңба қою керек екенін түсіндіре аласыңдар ма?<br>–Мысалдарды жазуға саған қандай таңбалар көмектескенін түсіндір.<br>–Мысалдарды әртүрлі тәсілмен оқы.<br>**Жазу:**<br>**-**сандарды толықтырып жапсыр, сандарды қорша, жаз және т.б. |
| **Алдыңғы білім** | Қосу және алу, «+» және «–», «=» таңбалары, сан және цифр . |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақы** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>Наурыз мейрамы кезінде дәстүрлі ойындар ойналады.Ойындар әртүрлі болады.Сабақ тақырыбына енгізу үшін педагог балаларға әдетте топта ойналатын шағын ойындарды ойнауды ұсынады.<br>**Өзектендіру.**<br>Балаларды 10 адамнан топтарға бөліңіз. «Жаңбыр» ойынын ойнатыңыз. Музыка тоқтағаннан кейін үйшіктердегі және | Ойынды сүйемелдеуге арналған көңілді әуендер. |

| | | |
|---|---|---|
| | оның сыртындағы балаларды санаңыз. Сандарды салыстырыңыз. Сонымен қатар қосуға мысалдар құруға болады. Жауабы әрқашан 10 болады. Балалардың бірі осыны байқап, атап өтсе, педагог оны көтермелейді. | |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ)Бүгін біз мысалдарды қалай құрастырып, оларды қалай әртүрлі оқу керек екенін бекітеміз.<br>**Өздік жұмыс.**<br>(Ө)Балаларға қосуға және азайтуға арналған 2–4 мысалдан таратып беріңіз. Нүктелердің немесе санау материалдарының көмегімен көрсетулерін ұсынады.<br>– 5+2, 5–2 жазбалары нені білдіретінін айт.<br>–Заттарды біріктірген, заттар тобынан бөлігін алып тастаған суреттерге жағдайды жазу үшін қандай таңба қою керек екенін түсіндіре аласыңдар ма?<br>–Мысалдарды жазуға саған қандай таңбалар көмектескенін түсіндір.<br>Мысалдарды әртүрлі тәсілмен оқы. | Әліппе-дәптер, санайтын материал, мысалдары бар карточкалар |
| 16–25 | **Үйренгенді қолдану.**<br>(Т)1-тапсырма. Бірінші рет мысалдар тізбегі кездеседі. Бірінің жауабы келесінің басталуы болатынын түсіндіріңіз. Үстелдерде немесе сынып тақтасында осыған ұқсас бұлт–тізбектерді ұсынуға болады.<br>Ж) Педагог есептер жазылған бұлттар (гүлдер, вагоншалар және т.б.) әзірлейді. Есептер тізбегінің не екенін түсіндіріп, топтар бойынша жарыс жариялайды. Одан кейін топтардың әрқайсысынан бір бала басқа топқа барып, тізбектің дұрыстығын тексереді.<br>**(Ө)** Заңдылықты түсіндіруге арналған №2 тапсырманы орындауды ұсынады.<br>(Ұ) Мысалдарды әртүрлі оқуға жарыс ұйымдастырыңыз. Жиынтық полотнода жазбаларды ұсынып, балалардың жауаптарын тыңдаңыз.<br>№ 6-8 полотноларды пайдаланады.<br>Мысалы:<br><br><br>✓ Үшке екіні қосқанда бес болады.<br>✓ Үш және екі, болады бес.<br>✓ Үшке екі қосу.<br>✓ Үшті екіге арттыру;<br>✓ Үш пен екіні жиынтықтау.<br>–Мысалдарды әртүрлі тәсілмен оқы.<br>(Ж) 3-тапсырма цифрларды бастырып жазуға арналған.<br>1-қадам. Торшаның жоғарғы оң бұрышында шағын жарты сопақша саламыз.<br>2-қадам. Жарты сопақшаны ұзарта отырып, төменгі қабырғаның ортасына түзу сызық жүргіземіз. | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно, Үлестірмелі материал |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-қадам. Нүкте қоямыз, одан бастап, төменгі шекараның бойымен толқынды сызық сызамыз. Толқынды сызық үш толқыннан тұрады – алдымен жоғары, одан кейін төмен, одан соң қайтадан жоғары.<br>(Ж) 4-тапсырма жұптасып орындалады. Заттарды салыстыру іскерліктерін, <, >,= белгілерін жазу іскерліктерін бекітуге арналған. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

<table>
<tr><td colspan="2">№49 ҰОҚ. Тақырыбы: Жемістер мен көгөністер. Мысалдар шығарамын. Цифрларды бастырып жазамын.</td><td colspan="2">МЕКТЕП/МҰ:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.4.1.3.Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу.</td></tr>
<tr><td rowspan="5">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-көрнекіліктің негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді оқиды және заттар тобын қайта санау арқылы шешеді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешеді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:<br>-қарапайым мысалдар мен есептерді өз бетінше құрастырады және содан кейін көрнекіліктің негізінде оларды шешеді.</td></tr>
| | металл не тығыз фольга қақпақтар алып келіңіз. Осы есеп материалдарымен есептер құрыңыз. Шешімді цифрлар мен белгілер бейнеленген карточкалардың көмегімен жазыңыз. | |
| 16–25 | **Білім мен іскерлікті қолдану және түзету.**<br>(Ө) 2 және 3- тапсырмалар жеке жұмыс істеуге арналған. Балалар №2 тапсырманың есептерін қажетті түстерге бояйды.   №3 тапсырмада есеп құрылады.<br>(Ж) Егер топта шахмат болса, балаларды топтарға бөліңіз. №3 есепке ұқсас есептер құруды сұраңыз. Балалар  топқа өз есептері мен олардың шешімін ұсынады.<br>(Ж) Сан құрамын пысықтау бойынша жұппен орындалатын жұмыс. Әрбір жұп санау үшін және мысалдарды сандары мен таңбалары бар карточкалардың көмегімен жазу үшін саны әртүрлі заттар ала алады. Кім көбірек әрі дұрыс мысалдар құрастыратынына қатысты жарыс ұйымдастыруға болады.<br>Егер балалар қателессе, педагог орындалған қосу және азайту әрекеттерінің талаптары мен нәтижесін қайта санауды ұйымдастырады.<br>Жұмысты алдыңғы сабақтағыдай күрделендіруге болады.<br><br><br>Балаларға көрнекі негізбен  есептердегі бос орындарды толтыру ұсынылады.<br>Үстелдерде немесе тақтада реттілікпен жұмысты жалғастырыңыз. Заңдылықты бұзбау үшін педагог қажетті түстегі шеңберлерді шығаруды ұсынады.<br> | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно .<br>Үлестірмелі материал – заттар және сандары мен таңбалары бар карточкалар |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№60 ҰОҚ. Тақырыбы:** Таза ауадағы қимылды ойындар. Мысалдар мен есептерді шығарамын. | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешеді, тапсырмадағы жағдай бойынша әрекет пен тиісті таңбаны таңдайды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -қарапайым мысалдар мен есептерді өз бетінше құрастырады және содан кейін көрнекіліктің негізінде оларды шешеді, тапсырманың компоненттерін біледі. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>**-**қарапайым жағдайларда 20-ға дейінгі сандардан мысалдар мен тапсырмалар құрастырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>**-**қарапайым мысалдар мен есептерді көрнекілік негізінде және заттар тобын қайта санау арқылы шығаруды түсіндіреді.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>-есеп, мысал, қосу, алу.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–Есептердің шешуін жазу үшін қандай таңбаны таңдайтыныңды айт, неге?<br>–Мысалдарды жазуға қандай таңбалар көмектескенін түсіндіре аласыңдар ма?<br>–Сен мысалдарды түрліше оқи аласың ба?<br>**Жазу:**<br>-сандарды толықтырып жапсыр, сандарды қорша, жаз және т.б. |
| **Алдыңғы білім** | Қосу және азайту, +, –, =,>,<  таңбалары, заттар тобын санау және салыстыру. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>ҰОҚ-нің тақырыбына кіріспе ретінде педагог олардың алаңында түсірілген әуедегі ойындар бейнетүсірілімін немесе басқа да бейнетүсірілімді ұсынады.<br>Педагог балаларға мұндай әуедегі ойындар неге пайдалы деген сұраққа жауап беруді ұсынады.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог жазда, қыста, көктемде, күзде қандай ойындар ойнаған дұрыс екенін сұрайды. Неге? 4 ойынды іледі: қар, | Ролик – әуедегі ойындар.<br>Ойынды сүйемелдеуге арналған көңілді әуендер.<br><br>Плакат – әуедегі |

| | | |
|---|---|---|
| | «шалшықта» секіру (шалшықты бейнелейтін парақшалар), бадминтон, секіргіш.<br>Ойындағы жүргізуші таңдайтын суретте бейнеленген нәрсені музыкамен бейнелеуді ұсынады. Музыка ойнап біткен соң осы ойындағы қалыпта «қатып қалу» керек.<br>Осы сабақта жыл мезгілдерін көрсету үшін № 11 полотноны пайдаланыңыз. Балалар қандай да бір маусымдық спорт түрін бейнелеуі үшін белгілі бір жыл мезгілін көрсетіңіз. | 4 ойын. |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ) Бүгін біз қимылды ойындарға қатысушыларға тапсырмаларды әуеде шешуге көмектесеміз.<br>**Үйренгенді қолдану.**<br>(Ұ) 1-тапсырма алдыңғы ҰОҚ-не ұқсас ұжымдық түрде талқыланады және әркім өз мысалдарын жазады. Бұл сурет бойынша түрлі мысалдар құрастыруға болады (қыздар мен ұлдар, велосипед пен қайық бойынша және т.с.с.).<br>Педагог екі сюжеттік сурет бойынша есептер құруды ұсынады. Ол үшін алдымен ондағы объектілерді санауды, одан кейін сюжет ойлап табуды ұсыныңыз.<br>Мысалы:<br>Орманға велосипедпен 2 ұл бала мен 2 қыз келді. Барлығы неше бала келді?<br>Сары қайықпен 4 ұл бала мен 2 қыз келді.<br>Есепке қандай сұрақ құруға болады?<br>Күлгін көк қайықта 6 бала келді. Екі қыз кетіп қалды. Неше бала қалды?<br>Одан кейін балалар баспа цифрларды жазады, алынған есептерлі түрлі тәсілдермен оқиды. | Әліппе-дәптер, санайтын материал |
| 16–25 | **Білім мен іскерлікті қолдану және түзету.**<br>(Ө) Бұрын меңгерілгендерді қолдануға арналған 2 және 3-тапсырмалар. 20-ға дейін санау және сандарды салыстыру.<br>(Ж) 10-нан жоғары 11-ден 20-ға дейінгі сандармен мысалдар құрастыруды ұсынуға болады. Топта санауды жоғары деңгейде меңгерген балалар болуы мүмкін және олар 10-нан жоғары сандары бар тапсырмаларды ұсынады. Егер топта мұндай балалар болмаса, 11-20 сандарын қайталаумен және оларды салыстырумен шектеліңіз.<br>(Ж) 1-ден 20-ға дейін сандар жазылған карточкаларды таратыңыз. Кімнің оларды кему тәртімен жылдам орналастыратынын анықтау үшін жарыс ұйымдастырыңыз. Педагог карточкаларды үстелге орналастыруды ұсынумен шектелмей, оларды жіпке қыстырғыштармен қысытырп іліп қоя алады. Топтардың әрқайсысы өз нәтижесін ұсынып, тілдердің бірінде (қазақ, орыс, ағылшын) санамақ-ән айтады. | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно. Үлестірмелі материал |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.<br>Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| | бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | |

| | | |
|---|---|---|
| **№61 ҰОҚ. Тақырыбы:** Дене шынықтыру сабағы. Мысалдар және есептер шығарамын. | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешеді, тапсырмадағы жағдай бойынша әрекет пен тиісті таңбаны таңдайды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -қарапайым мысалдар мен есептерді өз бетінше құрастырады және содан кейін көрнекіліктің негізінде оларды шешеді, тапсырманың компоненттерін біледі. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>-қарапайым жағдайларда 20-ға дейінгі сандардан мысалдар мен тапсырмалар құрастырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>-қарапайым мысалдар мен есептерді көрнекілік негізінде қалай шығаруды және заттар тобын санау арқылы шығаруды түсіндіреді.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>-есеп, мысал, қосу, алу.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–Есептердің шешуін жазу үшін қандай таңбаны таңдайтыныңды айт, неге?<br>–Мысалдарды жазуға қандай таңбалар көмектескенін түсіндіре аласыңдар ма?<br>–Сен мысалдарды түрліше оқи аласың ба?<br>**Жазу:**<br>-сандарды толықтырып жапсыр, сандарды қорша, жаз және т.б. |
| **Алдыңғы білім** | Қосу және азайту, +, –, =,>,< таңбалары, заттар тобын санау және салыстыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жоспар** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |

| | | |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>ҰОҚ-нің тақырыбына кіріспе ретінде педагог плакаттағы нұсқаулық бойынша дене шынықтыру жаттығулар кешенін орындауды ұсынады.<br>Педагог балаларға дене шынықтыру ҰОҚ-не қатысу неге пайдалы екенін айтуды ұсынады.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог балалардан көрсетілген карточкадағы санға сәйкес секіруді немесе отыруды сұрайды. Сонымен қатар жаттығулар санын жасыратын бір оқушы шақырылады. Ол қадағалап және санап отырады. | Дене шынықтыруға арналған жаттығулар кешені бар плакат немесе тұсаукесер |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ) Бүгін біз тапсырмалар мен мысалдарды дене шынық-тыру ҰОҚ-де шешуге бола ма, жоқ па – соны білеміз.<br>**Үйренгенді қолдану.**<br>(Т) Педагог балалардан суреттер бойынша сандармен және сұрақпен (тапсырмалармен) әңгімелер құрастыру жұмысы таныс па деп сұрайды.Онда топқа арналған тапсырмалар құрастырып, 1- тапсырманың суреті бойынша оларға қойыңыз. Педагог әрбір топта «педагог» және «балалар» рөлдерін бөле алады. Бұл жеребе тастау (белгілі бір түсі немесе саны бар таяқшаны кім суырып алды) немесе рөлдерді таңдаудың басқа түрі болуы мүмкін.<br>Педагог топтардың әрқайсысына өз спорт құралын береді. Топ ол бойынша есеп құрып, оны шешеді. Тапсырманы орындап болғаннан кейін топтар өз есептерін таныстырады. | Әліппе-дәптер, санайтын материал |
| 16–25 | **Білім мен іскерлікті қолдану және түзету.**<br>(Ө) 2 және 3 тапсырмалар бұрын өткенді – фигуралар мен заңдылықтарды, бірізділікті, мысалдарды шешуге бағытталған. Егер балалар оңай орындаса, ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша тапсырмалары бар жұмысты жалғастырыңыз.<br>(Ж) Қандай да бір санмен тапсырмалар немесе мысалдар құрастыру бойынша жұппен орындалатын жұмыс педагогтің қалауы бойынша алдыңғы ҰОҚ-не ұқсас өткізіледі. Мынадай құрал ұсынады:<br><br>Балалар үйлерді сандармен толтырумен шектелмей, нүктелер салады немесе санауға арналған материалдан сандар құрамын құрайды.<br>Сондай-ақ 11-20 сандарымен орындалатын жұмысты қосуға болады. Өлеңдерді және сандардың бірізділігін есте сақтау және оларды тікелей және кері тәртіппен қайталау бойынша басқа да жұмыс түрлерін пайдаланыңыз.<br>Карточкаларды қыстырғыштың көмегімен ілу немесе | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно.<br>Үлестірмелі материал |

| | | |
|---|---|---|
| | оларды төмендегі кестеге ұқсас орналастырып, 20-ға дейін сандар қатарын құруды ұсыныңыз:<br><br><br>Педагог балаларға көздерін жұмуды ұсынады. Одан кейін 2 карточканы алып тастайды.<br>- Қандай сандар жетіспейді?<br>Ойын аяқталғаннан кейін 20-ға дейін сан есіммен ән орындалады. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

<table>
<tr><td colspan="2">№62 ҰОҚ. Тақырыбы: Біз спорт-залдамыз. Мысалдар және есептер шығарамыз.</td><td colspan="2">МЕКТЕП/МҰ:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Педагогтің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Мектепалды сынып/топ</td><td>Қатысушылардың саны:</td><td>Қатыспағандардың саны:</td></tr>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">0.4.1.3. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу.</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Күтілетін нәтижелер</td><td colspan="3">Барлық тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешеді, тапсырмадағы жағдай бойынша әрекет пен тиісті таңбаны таңдайды.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген тәрбиеленушілер:</td></tr>
<tr><td colspan="3">-қарапайым мысалдар мен есептерді өз бетінше құрастырады және содан кейін көрнекіліктің негізінде оларды шешеді, тапсырманың компоненттерін біледі.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір тәрбиеленушілер:</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | -қарапайым жағдайларда 20-ға дейінгі сандармен мысалдар мен тапсырмалар құрастырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>**-**көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді және заттар тобын санау арқылы есептеуді түсіндіре алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>-есеп, мысал, қосу, алу.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Есептердің шешуін жазу үшін қандай таңбаны таңдайтыныңды айт, неге?<br>– Мысалдарды жазуға қандай таңбалар көмектескенін түсіндіре аласыңдар ма?<br>– Сен мысалдарды түрліше оқи аласың ба?<br>**Жазу:**<br>сандарды толықтырып жапсыр, сандарды қорша, жаз және т.б. |
| **Алдыңғы білім** | Қосу және азайту, +, –, =, >,< таңбалары, заттар тобын санау және салыстыру. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.** Педагог спортзалға барудың пайдасы туралы сұрайды.<br>**Өзектендіру.**<br>ҰОҚ-нің тақырыбына кіріспе ретінде педагог «Кім көп жасағанын сана» ойынын ұсынады. Онда қозғалысты санау керек (мысалы, секіру, шапалақтау, отырып-тұру және санын салыстыру).<br>Педагог балаларға шағын гантельді көтеруді немесе секіруді және олардың оны қанша рет орындай алатынын санауды ұсынады.<br>Саны бар карточка тақтаға қойылады. Сосын салыстырылады. | Сурет – спортзал. Жаттығудың суреті бар плакат. |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ) Бүгін біз спортзалда бар спорт құралдарының бәрін санаймыз. ҰОҚ-ті шынымен де спортзалда өткізілуі мүмкін. Балалардың сандары бар карточкаларды еденге немесе кілемге қоя алуы үшін олардың мөлшері үлкен болуы тиіс.<br>Балаларды жұптарға бөліп қойыңыз. Біреуі 5 рет, екіншісі 3 рет отырып -тұрсын. Топтан барлығы неше рет отырып-тұрғанын айтуды сұраңыз.<br>Осындай есептерді құрып, қимылмен көрсетіңіз.<br>Топтардың әрқайсысы осындай «жанды» есептің шешімін көрсетуі немесе жазуы тиіс.<br>**Үйренгенді қолдану.**<br>(Ұ) Егер ҰОҚ сынып бөлмесінде өткізілсе, онда әліппе-дәптермен жұмыс істеңіз – 1- тапсырма алдыңғы ҰОҚ-не ұқсас.<br>Егер спортзалда өткізілсе, онда соған сәйкес секіру, снаряд және балалар санай алатын басқа да заттар болады. | Әліппе-дәптер, санайтын материал – спорттық снарядтар және сандары мен таңбалары бар карточкалар |

| | | |
|---|---|---|
| 16–25 | **Білім мен іскерлікті қолдану және түзету.**<br>(Ж) 2,3,4, 5- тапсырмалар бұрын өткен материалды еске түсіруге көмектеседі. Қажет болған кезде педагог түзетеді.<br>(Т) Түрлі-түсті қағаздан жасалған геометриялық фигуралар балаларды №2 тапсырманы орындауға дайындауға көмектеседі.<br>Бірнеше фигураны бір- бірінің үстіне қойыңыз. Олардың қалай орналасқанын анықтаңыз. Жоғарыдан қарағанда не көрінеді? Балалар төменде не жатқанын қалай тапты? Топтарда осындай тәжірибені бірнеше рет жүргізіңіз. Кезекпен қандай фигураның қандай фигуралардың арасында жатқанын қалай білуге болатынын талқылаңыз. Неліктен фигураның шетін көріп, оның қандай екенін таптық?<br>(Ж) Сандар тобымен тапсырмалар немесе мысалдар құрастыру жұмысын жұппен жүргізіңіз. Мұндай жұмыс балаларға бұрыннан таныс және көбінесе өз бетінше орындалады. | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно. Үлестірме материал |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№63 ҰОҚ. Тақырыбы:** Серуен. Қорытындылау | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатыспағандардың саны:** |
| **Оқыту мақсаттары** | Материалды жинақтау. | |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** | |
| | -көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешеді, тапсырмадағы жағдай бойынша әрекет пен тиісті таңбаны таңдайды. | |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** | |
| | -қарапайым мысалдар мен есептерді өз бетінше құрастырады және содан кейін көрнекіліктің негізінде оларды шешеді, тапсырманың компоненттерін біледі. | |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>**-** қарапайым жағдайларда 20-ға дейінгі сандардан мысалдар мен тапсырмалар құрастырады. | |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>**-**қарапайым есептер мен мысалдарды қалай шығаруды және көрнекілік негізінде, 20 көлемінде санауды түсіндіре алады.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>-есеп, мысал, қосу, алу.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>–Есептердің шешуін жазу үшін қандай таңбаны таңдайтыныңды айт, неге?<br>–Мысалдарды жазуға қандай таңбалар көмектесекенін түсіндіре аласыңдар ма?<br>–Сен мысалдарды түрліше оқи аласың ба?<br>**Жазу:**<br>-сандарды толықтырып жапсыр, сандарды қорша, жаз және т.б. |
| **Алдыңғы білім** | Қосу және азайту, +, –, =, >,<  таңбалары, заттар тобын санау және салыстыру. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>ҰОҚ-нің тақырыбына кіріспе ретінде педагог балалардың аулада, мектеп ауласында қыдырып жүргенін еске түсіруді ұсынады. Аулаға шығуды ұсынуға болады.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог серуендеген уақытта немен айналысатынын сұрайды.<br>– Ол жерде математика керек пе?<br>– Нені санауға болады?<br>«Балалар серуенде» ойынын ойнауды ұсынады.<br>Мысалы, балалардың бір бөлігін шеңберге, екінші бөлігін қатарға тұруды сұрайды. Одан кейін балалар топтардың әрқайсысында неше бала бар екенін санайды. Кімнің көбірек екенін анықтайды.<br>Қай топта балалардың көбірек немесе азырақ екенін анықтау үшін жұптасып тұруға болады. | Балабақшадағы немесе мектептегі ауланың фотосуреттері |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ) Бүгін біз балаларға мысалдар мен тапсырмаларды серуендеген уақытта шешуге көмектесеміз.<br>**Үйренгенді қолдану.**<br>(Ұ) 1, 2- тапсырмаларды орындау ұсынылады.<br>Жоғарғы (төменгі) суретте не көріп тұрсыңдар? Неше бала бейнеленген? Олар туралы есептер ойлап табыңдар. Ол қандай амалмен шешіледі? Неліктен? Оның шешімін қалай жазуға болады? | Әліппе-дәптер, санайтын материал |
| 16–25 | **Білім мен іскерлікті қолдану және түзету.**<br>(Ө)  3-тапсырма 20-ға дейінгі сандарды, олардың пайда болуын қайталау және жазып алу.<br>Карточкаларды қыстырғышпен іліп, 20-ға дейін сандар қатарын тура және кері бағытта құруды немесе төмендегі кестеге ұқсас орналастыруды ұсыныңыз. | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно.<br>Үлестірмелі материал |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Педагог балаларға көздерін жұмуды ұсынады. Одан кейін 2 карточканы алып тастайды.<br>- Қандай сандар жетіспейді?<br>Ойын аяқталғаннан кейін 20-ға дейін сан есіммен ән орындалады<br>4- тапсырма – бір таңбалы сандарды салыстыру. | |
| Рефлексия<br>26–30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

| | | |
|---|---|---|
| **№64 ҰОҚ. Тақырыбы:** Гигиена. Менің қолымнан не келеді және нені білемін? | **МЕКТЕП/МҰ:** | |
| **Күні:** | **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Мектепалды сынып/топ** | **Қатысушылардың саны:** | **Қатысպағандардың саны:** |

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | Баланың жетістіктерінің деңгейін анықтау. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **Барлық тәрбиеленушілер:** |
| | -көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешеді, тапсырмадағы жағдай бойынша әрекет пен тиісті таңбаны таңдайды. |
| | **Көптеген тәрбиеленушілер:** |
| | -қарапайым мысалдар мен есептерді өз бетінше құрастырады және содан кейін көрнекіліктің негізінде оларды шешеді, тапсырманың компоненттерін біледі. |
| | **Кейбір тәрбиеленушілер:**<br>**-**қарапайым жағдайларда 20-ға дейінгі сандармен мысалдар мен тапсырмалар құрастырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Дағдыларын дамыту:**<br>**-**көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығарады және 20 көлемінде санауды біледі.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>-есеп, мысал, қосу, алу.<br>**Пікір алмасуға арналған сұрақтар:**<br>– Есептердің шешуін жазу үшін қандай таңбаны таңдайтыныңды айт, неге? |

| | |
|---|---|
| | – Мысалдарды жазуға қандай таңбалар көмектескенін түсіндіре аласыңдар ма?<br>– Сен мысалдарды түрліше оқи аласың ба?<br>**Жазу:**<br>-сандарды толықтырып жапсыр, сандарды қорша, жаз және т.б. |
| **Алдыңғы білім** | Қосу және азайту, +, –, =, >,< таңбалары, заттар тобын санау және салыстыру. |

**Жоспар**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Басталуы<br>0–5 минут | **Ынталандыру.**<br>ҰОҚ-нің тақырыбына кіріспе ретінде педагог плакатқа – гигиена ережелеріне қарауды ұсынады.<br>Педагог балаларға гигиена деген не, оны неге сақтау керек деген сұрақтарға жауап беруді ұсынады.<br>**Өзектендіру.**<br>Педагог оқу жылында математика ҰОҚ-де балаларға бәрінен де қандай ойындар ұнағанын сұрайды және олардың кез келгенін ойнауды ұсынады. | Тазалық ережелері бейнеленген плакат |
| Ортасы<br>6–15 | **Мақсат қою (проблемалық жағдай).**<br>(Ұ) Бүгін біз математика ҰОҚ-де нені білгенімізді, неге үйренгенімізді есімізге түсірейік.<br>**Үйренгенді қолдану.**<br>(Т) Түрлі негіздер бойынша топтастыруға аралған 1-тапсырма негізгі белгілерді – түсін, пішінін, мөлшерін еске түсіруге көмектеседі.<br>Педагог №1 тапсырмаға ұқсас нүктелер салынған фигураларды таратады. Топтардың әрқайсысы түймелерді таңдап, қандай белгі бойынша орналастырғандарын түсіндіреді.<br>Егер киімдерінде түймелер болса, балалар киімін түймелеуді және түймелерді босатуды қалай үйренгендерін көрсете алады.<br>Бос орынға қай фигураны қою керектігін табуларын ұсынады. 2-тапсырма логикалық. Жұмысты топпен өткізуге болады. | Әліппе-дәптер, санайтын материал |
| 16–25 | **Білім мен іскерлікті қолдану және түзету.**<br>(Ө) 3- тапсырма екі саннан 10 санын құруға арналған «үйлер». Топтың дайындығына байланысты тәжірибе немесе есте сақтау негізінде орындаңдар.<br>(Ө) 4-тапсырманы жеке-жеке шешіңдер. Міндетті түрде үлгі бойынша тексеру жүргізіңіз. Дәптердегі тіс щёткалар түріндегі көрнекі тіректер мысалдарды шешуге көмектесетініне балалардың назарын аударыңыз. | Әліппе-дәптер, жиынтық полотно. Үлестірмелі материал |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексия<br>26 –30 | **Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.<br>Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. | Әліппе-дәптер |

**ҰОҚ-де пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар сөздігі**

| **Апта күндері** | **Дни недели** | **Daysof the week** |
|---|---|---|
| Дүйсенбі | Понедельник | Monday |
| Сейсенбі | Вторник | Tuesday |
| Сәрсенбі | Среда | Wednesday |
| Бейсенбі | Четверг | Thursday |
| Жұма | Пятница | Friday |
| Сенбі | Суббота | Saturday |
| Жексенбі | Воскресенье | Sunday |

| **Тәулік** | **Сутки** | **Day** |
|---|---|---|
| Таң | Утро | Morning |
| Күн | День | Afternoon |
| Кеш | Вечер | Evening |
| Түн | Ночь | Night |
| | | |
| **Күндер реті** | **Последовательность дней** | **Sequence days** |
| Бүгін | Сегодня | Today |
| Ертең | Завтра | Tomorrow |
| Кеше | Вчера | Yesterday |
| Бүрсігүні | Послезавтра | Day after tomorrow |
| Алдыңгүні | Позавчера | Day before yesterday |

| **Айлар** | **Месяцы** | **Months** |
|---|---|---|
| Қаңтар | Январь | January |
| Ақпан | Февраль | February |
| Наурыз | Март | March |
| Сәуір | Апрель | April |
| Мамыр | Май | May |
| Маусым | Июнь | June |
| Шілде | Июль | July |
| Тамыз | Август | August |
| Қыркүйек | Сентябрь | September |

| | | |
|---|---|---|
| Қазан | Октябрь | October |
| Қараша | Ноябрь | November |
| Желтоқсан | Декабрь | December |

| **ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ** | **ВРЕМЕНА ГОДА** | **SEASONS** |
|---|---|---|
| Жаз | Лето | Summer |
| Күз | Осень | Autumn |
| Қыс | Зима | Winter |
| Көктем | Весна | Spring |

| **Қасиеттер** | **Свойства** | **Properties** |
|---|---|---|
| түс | цвет | color |
| өлшем | размер | size |
| пішін | форма | shape |
| саны | количество | amount |

| **Фигуралар және пішіндер** | **Фигуры и тела** | **Figures and bodies** |
|---|---|---|
| шеңбер | круг | round |
| сопақша | овал | oval |
| үшбұрыш | треугольник | triangle |
| төртбұрыш | четырехугольник | square |
| тіктөртбұрыш | прямоугольник | rectangle |
| шар | шар | ball |
| текше | куб | cube |
| цилиндр | цилиндр | cylinder |
| жарты | половина | half of the |
| бөлім | часть | part |
| бүтін | целое | whole |

| **Түстер** | **Цвета** | **Colors** |
|---|---|---|
| Қызыл | Красный | Red |
| Сары | Желтый | Yellow |

| | | |
|---|---|---|
| Көк | Синий | Blue |
| Жасыл | Зеленый | Green |
| Қара | Черный | Black |
| Ақ | Белый | White |

| **Өлшем, шама, кеңістікте бағдарлау** | **Размер, величина, пространственное расположение** | **Resolution, size, position in space** |
|---|---|---|
| Үлкен, кіші | большой, маленький | big small |
| Ең үлкен, ең кіші | самый большой, самый маленький | the largest, the smallest |
| орташа | средний | average |
| Биік, аласа | высокий, низкий | tall, short |
| Кең, тар | широкий, узкий | wide. narrow |
| Ұзын, қысқа | длинный, короткий | long, short |
| Ауыр, жеңіл | тяжелый, легкий | heavy, light |
| Сол, оң | левый, правый | left, right |
| Сол жақта, оң жақта | слева, справа, | on the left, on the right |
| Жоғары, төмен | верх, вниз | top, bottom |
| Жоғарыда, төменде | вверху, внизу | on (at) the top, on (at) the bottom |
| Алды(да) арты (та) | передний, задний | front back |
| Алдында, артында | перед, за | in front, behind |
| Жақында, алыста | близко, далеко | close, far away(from) |
| Арасында, (ортасында) | между, посередине | between, in the middle |
| жанында | рядом | beside |

| **Сан,<br>Есептік санау** | **Количество<br>Количественный счет** | **Quantity** |
|---|---|---|
| 0 – нөл<br>1 – бір<br>2 – екі<br>3 – үш<br>4 – төрт<br>5 – бес<br>6 – алты<br>7 – жеті | 0 – ноль<br>1 – один<br>2 – два<br>3 – три<br>4 – четыре<br>5 – пять<br>6 – шесть<br>7 – семь | 0 – zero<br>1 – one<br>2 – two<br>3 – three<br>4 – four<br>5 – five<br>6 – six<br>7 – seven |

| | | |
|---|---|---|
| 8 – сегіз<br>9 – тоғыз<br>10 – он | 8 – восемь<br>9 – девять<br>10 – десять | 8 – eight<br>9 – nine<br>10 – ten |

| **Реттік санау** | **Порядок**<br>**Порядковый счет** | **Order** |
|---|---|---|
| 1 – бірінші<br>2 – екінші<br>3 – үшінші<br>4 – төртінші<br>5 – бесінші<br>6 – алтыншы<br>7 – жетінші<br>8 – сегізінші<br>9 – тоғызыншы<br>10 – оныншы | 1 – первый<br>2 – второй<br>3 – третий<br>4 – четвертый<br>5 – пятый<br>6 – шестой<br>7 – седьмой<br>8 – восьмой<br>9 – девятый<br>10 – десятый | 1 – first<br>2 – second<br>3 – third<br>4 – fourth<br>5 – fifth<br>6 – sixth<br>7 – seventh<br>8 – eighth<br>9 – ninth<br>10 – tenth |

**Қосымша материалдар**

**Сергіту жаттығулары**

1. Орнымыздан тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Біз бір дем алайық.

2. Күн ұйықтайды.
Күн оянады.
Жел соқты.
Жаңбыр жауды.
Бұлт жапты.
Күн ашылды.
Жел басылды.

3. Ұшты-ұшты, құлын ұшты.
Ұшты-ұшты, мұрын ұшты.
Ұшты-ұшты, кептер ұшты.
Ұшты-ұшты, дәптер ұшты.
Ұшты-ұшты, қарға ұшты.
Ұшты-ұшты, арба ұшты.

4. Бала, бала, балақан,
Кәне, қайсы алақан.
Саусақтарың әйбат,
Былай-былай ойнат.

Топ-топ басайық,
Жалаудан күн жасайық.
Жаса, жаса, алтын күн,
Жаса, жаса, жарқын күн.

5. Кәне қанат жазайық,
Қарлығашқа ұқсайық.
Ұшып-ұшып алайық,
Орнымызға қонайық.
Білімде алда болайық.

6. Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр.
Артқа қарай бір адым,
Алдыға қарай бір адым.
Жоғары, төмен қарайық,
Орнымызды табайық.
7. Сағаттың тіліндей
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір,
Оң аяқ, сол аяқ

Жаттығу оңай-ақ.

8. Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Бетіңді жушы,
Қолыңды сүртші,
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы,
Киіміңді киші,
Мектепке қарай жүрші,
Орныңа отыршы,
Сабағыңды оқышы.

9. Ұшып келді бір топ қаз,
Қонған жері, бірақ саз.
Сазды шоқып, тағы шоқып,
Ұшып кетті бір топ қаз.

10. Ормандағы аюдың,
Құлпынайы көп екен.
Теріп-теріп алайық,
Қалтамызға салайық.

11. Бетімізге жел соғады,
Тербеледі ағаштар.
Тына қалса қатты жел,
Тоғай биік көрінер.

12. Бас бармағым – әкем,
Балаң үйрек – шешем,
Ортақ тірек – ағам,
Шылдыр шүмек – апам,
Кішкентай бөбек – мен.
Бір үйде біз нешеуміз?
Бір үйде біз бесеуміз.

13. Біз жазамыз,
Біз жазамыз.
Саусақтарды дем алдырып,
Қайта жазу жазамыз.

14. Отырып-ақ орнында
Айдың көлді кешемін
Сен білмесең егерде
Былай ескек есейін.

15. Ұзын құлақ, сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды,
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді.

16. Бір, екі, үш,
Қолға қалам аламыз
Әдемі етіп жазамыз.

17. Жел соқты гу-гу
Жаңбыр жауды тырс-тырс.
Жаңбыр басылды,
Күн ашылды.

18. Бір, екі, үш
Жинап алдық күш.
Төрт, бес, алты
Біз жазамыз мықты.
Дәптерімізді ашайық
Көрсетілген үлгіге,
Әдемі етіп жазайық.

19. Бір, екі,
Сапқа тұр.
Үш, төрт,
Ерінбестен бас алға.
Бес, алты,
Қолыңды соз алға.
Жеті, сегіз,
Отырып-тұр.

20. Балық жүзді таза суда,
Бір керіліп, бір жиырылуда.
Жүзіп, жүзіп шаршағанда,
Тығылады тасты құмға.

21. Көкке қарай шығамыз
Шанамызбен
Төмен қарай құлдилап,
Біз сырғанақ тебеміз.

22. Бақа, бақа, балпақ,
Басың неге жалпақ?
Көзің неге тостақ?
Бұтың неге талтақ?

23. Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Айдай толған кезімде,
Би билеймін дөңгелеп.

24. Қаз қанатын жайды
Аққу мойнын созды.
Үйрек келіп қонды.

25. Бір – таңертең тұр.
Екі – шынығып бекі.

Үш – тазала тісті.
Төрт – сабындап жу бетті.
Бес – сүртін тез.
Алты – үйді жина.
Жеті – киін енді.

26. Бір, екі, үш –
Қарлығаш боп ұш.
Төрт, бес, алты –
Қарлығаш боп қалқы
Жеті, сегіз, тоғыз,он –
Қарлығаш боп қон.

27. Нан қоқымын шашпаңдар,
Жерде жатса баспаңдар.
Теріп алып қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар.

28. Бір, екі, үш,
Кәне, қанат қағамыз.
Бір, екі, үш,
Қарлығаш боп ұшамыз.
Бір, екі, үш,
Жинап алдық күш.

29.Соз қолыңды оң жаққа,
Соз қолыңды сол жаққа.
Қолды айналдыр бұлданбай,
Шеңбер жасап тұрғандай.

30.Желкілдеген желменен,
Жел егінді тербеген.
Өсірді оны дихандар,
Тамшылаған терменен.

31.Жаздық, жаздық өзіміз,
Талды әбден көзіміз.
Әуенімен әндердің
Әдемі қимыл жасаймыз.

32. Жел улейді – у-у,
Құйын келіп билейді– зу-зу,
Қатты, қатты жел соқты– гу-гу,
Жапырақтар қол соқты – ду-ду.

33. Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ,
Қосып едім екеуін,
Болып шықты он саусақ.

34. Мысығым, тұршы,
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы.
Балалардың ішінен,

Ең тапқырын таңдашы.

35.
Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды.
Өнерлі екен он саусақ:
Қала салсақ, жол салсақ.

36.
Оңға түзу тұр,
Солға түзу тұр.
Алға бір адым,
Артқа бір адым.
Оңға бұрылып,
Солға үңіліп,
Жоғары, төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

37. «Ойыншықтар»
Тұрады барлығы үлкен қорапта -
Мен ұйықтап жатқанда.
Барлығы ойнай бастайды!
Оңға, солға бұрылдық,
Алға, артқа иілдік.
Тіземізді бүктіріп,
Қолды создық тік тұрып,
Секіреміз топ-топ,
Шапалақтап көп-көп.
Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш,
Иілеміз солға қарай бір,екі,үш.

38. «Бауырсақ».
Иледі апа нан емес, құймақ емес,
Алды пештен бәліш емес,
Тәтті нан емес
Қойғанда үстел үстіне
Әжесі  мен атасынан қашып кетті
Кім жүгіреді аяқсыз?
Бұл,әрине, бауырсақ!

39.«Қонаққа барамыз».
Бас бармақтың үйіне,
Келді бүгін қонақтар.

Бес саусағың — бақытың,
Сонда балам, бар құтың.
Бес саусағың біріксе,
Текке кетпес уақытың.
Барлық саусақтар – достар,
Бір- бірінсіз болмайды.

40. Сағаттың тіліндей,
Иіліп оңға бір,
Иіліп солға бір,
Жаттығу жасаймыз.

41. Денсаулықты сүйеміз,
Шынығамыз күнде біз
Бір екі үш!
Бір екі үш!
Бұлшық етте күш!

Ал, балалар, тұрайық
Алақанды ұрайық.
Оңға қарай иіліп
Солға қарай иіліп
Бір отырып, бір тұрып
Бойымызды созайық.
Белімізді жазайық,
Оңға-оңға түзү тұр
Солға-солға түзу тұр.
Жоғары-төмен қарайық
Қолымызды созайық,
Бойымызға күш жинап,
Біз шынығып алайық.

42. «Пойыз».
Пойыз «Ду-ду!
Мен жүремін,
Мен жүремін», -деп шулайды
Ал вагондар зулайды
«Так-так-так! Так-так-так!
Так-так-так! Так-так-так!»-деп.
Біз сендермен, балалар,
Ұшамыз биікке, биікке.
Жоғары қарай тартыламыз.
Сосын қолымызды көтеріп,
Бір, екі, үш, төрт,
Ұшамыз биікке, биікке.

43. Суда балық жүзеді,

Суда балық өмір сүреді.
Айнадағы бейнедей,
Қимылдарды қайтала.
Оңға, солға бұрылдық,
Алға, артқа иілдік.
Тіземізді бүктіріп,
Қолды создық тік тұрып.

44. «Ұшақ» ойыны

45.Еркін ұста денеңді,
Тарсылдатпай едені
Орнымыздан тұрып ап
Жүгірейік бір уақ.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.
Аяқты алға созайық
Тік көтеріп, қозғайық.
Тым сылбыр да болмайық
Алға қарай озбайық.
Бір, екі, үші, бір, екі, үш.

46. Міне, қыстың күні ызғарлы
Жел соғады мұздатып,
Қар аспанға көтеріліп
Ағаш түпке қоян тығылып,
Қу түлкі де жасырынып,
Отырады барлығы.
Боранның ашуы басылып,
Күлімдейді аспанда.
Шуақтарын шашып күн
Шығады түлкі де
Біз де біраз жүрейік
Орнымызға келейік.

*Қосымша*

**Құрметті мектепалды даярлық сыныбының педагогтері!**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізгі міндет-терінің бірі – мектепалды даярлық пен бастауыш мектептерде білім беру сабақтастығын қамтамасыз ету. Мектепке дейінгі даярлық сыныптары мен бастауыш сыныптардағы оқыту және тәрбиелеу жұмысы біртұтас даму үрдісін құраған жағдайда осы міндеттерді орындау мүмкін болмақ. Сонымен қатар мектепке дейінгі даярлықпен бастауыш мектептің үздіксіз сабақтастығының міндетті шарттарының бірі – *бағдарламалар және оқу-әдістемелік кешендерді құру қағидаларының біртұтастығы*. Мектепалды даярлықпен бастауыш мектеп бойынша жаңартылған бағдарламаның мазмұнын салыстырмалы талдау көрсеткендей, бұл бағдарламалардың құрылымы біртұтас тәсілдерді қамтиды:

- педагогтерге өз жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін *оқу мақсаттары жүйесінің болуы;*
- *оқу үрдісін* күнделікті өмірге және қарым-қатынас жасауға қажетті *қабілеттер мен практикалық дағдыларды дамытып, қалыптастыруға бағыттау;*
- балалардың әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды терең шолуына бағытталған *тақырыптық оқу мазмұнының болуы;*
- *пәнішілік және пәнаралық мазмұнының кіріктірілуі;*
- мектепалды даярлық пен бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің ортақ үлгісін қамтитын *әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету.*

Осы қағидалардың барлығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнымен құрылымында және жаңа оқу-әдістемелік кешендерінде қамтылған.

Барлық тарау тақырыптары мектеп жасына дейінгі баланың сыни ойлауын көрсететін нақты үлгеретінде балаларды үнемі толғандыратын: «Бұл не? Қалай? Неге?» т.с.с. сауалдар төңірегінде берілген. Балалар өздері куә болған адамдар әрекетінің, табиғи құбылыстардың, оқиғалардың себептерін үнемі білгісі келеді. Бұл сұрақтар баланың миын белсенді жұмыс істете отырып, ойлау қабілетін дамытады.

«Алматыкітап баспасы» мектепалды даярлық және бастауыш мектеп оқу-әдістемелік кешенінің ерекшелігі, *оқулықтар мен әдістемелік оқу нұсқауларының мазмұнында бірдей ортақ тақырыптың* қамтылуында болып отыр. Бұл мектепалды даярлық және мектепте білім беру мазмұнын сапалық кіріктіруді **толық** қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл әдістемелік нұсқау қысқамерзімді жоспар түрінде орындалған ҰОҚ мазмұнынан тұрады. Жоспарлаудың бұл түрі бірінші сыныпқа арналған оқу құралдарында да бар, сондықтан ол мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп ОӘК-ін әдістемелік қолдаудың біріздділігін тағы да бір рет дәлелдейді.

*Қысқамерзімді жоспардың өзіндік айрықша құрылымының ерекшелігі бар:*

1. Оқу мақсаттарының болуы (олар бағдарламада белгілі бір бөлім мен бөлімшелер ретінде берілген, сондықтан педагогтер оны өзгертпегені жөн).

2. Жоспарда ҰОҚ-нің *сараланған мақсаттары* берілген (барлық балалар, балалар-дың көпшілігі және кейбіреулері үшін). Бұл оқу үрдісін ұтымды саралай ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқу жоспарының құрылымы практикалық жағынан пайдалану үшін айтарлықтай қарапайым және оқу барысы үшін тиімді.

Жоспар 3 бөлімнен тұрады:

*Бірінші бөлімде* баланың эмоционалдық көңіл күйін қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер қаралған.

*Екінші бөлімде* негізгі бөлім ретінде оқу мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған әдіс-тәсілдер мен құралдар буынын қамтиды.

*Үшінші бөлім* рефлексия түрінде қорытынды шығаруға бағытталған. Жоспардың «Ресурстар» атты айрықша тармағында дидактикалық, әдістемелік, электрондық сипаттағы әртүрлі апарат көздері берілген (кейбірінің электрондық мекенжайы бар). Қысқа мерзімді жоспарда әліппе-дәптердің, оның ішінде жұмыс дәптерінің барлық тапсырмалары ескерілген.

Егер әліппе-дәптерде бір ҰОҚ-де 2–4 тапсырма орындау ұсынылса, әдістемелік нұсқауда әдістемелік тапсырмалар көлемін 15–20-ға дейін кеңейтеді. Әдістемелік нұсқаудағы тапсырмалар осы әдіс-тәсілдер есебінен барынша қызықты, мазмұнды, ойын түрінде тартымды болады. Онда әдеби сөз де, сурет салу да, сахналық рөл сомдау, ойын, драмалау, ойнау, фольклор, сергіту сәті, практикалық тапсырмалар, шағын зерттеулер және т.б. бар.

Бұл педагог осы оқу құралын пайдаланумен ғана шектеліп, өз тарапынан қандай да бір тиімді шығармашылық әдістер енгізуге немесе өздігінен өзгертуге құқығы жоқ дегенді білдірмейді. **Басты шарты**: *жоспарда қаралған оқу мақсаттарын, тақырыпты, оның жүйелілігін, сондай-ақ әліппе-дәптерде белгіленген тапсырмалар сипатын өзгертпеу.*

Қысқамерзімді жоспардың осы үлгісін пайдалану кезінде мектепалды даярлық сыныбының педагогтерінде сұрақтар туындауы мүмкін:

1. Мектепалды даярлық педагогтерінің көпшілігі пайдаланған технологиялық картаның қысқамерзімді жоспардан қандай айырмашылығы бар?

2. Қысқамерзімді жоспар үлгісін технологиялық карта үлгісіне ауыстыруға бола ма?

Педагог қысқамерзімді жоспарды пайдалана ма, әлде технологиялық картаны пайдалана ма – өзі шешеді.

Бірақ қысқамерзімді жоспар үлгісін технологиялық картаға өзгертпеген жөн, өйткені мектепалды даярлық және бастауыш мектеп жоспарларының біріздiлiгi мен тұтастығы бұзылады.

Қысқамерзімді жоспардың технологиялық картадан бірнеше айырмашылығы бар:

| | **Технологиялық карта** | **Қысқамерзімді жоспар** |
|---|---|---|
| 1 | Оқу мақсатын педагог таңдайды. | Оқыту және тәрбиелеу мақсаты оқу бағдарламасында айқындалған. |
| 2 | *3 кезеңнен тұрады:*<br>– мотивациялық-қозғаушылық; | 3 кезеңнен тұрады:<br>– ҰОҚ-ның басталуы (ҰОҚ-ға ден қоюды |

| | | |
|---|---|---|
| | – ұйымдастырушылық-ізденушілік;<br>– рефлексивтік-түзетушілік. | қамтамасыз ету);<br>– өмірлік тәжірибені өзектендіру;<br>– ҰОҚ-нің соңы (қорытынды, рефлексия). |
| 3 | *ҰОҚ-нің негізгі бөлімі:*<br>– ұйымдастырушылық-ізденушілік. | *ҰОҚ-нің негізгі бөлімі:*<br>– өмірлік тәжірибені өзектендіру. |
| 4 | ҰОҚ-нің әдістемесі педагогтің басқарушылық іс-әрекетін және балалардың іс-әрекетін қарастырады. | ҰОҚ-нің әдістемесі, әдістемелік тәсілдер, құралдар, ресурстарды пайдалану мен технология элементтерін қарастырады. |
| 5 | ҰОҚ-нің қорытындысы: *рефлексия.* | ҰОҚ-нің қорытындысы: *рефлексия.* |

Кейбір айырмашылықтарға қарамастан, екі жоспар (қысқамерзімді де, технологиялық карта да) *ҰОҚ-нің үш негізгі кезеңін* қамтиды, оның барысында белгіленген оқу мен тәрбиелеу мақсаттары жүзеге асырылады. Кезінде технологиялық картаны меңгерген мектепалды даярлық сыныбының педагогтеріне қысқамерзімді жоспар үлгілерімен жұмыс істеу қиындық туғызбайды, өйткені екі үлгінің құрастыру тәсілдері айтарлықтай ұқсас.

Осылайша, мектепке дейінгі даярлық ОӘК-нің жаңа үлгісіне тиімді өту мектепалды даярлық пен бастауыш мектепте оқыту мазмұнының сапалы сабақтастық байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Астана, 2016.
2. https://www. stihi.ru/2012/08/01/ 7434
3. Сборник загадок http://www.vsezagadki.ru/2010/01/zagadki-o-vremeni-i-vremenax-goda/
4. http://prazdnovik.ru/zagadki-pro-geroev-russkix-narodnyx-skazok.html
5. http://deti-online.com/zagadki/zagadki-ovoschi-frukty/-Жұмбақтар.
6. Источник: http://doshvozrast.ru/konspekt/poznovrazv15.htm
7. Задачи в стихах: http://ped-kopilka.ru/blogs/elena-anatolevna-kovaleva/zadachi-v-stihah-dlja-starshih-doshkolnikov-i-mladshih-shkolnikov.html

**Мазмұны**

Түсіндірме жазба......................................................................................................3

Ұзақмерзімді жоспарлау. І жартыжылдық...............................................................7
ІІ жартыжылдық ......................................................................................................10
Қысқамерзімді жоспарлау.......................................................................................13
ҰОҚ-де пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар сөздігі ......................151
Қосымша материалдар. Сергіту жаттығулары .....................................................155
Қосымша................................................................................................................162
Пайдаланған әдебиеттер ........................................................................................165

*Оқулық басылым*

Ақпаева Әсел Бакировна
Лебедева Лариса Анатольевна
Өтемісова Жанна Ербосыновна

**ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Әдістемелік нұсқау**
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды дайындық тобы мен сыныбы педагогтеріне арналған

Методист Б.С. Тажинова
Редакторы Л.С. Ахметова

Басуға 26.07.2017 ж. қол қойылды.
Пішімі 60х84$^{1}/_{8}$.
Әріп түрі «Times New Roman».
Таралымы 1300 дана. Тапсырыс № 1398.

Қазақстан Республикасы,
«Алматыкітап баспасы» ЖШС,
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй,
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz
www.almatykitap.kz

*Учебное издание*

Акпаева Асель Бакировна
Лебедева Лариса Анатольевна
Утемисова Жанна Ербосыновна

**ФОРМИРОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТАРНЫХ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ**

**Методическое руководство**
для педагогов предшкольных групп и классов по Типовой учебной программе дошкольного воспитания и обучения

Методист Б. С. Тажинова
Редактор Л.С. Ахметова

Подписано в печать 26.07.2017 г.
Формат 60х84$^{1}/_{8}$.
Гарнитура «Times New Roman».
Тираж 1300 экз. Заказ № 1398

Республика Казахстан,
ТОО «Алматыкітап баспасы»
050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,
тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz
www.almatykitap.kz